– Осы жылдары терминжасамның ерекшеліктері, терминтану тарихы мен келешегі және басқа да терминология саласындағы өзекті мәселелер жүйеге түсуде. Қазақ терминологиясының ұлттық ерекшеліктерін жаңғырту жұмыстары қолға алынды. Нәтижесінде, осы жылдары 18 мың термин бекітілді. Қоғамда терминдерге қатысты сындар айтылып та жүр. Шынында, біз қазақ тілінің сөз байлығына жаңадан сөз жасап емес, әлемде бар терминдерді пайдаланып жетуіміз керек. Бұл біздің информациялық қоғамға қосылуымызға аса қажетті мәселе, – деді Ғ.Есім Үкімет мүшелеріне. Үкімет басшысы Бақытжан Сағынтаевтың пайымдаулары да халықаралық қоғамдастық қабылдаған терминдер тәржіманы қажет етпейді дегенге сайады. «Әлемде 50 мыңнан астам ағылшын тіліндегі сөз халықаралық айналымда қолданылады екен. Яғни, оларды аудармасақ, қазақстандық азамат бірден елу мың ағылшын сөзін біле алады. Демек, оларды орысшаға да, қазақшаға да аударудың қажеті жоқ. Қазақ тілінде де соларды пайдалануға, сөздік қорымызға кіргізуге болады. Сондықтан осы бағыттағы іс-шараларды ары қарай жүзеге асыруды Мәдениет және спорт министрлігіне жүктеймін!» деді Премьер Б.Сағынтаев.

«Бір минут ішінде ағылшынша мыңдаған сөзді жаттап ала аласыз десем, сенесіз бе? Сенбеуіңіз мүмкін, бірақ шыны солай! Ол үшін қазақ тілділерге де түсінікті халықаралық терминдердің соңғы «-ация», «-иция» жұрнақтарын «-ейшән» мен «-ушәнге» ауыстырсаңыз болды. Мысалы, конституция ағылшын тілінде «конститушән», модернизация – «модернизейшән», приватизация – «приватизейшән» деп кете береді. Бірақ күнделікті өмірде, ауызекі тілдесуде бұл білім ағылшын тілді шетелдікпен тілдесуге жарамауы да мүмкін. Айталық, сіз одан қаладағы көрнекті орынға, қонақүйге қалай баруға болатынын білгіңіз келіп, жол сұрасаңыз, «-шәнмен» бітетін бір сөзді таппай қаларыңыз сөзсіз» дейді тіл маманы. Үкімет отырысынан кейін өткен баспасөз мәслихатында қазақ тіліне «елу мың кірме сөздің құйылатындығына» қатысты қауіптерін тілшілер қауымы сұраққа орап ұсынды. «Неге «қылтима», «шаптырма» сияқты сөздерге жабысып қалдыңыздар? Қазақ тілі өткен жылдарда қаншама сәтті аударылған терминдермен толықты. Кезінде Ісләм Жарылғаповтың «остановканы» – аялдама, «мороженое» балмұздақ деп аударғандары қолданысқа емін-еркін енді. Енді ондай аудармаларға қолдау болмай ма?» деп сұрады қатысушылар.

– Біз қазақ сөздерінің термин ретінде бекітілуіне еш қарсы емеспіз. Кезінде Ахмет Байтұрсынұлының, Халел Досмұхамедұлының, Міржақып Дулатұлының, Елдес Омаровтың, кейіндері Ісләм Жарылғаповтың, Кеңес Юсуповтың, қаншама жазушылардың бастаған терминжасам жұмыстары жалғаса береді. Бірақ біз талдау барысында терминологиядағы кейбір ағаттықтардың себебін түсіндік: біз термин жасауда сөзбе-сөз аудармамен шұғылданып кеттік. Оның орнына қазақша терминде дәл ұғым берілуі керек.

Жоғарыда аталған және басқа да тіл мамандары термин жасаған кезде, ең бастысы ұғымын берген. Сол себепті, біз қазір ғалымдармен бірге, қолданыстағы терминдердің 29 томдығына лингвистикалық сараптама жүргізіп жатырмыз. Егер мағынасы, ұғымы дәл аударылса, соны қабылдаймыз, – деді Ш.Шаяхметов атындағы тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру әдістемелік орталығы.

Мәдениет және спорт министрлігінің Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитеті төрағасының орынбасары Ғалымжан Мелдешев Терминология комиссиясы бекіткен терминдердің жалпы саны 18 мыңды құрайтынын айтады. 2014-2016 жылдар аралығында 8 мың термин бекітілген. Жалпы, терминология секілді күрделі мәселеде біржақты келуге болмайды. Барлық қыры ескерілгені маңызды.

Біз халықаралық ұғымдарды аударумен елігіп кетпеуіміз керек. Рас, олардың ішінде ассимиляцияға ұшырайтын сөздер бар, мысалға, «самовар» – самаурын, «поезд» – пойыз. Егер барлық тілдерден, әсіресе Батыстан еніп жатқан сөздерді тегіс аудармай қалдыра беретін болсақ, бірнеше жылдан кейін үлкен проблемаға ұрынарымыз сөзсіз. Біз қазақтардың мінезіне, діліне, қабылдау түсінігіне қарай, сөздерді шама келгенше аударуымыз керек. Мағынасын дұрыс бермесе, халықаралық терминді қабылдаймыз. Мәселен, авария сөзін «апат» деп аударып жүрміз. Бірақ оның маңынасы кең. Біле білсеңіз, «авария» – зақым келтіру дегенді білдіретін арабтың «авар» сөзінен шыққан. Сол себепті біз әркез сөздің түп-төркініне мән беріп, мағынасына сай аударма жасауымыз керек, – деп түйді министрлік комитеті төрағасының орынбасары Ғ.Мелдешев. Бұл ретте министрлік өкілдері сынау үшін жиі ауызға алатын «шаптырма» (фонтан), «қылтима» (балкон) секілді сөздердің термин ретінде еш жерде бекітілмегенін, ауызекі тілде, не көркем әдебиетте әзіл ретінде қолданылатынын мойындады. «Шаптырманы да, күйсандықты да, сазгерді де Терминком ешқашан бекітпеген. Бұлар тек ауызекі тілде қолданылады, ресми құжаттарда пайдаланылмайды. Олар бекітілмегендіктен, жай сөз, атау ретінде қалады: ал атау бір басқа да, термин бір басқа!». Ендеше бұлар бұдан былай қазақ тілді терминжасамды сынауда да қолданылмауға тиісті.

Ол «мемлекеттік тіл тіршілік әрекетінің барлық саласында белсенді түрде қолданыста болуы үшін Қазақстанның терминологиялық қоры ұлғайтылуы керек» дегенді айтты.

Белгілі болғанындай, ел Үкіметі биылғы 2017 жылы termincom.kz сайтын жетілдіруді жоспарлап отыр. Онда халық әр жаңа сөздің қайдан шыққанын түсінуі үшін сөздердің этимологиясы енгізіледі. Мемлекет ендігі терминдерді бекіту кезінде халықаралық тәжірибеге сүйенетін, Жапония, Корей және басқа да дамыған елдерде қалай қабылданғанын зерделейтін көрінеді.

Англицизмдердің тек ғылымда ғана емес, қарапайым өмірде де үстем бола бастауы көрші Ресей ғалымдары мен зиялы қауым өкілдерін де алаңдатып отыр екен. Есімі шетелге мәлім ресейлік филолог, орыс-американдық философ, жазушы, «Дар слова. Проективный лексикон» сөздігін құрастырушы Михаил Эпштейн қазір біз қолданып жүрген терминдер мен сөздердің кезінде басқаша мағына бергенін еске салады. – «Интерес» деген сөз мысалы, латынның inter esse – «арасында болу» сөзінен шыққан. Қазір ол мағынадан айырылған. Өйткені ол мағынасын сақтаса, мағынасыз бірдеңе шығар еді. Егер әлденеге ықыласыңыз ауса, «Маған бұл арасында болу» демейміз, «маған бұл қызықты» дейміз ғой. Ресейде Велимир Хлебников он мыңнан астам жаңа сөз ойлап тауып, басты. Оның арасында кереметтері де жетерлік. Мысалы, «пастбище» мен «лежбищеге» ұқсастырып, заттар жайыла шашылып жатқан жерді «вещьбище» деп атауды ұсынады. Мен де «Дар слова» жобасы аясында мыңнан астам сөз жасадым. Бірақ жаңа сөздердің бәрі бірдей өз заманында мағыналы болып көріне бермейді. Қабылдануы үшін уақыт керек болар. Сәтті аударылған терминдерді уақытында танып білу – лингвистердің және термин бекітушілердің қасиетті парызы, – дейді Михаил Эпштейн.

ӘДЕБИЕТ

[1] Что такое термин и терминология. Ин-т языкознания АН ССР. Реформатский А.А. М.,1959. - 14с.

[2] О некоторых аспектах лингвистического и информационного изучения терминов// Место терминологии в системе современных наук. Научный симпозиум. Головин Б.Н.- М., 1970.

[3] Терминология и семиотяка// Человек и его язык. Будагов Р.А. 2-ое изд. М., 1976. С. 245-252.

[4] Терминтану: оқу құралы. Құрманбайұлы Ш. Алматы: "Атлас "баспасы – 2006 -240

[5] Біләл Ш. Терминология - ғылымтану ілімінің негізгі саласы//"Ана тілі" газеті. 2003, мамырдың 22-сі.

[6] Терминология дербес ғылым емес//" Момынова Б. Ана тілі" газеті. 2004, наурыздың 18-і.

[7] Құттыбай Ахметов, мақалалары. Астана қаласы С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, халықаралық ақпараттандыру Академиясының мүше-корреспонденті. https://egemen.kz/article/163570-zholdau-2018-bilim

УДК 001.4

А. Өтепова[1,a], Л.А. Бугенова[1,a]

[1]М. Тынышбаев атындағы Қзақ көлік және коммуникациялар академисы, Алматы қ., Қазақстан

[a]lelya2106@bk.ru

ТЕРМИН ЖӘНЕ ТЕРМИН ЖАСАМ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Андатпа. Бұл мақалада қазақ тілінің терминологиясы, оны қалыптастыру және күнделікті өмірде қолдану мәселесі қарастырылған. Кейбір сөздер мен терминдер мен терминологиялық тіркестердің талдауы берілген. Латын әліпбиіне ауысу саясаты арқылы терминологиялық қорды тұрақтандыруға мүмкіндік қарастырылған.

Түйінді сөздер: терминология, қателіктер, терминжасам, адуару, мемлекеттік бағдарлама, латын әліпбиі

Аннотация. В данной статье рассматривается вопрос о терминологии казахского языка, проблемах формирования и применения терминов в повседневной жизни и науке. Представлен анализ некоторых слов и терминологических сочетаний. Показана перспектива возможности упрочнения терминологии при постепенном переходе казахского языка на латинскую графику.

Ключевые слова: терминология, ошибки, терминообразование, перевод, государственная программа, латинский алфавит

Abstract. This article discusses the question of the Kazakh language terminology, the problems of the formation and use of terms in everyday life and science. The analysis of some words and terminological combinations is presented. The perspective of the possibility of strengthening the terminology with the gradual transition of the Kazakh language to the Latin script is shown.

Key words: terminology, errors, term formation, translation, state program, Latin alphabet

Бүгінгі күнге дейін қиындық туғызып, терминдік қателіктерге толы қандайда бір мәтіндер қазақ тілінде әлі де көптеп кездеседі. Бұл терминжасам және аударма процестерінің дұрыс ұйымдастырылмауынан болып отыр, өйткені көптеген жағдайда техникалық мәтін филолог-аудармашы маманға түскен кезде, оның бұл техника саласында біліктілігі жоқ екені, кейде бұндай тақырыптағы мәтінді алғаш рет көріп отырғанын да ескерілуі қажет. Алайда, ол қолдана алатын терминологиялық сөздіктер аздың қасында.

Жиырмасыншы ғасыр басындағы қазақ зиялыларының қайсысын алмасақ та, бәрі де өз саласында терминология мәселесіне тоқтай кеткені баршамызға мәлім (А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, М.Жұмабаев, С.Аспандияров, Қ.Кемеңгерұлы, Ә.Марғұлан, М.Әуезов және т.б.). Әсіресе Ахмет Байтұрсынұлының термин жасаудағы, ал Құдайберген

Жұбановтың «О специфике слов-терминов», «О терминологии казахского литературного языка, принимаемые государственной терминологической комиссией, «К пересмотру казахской орфографии», «Термин сөздердің спецификасы» деген еңбектерінің рөлдері зор.

Тәуелсіздік алғанымыздан соң термин жасам саласында көп іс тындырылды: Қазақстан Республикасының ата заңының 7 бабында мемлекеттік тіл орны бапталған, Қазақстан Республикасының Үкіметі жанынан Терминологиялық комиссия құрылды және мақұлданған терминдер Терминологиялық хабаршы жинағына шығарылды. Заңнамалық дәрежеде тілдің құқықтық негіздерін орнықтыратын 1997 жылғы 11 шілдеде «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңы қабылданды, Қазақстан Республикасы Президентінің «Тілдерді қолдану аясын кеңіту және дамытудың мемлекеттік бағдарламалары» әзірленді, қазіргі кезде Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 29 маусымдағы №110 Жарлығымен «Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 1 ақпандағы №922 «Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары туралы» Жарлығын іске асыру мақсатында құрастырылды. Айтылып отырған бағдарламаларда терминологиялық мәселелерге ерекше назар аударылған [1].

Тіл - тірі организм секілді үнемі даму, өсу үстінде болады. Ал, қазақ тілінің жайына келетін болсақ, Қазақстан Республикасының Президенті өз сөзінде «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде» деп бекер айтпаса керек. Тіліміздің ғылым мен техника саласындағы көптеген лингвисттер мен терминолог-ғалымдар (Ө.Айтбайұлы, І.Кеңесбаев, Т.Жанұзақов, Ш.Сарыбаев, Б. Қалиұлы, Б. Момынова және т.б.) терминжасам және жалпы терминология мәселесіне көңіл аударткан болатын.

Ө. Айтбайұлы термин туралы былай тұжырымдайды: «термин дегеніміз ғылыми немесе индустриалды-техника салаларындағы ерекше қолданыстағы атаулар немесе атау сөздер» [2, 12].

Тіл – қоғаммдық құбылыс және де ол үнемі өзгеретін әрі құбылып тұратын дүние. Сондықтан қайсыбір термин белгілі бір кезеңде өз міндетін атқарып, кейіннен оның халық ұғымына оңтайлы, сәтті баламасы табылып жатса, оны неге қолданысқа енгізбеске. Мәселен, күнде қарапайым халық пайдаланып жүрген «Әкім» (қала, аудан әкімі) сөзі «администратор» деген сөзін аударғанда да қолдана бастады (1992 ж.), алайда бұл екі сөз әртүрлі қызметті атқаратын адамның лауазымдарын білдіретіндіктен, «администратор» - «әкімші» болып өзгертіліп қолданысқа енді. Осыған ұқсас «Акимат» сөзі «Әкімшілік» - «Әкімият» - «Әкімдік». Қазіргі кезде «Әкімшілік» сөзі тек «Президент Администрациясының» баламасы ретінде, «Әкімдік» сөзі «Акиматтың» баламасы болып пайдаланылып жүр. Бұл тұста түсінбестік туғызып келе жатқан мәселе, аудан, облыс әкімдіктері сол бұрынғы бекітілген терминдердің қолданылып келе жатқандығы. Оған бұлар «тиісті заңдарда солай қолданылып жүр» деп уәж айтады. Бұдан шығатын қорытынды терминдер заңмен бекітілгеннен кейін, тиісті нормативтік актілерге (кесімдерге) өзгерістер енгізілуі тиіс деген ойдамыз. Осы ойымызды филология ғылымдарының докторы Б. Момынова атап кетті: «Егер бірегейлеуге осы жағынан келсек, Терминологиялық комиссияның заңдық тұғырын әлде де күшейте түсу қажет болады. Заңды сақтамайтын қоғамдық орындарға, жалпы қоғам мүшелеріне белгілі бір дәрежеде жауапкершілік арттыру керек» [3].

Дегенмен әлі де ойласуды, бірте бірте ауыстыруды қажет ететін терминдер жетерлік. Мысалы: ғаныш - гипс, тәкапарлар бұлшық еті - мышца гордецов, кезеген жүйе - нерв блуждающий (медицина); піспек - поршень, ішпек – подшипник (техника) тағы басқалар. Сәтті балама табылмай жүрген сөздердің бірі раздел – бөлім, отдел – бөлім – часть – бөлім; отделение – бөлімше, подразделение – бөлімше; договор - шарт, условия – шарт (Условия договора), утвержение – бекіту, закрепление – бекіту (утвердить закрепление), служба – деятельность. «Календарь» деген сөзді «күнтізбе» деп аламыз,

алайда «настольный календарь, отрывной календарь, настенный календарь» дегендерді қалай атауды білмейміз. Осыған байланысты Шора Сарыбаев былай деген: «Осы сияқты әр салада халықаралық сөздер самсап тұр. Бұлардың өз тілімізде баламасы жоқ, сондықтан бұл сөздерді «тілімізді шұбарлайды» деп емес, оны «байытып отырған сөздік қор» деп есептеуіміз керек. Арамызда «мұндай сөздерді аудармасақ, тіліміздің айырылып қаламыз» деп қауіптенетіндер кездеседі» [4]. Аталған сөздер әсіресе қатарласа, қабаттаса келген кезде аудармашылар қиналып қалып жатады.

«Аударуды қажет етпейтін терминдерді қазақшалаймыз деп қателіктерге ұрыну жиі ұшырасады. Мәселен, эпонимдерді аударудың еш реті жоқ. Алгоритимді бағдаржол деп аударудың ешқандай қисынға келмейтіні анық. Алгоритм адам аты - «әл Хорезми», сондықтан оның аударудың қажетсіздігі өзінен өзі түсінікті. Бұл жөнінде айтылып та жазылып та жүргеніне қарамастан бағдаржол терминін қалыптастыруға ұмтылушылар бар» [5]. Кезінде «лицензия» сөзін «рұқсат қағаз» деп алып, оның беделін «пропускке» дейін түсіріп тастаған, алайда қайта «лицензия» деп бекітті. Біздің ойымызша, акциз, аукцион, демпинг, сертификат, субсидия, тариф, лицензия тағы басқа халықаралық терминдерді де осы күйінде қалдырған жөн.

Сонымен қатар жекелеген аудармашылар, тілшілер тарапынан кейбір халықаралық терминдерді зорлап ұлттандыруы қарын ашыртады. Мәселен, телефон – сымтемір, радио – үнжария, директор – мүдір, министр – уәзір, тираж – ұзынсан, техника – жасалым, рецепт – ішірткі сөздерін тап осы күйінде бекіте салу асығыстық болар еді. Сондықтан халықаралық терминдерді аудару және оларды бекіту кезінде аса сақтықпен қарау қажет сияқты.

Осыған байланысты Қазақстан Республикасының Президенті 2018 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Халқына жолдауында әлемде бірыңғай қолданып жатқан халықаралық терминдеріне, атап айтқанда «ғаламтор» - «Интернет», «қолтырауын» - «крокодил», «күй сандық» - «фортепиано» деген сөздерге тоқтала кетті: «Если мы хотим, чтобы казахский язык жил в веках, нужно его осовременить, не утяжеляя избыточной терминологией. Однако за последние годы на казахский язык было переведено семь тысяч устоявшихся и общепринятых в мире терминов». Президент осындай аудармалардың негізделуіне және терминологиялық деңгейде қазақ тілін халықаралық дәрежеге жақындатуды ұсынды, ал бұл іске қазақ тілі әліпбиінің латын қаріпіне аусуы зор үлесін қосатынына кәміл сенімді [6].

Қорыта айтқанда, кейбір терминдер мағынасы, қолданысы, ұғымы тұрғысынан еш қисынға келмегенімен, айтыла айтыла құлаққа сіңісті болып, күнделікті пайдаланысқа еніп кетуі ғажап емес. Ал оның шығу тегін зерттеген келер ұрпақ кейін күліп жүрсе қайтеміз. Әрине, терминдерді жасауға барша халық қатыстырылуы керек. Бірақ, олар салалық мамандардың, тілшілердің сүзгісінен өтсе ғана қазіргідей алаңдаушылық тумас еді дегіміз келеді.

ӘДЕБИЕТ

[1] Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 29 маусымдағы №110 Жарлығымен «Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» / http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1100000110 (жолдану күні 16.03.18)

[2] Айтбайұлы Ө. Қазақ сөзі: антология. – Павлодар, 2010. – 262 б.

[3] Момынова Б. // «Ана тілі» газеті, 2004 жылғы 18.

[4] Әбединова С. Терминология тығырыққа тірелді // Айқын республикалық қоғамдық-саяси газет / http://www.aikyn.kz/index.php?option=com_content&task=view&id=1075&Itemid=2 (жолдану күні 16.03.18)

[5] Құрманбайұлы Ш. // «Терминологиялық хабаршы» Терминологиялық хабаршы, № 3 (5), Астана, 2003 жыл.

[6] https://ru.sputniknews.kz/society/20180110/4232754/nazarbaev-s-perevodom-nekotoryh-terminov-na-kazahskij-dohodit-do-smeshnogo.html (жолдану күні 16.03.18)

УДК 378:811.111

Ф.И. Смаилова[1,a], Р. Нарынбай[1,b]
[1]Kazakh Academy of Transport and Communications named after M. Tynyshpayev, Almaty, Kazakhstan
[a]smailova_feruza@mail.ru, [b]r.narynbay@gmail.com

THE BENEFITS OF MULTILINGUAL EDUCATION

Abstract. This article is devoted to the realities of present stage of the development of Kazakhstan society, the language situation with a long history of people, nations, cultures that currently offer to develop the basic principles and methodological approaches to the preparation and formation of multilingual specialist.

Key words: Multilingual education; social-economic development; state language; independence; interethnic communication; international experience.

Аннотация. В данной статье раскрываются реалии современного этапа развития казахстанского общества, языковой ситуации с многовековой историей, в которой переплелись народы, нации, культуры, которые в настоящее время диктуют необходимость разработки основных методических принципов и подходов к подготовке и формированию полиязычного разностороннего специалиста.

Ключевые слова: полиязычное образование; социально-экономическое развитие; государственный язык; независимость; межэтническое общение; международный опыт.

Андатпа. Мақалада көптілді жан-жақты маманды дайындау және қалыптастырудың әдістемелік ұстанымдарын жасау қажеттілігін талап етіп отырған тілдік жағдайдың Қазақстандық қоғам дамуының қазіргі кезеңде даму мәселелері қарастырылады.

Түйінді сөздер: Көптілді оқыту; әлеуметтік-экономикалық даму; мемлекеттік тіл; тәуелсіздік; этносаралық қарым-қатынас; халықаралық тәжірибе.

Multilingualism is the ability of an individual speaker or a community of speakers to communicate effectively in three or more languages. Contrast with monolingualism is the ability to use only one language. A person who can speak multiple languages is known as a polyglot or a multilingual [1].

Historical development of multilingualism in Kazakhstan consists of several stages. In the current times of rapidly developing technological progresses, the development of quality education and educated youth is very important. For this reason, a number of state projects and programs were developed in the education system. On the basis of these programs professional development courses for teachers of secondary schools were organized.

The multilingualism has been historically thoroughly investigated but nowadays it is studied as lingual essence of everyday lingual life. The problem of multilingualism is the topic of different investigations in the field of modern linguistics. They are focusing at the interaction of various ethnical groups cultures in the multinational societies. It is caused by intensification of inter-ethnic interaction, bilingualism being one of its main characteristics. The formation of the bilingualism and multilingualism is implemented in the conditions of the cultures mutual penetration which is a norm for a modern civilized society functioning. The interaction of languages predetermines the necessity of wide range practical measures aiming the inter-ethnic interaction improvement development.

Multilingualism is a concept widely spread in the vast multi-ethnic geographical space. The situation in Kazakhstan reflects this concept. Today, more than 130 nationalities live in Kazakhstan. The majority of people of Slavic origin mainly speak only one language, whereas the majority of Kazakhs speak two languages. Multilingualism is prevailing among Uighur, Uzbek, Dungan, Turkish, Azerbaijani, Tajik, Tatar, and other ethnic groups. In German, Korean, and Chechen communities, multilingualism is also more frequent phenomenon. Due to the recent

government attention to the knowledge of multiple languages, multilingualism is growing among the Kazakhs, too. According to the 1989 data, in the former Soviet Union, 73 mln people (23.4%) were bilingual; the Russian language was the second language of 61 mln people. A small group of them were multilingual (polyglot) [2].

Nowadays in Kazakhstan multilingualism becomes the trend with the English language gaining growing popularity alongside the two existing languages (i.e. the Kazakh as the only official language and Russian widely used as a language of interethnic communication). While English is regarded as a condition for successful integration into the global economy and becomes one of the priorities of the state policy, there are some concerns towards the role of English in the development of linguistic balance in Kazakhstan. The survey shows that English is currently mainly used at workplace and for specific purposes such as emails, writing a business letter, business trip abroad, etc. In terms of motives of learning English, developing international outlook, career development and personal growth have been mentioned as the most common reasons of English proficiency among Kazakhstani business professionals.

Continuing the above discussion, in today's world in general, and in megacities in particular, people are living in the multilingual environment. Such phenomenon as multilingualism is widespread. Our country is also experiencing this global process. One of the main directions of social-economic development of today's Kazakhstan is to develop an environment where the citizens would speak three languages.

Kazakhstan President Nursultan Nazarbayev presented his idea of the use of three languages for the first time in 2006 in his speech at the Assembly of People of Kazakhstan. In his 2007 annual address themed "New Kazakhstan in a New World", the President proposed gradual implementation of the "Trinity of languages" cultural project. In the 2008 address, he declared that "the Government should accelerate the implementation of the "Trinity of languages" project and should urgently improve the quality of teaching the Kazakh language, as the state language that unites our entire society" [3].

Thus, the Kazakh language was determined as the state language, the Russian language is now the language of interethnic communication, and the English language serves for integration of our country into the world economy and global society. Apart from this, in his address to the people of Kazakhstan "Building the future together" in 2011, the President stated, "I always say that knowing three languages is essential for the success of every Kazakhstani. Our task is to raise the number of citizens speaking the state language up to 80% by 2017. I think, by 2020, the number of Kazakhstanis speaking English should reach 20%" [4].

After Kazakhstan gained the independence, the Constitution of the country declared the Kazakh language as the state language and the Russian language as the official language. The document's main purpose was to preserve the interethnic integrity and to avoid the dysfunction of the language environment of the society. That is why Russian was given the status of the language of friendship, peace and interethnic communication. In the context of globalization, the demand for the knowledge of English is undeniable.

Therefore, the education institutions are the main organs responsible for the implementation of the "Trinity of languages" policy in quantitative and qualitative terms. For the implementation of multilingual teaching, we should first solve a variety of issues, such as the study of international experience in multilingual education; the personnel training and their availability; availability of material resources, and etc. Until proper solutions to these issues are found, the implementation of the planned program will create a number of difficulties.

The program of development of education system in the Republic of Kazakhstan for the years 2011- 2020 was approved for the purpose of implementation of decree №922 of the President of Kazakhstan dated February 1, 2010 "On the strategic development of the Republic of Kazakhstan till 2020" [5]. According to this program, starting from 2011, the multilingual teaching staff training is carried out. For this training, the state compulsory education standard foresees the increase in number of credits for foreign languages in the cycle of basic classes; and

changes are introduced to the education programs. It is expected to increase the number of teachers of natural sciences and mathematics speaking three languages up to 15% by 2020. The network of specialized secondary schools for gifted children has been also formed. There are 33 schools teaching in three languages in the country today [6]. In these schools, mathematics, physics, chemistry, and biology are taught in English. Educational and cultural activities to increase students' interest in the discipline and to improve the level of education and self-discipline, as well as creative work weeks, creative work ten days, and other cultural events are carried out in three languages.

The development of teaching the Russian and English languages is planned as follows in this program: the share of citizens knowing Russian should reach 90% of total population by 2020; the share of citizens speaking English should be 20% by 2020. Head of State Nursultan Nazarbayev has said: "We must put all our effort on development of the Kazakh language as a main factor of unity of all Kazakhstani people. Besides, we need to provide every opportunity to different nationalities living in our country to speak, learn and develop their own mother tongues".

Thus, the Kazakh language was determined as the state language, the Russian language is now the language of interethnic communication, and the English language serves for integration of our country into the world economy and global society. Apart from this, in his address to the people of Kazakhstan "Building the future together" in 2011, the President stated, "I always say that knowing three languages is essential for the success of every Kazakhstani. Our task is to raise the number of citizens speaking the state language up to 80% by 2017. I think, by 2020, the number of Kazakhstanis speaking English should reach 20%" [4].

Nowadays the language policy is realized in accordance to the "Kazakhstan Republic Language Law" and Republic's Constitution. According to the law the status of the Kazakh language is determined as official. But nevertheless there is a complicated language situation in Kazakhstan: the Kazakh language is not functioning in full as an official one, the youth takes a fancy to foreign languages and actively learns them (especially English); the 'Pigeon' language is developing ('pigeon' means mixed, for example, Russian – Kazakh or Kazakh - Russian). In this connection we needed a fast qualitative-quantitative solution of the problem at all levels of official and non-official lingual communication.

The goals of state program on the development of languages in the Republic of Kazakhstan for 2011-2020 are the following:

- Improvement and standardization of the teaching methodology of the state language;
- Development of infrastructure for teaching the state language;
- Stimulation of the process of learning the state language;
- Strengthening the status of the state language;
- Increasing the demand for the state language;
- Improvement and systematization of lexical resources of the Kazakh language;
- Enhancement of the language culture;
- Functioning of the Russian language in the communicative language space;
- Preservation of the linguistic diversity;
- Learning English and other foreign languages

In conclusion, we claim that multilingualism is the need of the globalizing world. We appreciate the trinity of languages as the phenomenon strategically significant for our independent country. To meet the needs of the society, we find the important knowledge of Kazakh, Russian and English languages. It should also be emphasized that in the language policy, the role of the state language – the Kazakh language – is especially significant. Without the state of preparation of experts translation - scientific, artistic, etc., teachers of foreign languages in the Kazakh language, and without dictionaries, textbooks can not be overcome isolation language and dependence on Russian as the language of translation and foreign

language learning. Language situation complicates by the fact that the project "Trinity of languages" officially served as the three languages (the trinity of languages), i.e. Obligatory, mass knowledge of three languages rather than as trilingual education. Trilingual education - the study of two foreign languages on the basis of the state language, which is in some European countries. This approach is more suitable for trilingual education in Kazakhstan. In England, we started in school to study two foreign languages on the basis of the English language. Of course, some of the pupils, students, professionals in Europe speak three languages.

By the way, this phenomenon occurs in many countries, including ours, but it does not have three languages. Unable to reach a real bilingualism in Kazakhstan started to trilingual education. After learning the Kazakh language in Russian schools does not give tangible results. While the study of two world languages on the basis of the Kazakh language in some linguistic gymnasiums gives good performance. Trilingual education is not contrary to the Constitution of the Republic of Kazakhstan, while the compulsory trilingual does not meet the constitutional standard of languages. "The Trinity of languages" needs careful sociolinguistic analysis; must be scientifically substantiating the educational language program as proposed by President Nursultan Nazarbayev on the study of three languages: Kazakh as the state, Russian as a language of international communication, English as the language of the world economy, is as a foreign language. For in this case - is a language specialist, not a mandatory language.

REFERENCES

[1] en.wikipedia.org/wiki/.

[2] The explanatory dictionary of terms of linguistics – Almaty. "Dictionary", 2005. ISBN 9965-409-88-9.

[3] Nazarbayev N.A. "Increasing the well-being of the people of Kazakhstan is the main goal of the state policy" / The Address of the President of the Republic of Kazakhstan to the People of Kazakhstan. February 6, 2008.

[4] Nazarbayev N.A. "Building the Future Together!" / The Address of the President of the Republic of Kazakhstan to the People of Kazakhstan.

[5] The state program on development and use of languages in the Republic of Kazakhstan for the years 2011-2020.

[6] The state program on development of education in the Republic of Kazakhstan for the years 2011-2020. http://www.edu.gov.kz

[7] Paustovsky K. Budagov R.A. Review. // The problems of linguistics. №4, 1981. – p. 132-135.

[8] Shaimerdenova N.G. Lingual situation in Kazakhstan and translation problems. // Lingual translation problems. – Almaty, 1996. – p. 86-87.

УДК 625.746:811

Р.А. Самсакова[1,a], Р. Д. Каликанов[1,a]

[1]Kazakh Academy of Transport and Communications named after M. Tynyshpayev, Almaty, Kazakhstan

[a]raikhan_atk@mail.ru

CONSTRACTION ENGINEER

Abstract. This article below describes about the work and high responsibility of Highway engineering and on the importance of their knowledge and experience in the area and the ability to properly construct and build highways.

Key words: Highway engineering, future traffic volumes, creation of air and water pollution, noise/vibration generation, damage of natural landscape, and the destruction of a community's social and cultural structure

Аннотация. Ниже представленная статья рассказывает о работе и об ответственности инженеров дорожного строительства, о важности навыков и знаний своего дела и умении правильно конструировать и строить автомобильные дороги.

Ключевые слова: автомобильные дороги, планирование, транспортное движение, экономический рост общества, безопасность дорожной системы.

Аңдатпа. Бұл мақалада жол жасау инженерлерінің жұмысы және олардың жауапкершіліктері туралы айтылады. Сондай ақ олардың өз жұмысын білу дәрежесінің және оны қолданып дұрыс жол жасаудың қаншалықты маңызды екендігі туралы айтылады.

Түйінді сөздер: жол жасау қаупсіздігі, табиғатқа ықпалы, транспорт ағылымы, жоспарлау, өлшеу.

Highway engineering is an engineering discipline branching from civil engineering that involves the planning, design, construction, operation, and maintenance of roads, bridges, and tunnels to ensure safe and effective transportation of people and goods. Highway engineering became prominent towards the latter half of the 20th Century after World War II. Standards of highway engineering are continuously being improved. Highway engineers must take into account future traffic flows, design of highway intersections/interchanges, geometric alignment and design, highway pavement materials

The beginning of road construction could be dated to the time of the Romans.[2] With the advancement of technology from carriages pulled by two horses to vehicles with power equivalent to 100 horses, road development had to follow suit. The construction of modern highways did not begin until the late 19th to early 20th century.[2]

The first research dedicated to highway engineering was initiated in the United Kingdom with the introduction of the Transport Research Laboratory (TRL), in 1930. With technology out of date, in 1958 the construction of the first motorway in Great Britain (the Preston bypass) played a major role in the development of new pavement technology.

Design policies standards used in the United States are typically based on publications of the American Association of State Highway and Transportation Officials as well as research promulgated by the Transportation Research Board, the Institute of Transportation Engineers, the Federal Highway Administration, and the Department of Transportation.

Highway planning involves the estimation of current and future traffic volumes on a road network. Highway engineers strive to predict and analyze all possible civil impacts of highway systems. Some considerations are the adverse effects on the environment, such as noise pollution, air pollution, water pollution, and other ecological impacts.

Environmental impact assessment

The economic growth of a community is dependent upon highway development to enhance mobility. However, improperly planned, designed, constructed, and maintained highways can disrupt the social and economic characteristics of any size community. Common adverse impacts to highway development include damage of habitat and bio-diversity, creation of air and water pollution, noise/vibration generation, damage of natural landscape, and the destruction of a community's social and cultural structure. Highway infrastructure must be constructed and maintained to high qualities and standards.

Highway safety

Management of safety is a systematic process that strives to reduce the occurrence and severity of traffic accidents. The key for increasing the safety of highway systems is to design, build, and maintain them to be far more tolerant of the average range of this man/machine interaction with highways. Technological advancements in highway engineering have improved the design, construction, and maintenance methods used over the years. These advancements have allowed for newer highway safety innovations.

By ensuring that all situations and opportunities are identified, considered, and implemented as appropriate, they can be evaluated in every phase of highway planning, design, construction, maintenance, and operation to increase the safety of our highway systems.

Geometric design

Highway and transportation engineers must meet many safety, service, and performance standards when designing highways for certain site topography. Highway geometric design primarily refers to the visible elements of the highways. Highway engineers who design the geometry of highways must also consider environmental and social effects of the design on the surrounding infrastructure.[9]

With the advancement of technology, a large majority of engineers are designing roads and highways using civil design software. There are myriad design technologies, some of which include singular platforms that utilize civil-engineer-oriented CAD technologies, while others are multi-software platforms customized to fit basic design needs.

In considering the most appropriate civil design software, it's important for the engineer to know exactly the type of works that are being proposed and match these with the abilities and outputs of the design software. To help with this process, teams should decide upon factors such as how often they plan on using the technologies, whether they're seeking a simple add-on or an extensive platform, and the overall purpose of the software.

Civil design teams will also want to consider other factors:

Client preference – Some clients may have particular requirements in regards to how their infrastructures are designed. Thus, if you're running CAD software that they're uncomfortable with, they might select a company that can exactly meet their needs. Note: Some of the add-on design software can run parallel or on-top of CAD platforms, so adhering to client preference is not entirely as difficult as it may sound.

Employees' CAD skill levels – Naturally, some employees – especially recent graduates –will have been trained on only one CAD software system. Thus, learning a new system could be quite a process. To keep training delays to a minimum, engineering teams may want to consider purchasing the most popular software that the industry offers.

Cost – Civil engineering design technologies can be extremely expensive, so teams should keep in mind what offers the best long-term return on investment.

Technological resources – CAD files can be quite massive, and if computers don't have enough bandwidth, these large files could slow down overall performance. To prevent this, teams should consider their overall technological resources, such as computer hardware, external hard drives, bandwidth extension, and memory upgrades.

There are certain considerations that must be properly addressed in the design process to successfully fit a highway to a site's topography and maintain its safety. Some of these design considerations include:

- Design speed
- Design traffic volume
- Number of lanes
- Level of Service (LOS)
- Sight Distance
- Alignment, super-elevation, and grades
- Cross section
- Lane width
- Horizontal and vertical clearance

Human Factors

While engineers can design and maintain the roadways, one must not forget the component of human beings driving on them. Considering this important factor, engineers must hold themselves responsible for the safety and efficiency of the roadway. To accomplish this task, engineers must thoroughly test designs for safety and practicality. Roundabouts, for example, come in multiple models, many of which provide equal levels of safety. Therefore, to

make a decision, engineers must also consider practicality and efficiency, as some drivers may not know how to navigate some of these roundabouts.

To help quicken the testing process, engineers are now using simulation software to test their designs in a faster, safer, and more efficient manner.

Advancements for Future Travel

Conventional approaches to solving the nation's congestion problem have been to build new infrastructure such as additional lanes, additional alternate routes, and modifications to existing interchanges. However, these are becoming less feasible mainly due to the overall cost of expanding highways and the difficulty in acquiring right-of-way. Considering that our national debt continues to expand, government officials feel that major finances need to be allocated to areas of immediate concern, rather than our roads and highways that, although inadequate, are still able to be traveled upon.

Yet, research has shown that major improvements can be made to our roads and highways without constructing new roads or lanes. For example, major cities have been implementing technology to improve flow and decrease traffic. These technologies, falling under the umbrella term of Intelligent Transportation Systems, are allowing for an increase of testing for previously difficult, complex factors like signal timing for efficiency and proper speed limit range for optimum safety and accessibility.

As one may infer, our nation's need for overall road repair and improvement makes it a great time to be a civil engineer. With highway travel remaining as one of the most important elements supporting the country's economy, federal funds will continue to be allocated for road design, repair, and construction, federal budget concerns notwithstanding. Civil engineers will play a progressively important role in the development of our transportation system, regardless of whether it's in the reconstruction of current roads or designing a faster, more sustainable method of travel in the future.

ЛИТЕРАТУРА

[1] https://www.g2crowd.com/categories/civil-engineering-design#before-you-buy

[2] http://www.infrastructurereportcard.org/a/#p/roads/overview

[3] ttps://www.sustainablehighways.dot.gov/FHWA_Sustainability_Activities_June2014.aspx

[4]http://www.researchgate.net/publication/257894842_Current_Trends_in_Design_and_Construction_of_Concrete_Roads

[5]https://www.pavementpreservation.org/wp-content/uploads/presentations/National%20Trends%20in%20Pavement%20Design.pdf

СЕКЦИЯ № 13

НОВЫЕ СОЦИАЛЬНЫЕ ВОЗМОЖНОСТИ В РАМКАХ РЕАЛИЗАЦИИ ПРОГРАММЫ «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ»

УДК 355.01

М.К. Канагатов[1,a], Ә.Қ.Сердақ[1,b]
[1]М. Тынышбаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясы, Алматы қ., Қазақстан,
[a]m.kanagatov@kazatk.kz, [b]aliya.serdak00@mail.ru

АДАМ КАПИТАЛЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ БІЛІМ БЕРУДІҢ ОРНЫ МЕН РӨЛІ

Аңдатпа. Мақалада адам капиталын қалыптастырудағы білім берудің орны мен рөлі мәдениеттанулық негізде қарастырылған.

Түйінді сөз: Рухани жаңғыру, адам капиталы, ғылым, білім.

Аннотация. В статье рассматривается место и роль образования в процессе формирования человеческого капитала с точки зрения культурологической основы.

Ключевые слова: духовное возрождение, человеческий капитал, наука, образование.

Abstract. The article considers the place and role of education in the process of formation of human capital from the point of view of the cultural basis.

Key words: Spiritual revival, human capital, science, education.

Қазіргі кездегі әлемдік интеграция мен жаһандық деңгейдегі құндылықтардың алмасу дәуірінде Қазақстан қоғамы үшін даму бағдарларын анықтау мен жоспарлауда сананың ашықтығы мен алдыңғы қатарлы жетістіктерді қабылдай білу маңызды орынға ие болуда. Біздікі және өзгенікі деп бөлу мен мәдени оқшаулану жергілікті және жаһандық үдерістерді бұрмалап қабылдауға алып келіп қана қоймай, сондай-ақ ғылыми-техникалық ілгерілеуді тежеп, сыртқы сын-тегеуріндерге икемделіп, бейімделу мүмкіндігін шектейді. Сол себепті де, Елбасы өзінің жолдауында алдымен адам капиталық қалыптастыруды, қалыптастыру үшін білім берудің сапасы мен технологиясын жетілдіру туралы сөз қозғайды. Адам капиталын қалыптастыру тек білім беру арқылы ғана жүзеге асырып қоймайтыны түсінікті, сол үшін де «сана ашықтығы» маңызды орынға шығады. «Сана ашықтығын» жүзеге асыру үшін Елбасымыздың нұсқауы бойынша, қажетті зерденің үш ерекшілігін атап өтеді: бірінші – ол дүйім дүние, яғни әлемдік деңгейдегі ақыл-ой танымын қалыптастыра білу және өзге мәдени құндылықтар жүйесін тану мүмкіндіктері; екіншіден – жаңа технологияларға дайын болу, заманауи ғылыми жетістіктерге негізделген жаңаша білім мен таным әдістерін қамтитын технологияларды меңгеру; үшіншіден – өзгенің тәжірибесін алу, басқа халықтардың, мемлкеттердің тәжірибелік жетістіктерін ала отырып, оны ұлттық мәдени ерекшеліктермен ұштастыру. Сонымен қатар, сананың ашық деңгейде болып, зерденің мүмкіндіктерін игеру үшін қажетті тіл білімі, мәдени толеранттылық пен озық үлгідегі білім жүйесін қалыптастыру қажет. Тарихи тұрғыда қарастырар болсақ, қазақ халқының ғасырлар бойғы өмір тіршілігінде «жақсыдан үйрен, жаманнан жирен» дей отырып, мәдениеті озық елдердің жетістіктерін қабылдап, игеруді мақұлдағанын байқауға болады. Кейінгі ағартушылар Ыбырай Алтынсарин мен Абай Құнанбаевта ел қатарында болу үшін, ешкімнен кем қалмау үшін, өз заманының жетістіктерін игерудің маңызды екенін атап өтеді. Ыбырай Алтынсариннің:

«Өнер - білім бар жұрттар
Тастан сарай салғызды;
Айшылық алыс жерлерден,
Көзіңді ашып - жұмғанша,
Жылдам хабар алғызды.» [1] – деп басталатын өлең жолдарында, ғылым мен білімді болу арқылы Қазақ халқын басқа ұлт-ұлыспен терезесі тең болуға шақырса, Қазақтың бас ақыны Абай атамыз:

«Ғалым болмай немене,
Балалықты қисаңыз?
Болмасаң да ұқсап бақ
Бір ғалымды көрсеңіз.
Ондай болмақ қайда деп,
Айтпа ғылым сүйсеңіз» [2] - деген өлеңімен жас буынды ғылым мен білімге шақырып, сол арқылы қазіргі Қазақстан халқының арман-мақсатын жүз жыл алдында–ақ жеткізе білген. Ал қазіргі XXI ғасырдағы Тәуелсіз Қазақстанның мұрат-тілегін арқалаған Елбасының өз жолдауында көрсеткен сара жолына нақ қол жеткізу үшін, сана төңкерісі, ойлау жүйесін түбегейлі өзгерту қажеттігі бар екендігін, ғылым мен білімнің қадыр-қасиетін түсіну қажет.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың 10 қаңтар 2018 жылғы Қазақстан халқына арналған «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты жолдауында «жаңа әлем көшбасшыларының қатарына қосылу үшін Қазақстанда қажетті нәрсенің бәрі бар екеніне сенім» [3] білдіре отырып, «Адам капиталы – жаңғыру негізі» атты жетінші бөлімінде Қазақстан халқының «Рухани жаңғыру» үшін шешілуі қажет міндеттерді қояды.

Ең басында, «Рухани жаңғыру» мүмкіндіктерін жүзеге асыру мен нақты іс-әрекеттерді орындауда алдымен білім берудің жаңа сапасын жасау маңыздылығын атап өтеді, «барлық жастағы азаматтарды қамтитын білім беру ісінде өзіміздің озық жүйемізді құруды жеделдету қажет», яғни білім берудің өзі ең алдымен халықтық менталитет пен ұлттық дәстүрлі ерекшеліктерге байланысты қайта құрылуы тиіс. Сонымен қатар білім берудің өзі жаһандық құбылмалы өзгерістерге бейімділігінің болуы маңызды шарт саналады. Білім беру үдерісін қалыптастыру барысында, оны жоспарлы түрде халықаралық білім беру стандарттары мен ұлттың білімді игеру ерекшеліктерін ескеру қажеттілігі атап өтіледі. Бұл тұста орта білім беру саласының жаңа мазмұнға көшірілуі жүргізіліп, 2021 жылы аяқтауды мақсат тұтуда. Осындай білім беру саласындағы реформалар өз кезегінде жаңа білім беру бағдарламаларын, жаңаша әдістемелік негіздегі оқулықтарды, стандарттар мен жетекші кадрларды қажет ететіндігін Елбасы атап өтеді. Жаңа белестерге көтерілуді мақсат тұтқан Қазақстанның жаңғыру бағыттары ең алдымен орта білім беру сатыларынан бастау алуының өзі, келелі іс-әрекеттердің бастамасы болып табылады.

Сосын реформалық жаңару сатылары келесі деңгейге өсіп, университеттерге, соның ішіндегі педагогикалық кафедралар мен факультеттерді дамытуға, математика және жаратылыстану ғылымдарын оқыту сапасын күшейтуге бағытталатыны Ел Президентінің жолдауында айқын көрінісін табады. Себебі білім берудің мүмкіндіктерін күшейту арқылы өсіп келе жатқан жас буындарды жаңа технологиялық жетістіктерге баулу жедел қарқынмен орын алатынына кепілдік беріледі. Елбасымыздың жолдауындағы маңызды, әрі табан тіреп тоқтатуға болатын ұғымдардың бірі, ол білім беру мекемелерінің арасындағы бәсеке мүмкіндіктерін арттыру, тек сан мен пайдаға негізделген білім беру ошақтарын өз кезегінде сапалық деңгейде дамыту тетіктерін қарастыру болып табылады. Бәсекеге қабілеттілік қазіргі таңдағы білім беру мекемелерінің басты мәселесі болып отырғаны анық. Ол үшін жеке капиталдар тарту арқылы оқу орындарының материалдық-техникалық базасын жетілдіру мәселесі де қойылады. Сонымен қатар, білім алушылардың

оқу жүктемелерінің салыстырмалы түрде жоғарылығы сапалық жетілуге кедергі келтіретіні, оны төмендету арқылы салалық білім тетіктерін арттыру көзделуде. «Барлық өңірлердегі Оқушылар сарайларының базасында компьютерлерді, лабораторияларды және 3Д-принтерлерді қоса алғанда, барлық қажетті инфрақұрылымдары бар балалар технопарктері мен бизнес-инкубаторларының желісін құру керек» деп, Елбасы өз жолдауында алдымен базалық деңгейдегі даму тетіктеріне баса назар аударуды, сол арқылы жас ұрпақты ғылыми-зерттеу саласына, өндірістік-технологиялық ортаға белсене араластыруды көздейді.

Соңғы ғасырлардағы этнограф-зерттеушілер түріктердің дүниетанымында жанның бұл дүниеде адам тәніне кірмей тұрып, құс бейнесінде көк әлемінде мекен еткендігі туралы сенімнің болғандығын айтады. Орхон ескерткіштерінде Білге қаған мен Күлтегін жайында ”ұшты” сөзі қолданылған. Көне түркілер қағандар мен бектер өлген кезде олардың жандарының құс болып көкке ұшып Тәңірі қасына кететініне сенген. Сондықтан “ұшу-ұшпақ”, “жұмақ” ұғымы Исламға кірген түріктерде әлі күнге дейін “жәннәт” ұғымының орнына қолданылады. Махмұт Қашқари “ұшпақ-ұшу”, яғни “жұмақ” терминінің жәннетке кіру мағынасында қолданылатындығын айтады. Жалпы осы мәліметтерге қарағанда “рух” түсінігінің адамзатпен бірге жасап келе жатқан құбылыс екендігіне көз жеткізуге болады. Адамдар арасында алдымен өлім, түс және т.с.с. құбылыстармен басталған рух түсінігі танымдық кемелденумен бірге дамып, нәтижеде философиялық теориялардың шығуына әкеліп соқты. Осы ұғымның барлық тілдерде болуы рух туралы түсініктің ең нақты дәлелі болып табылады. Дәстүрлі қоғамдағы адамдар рух болмысының бар екендігін сезініп, оны “дем алумен” бір санаған. Сондықтан да барлық тілдерде рухқа берілген есім этимологиялық тұрғыдан “ауа, жел, дем” мағыналарымен байланысты. Ескі түріктерде “жан” немесе “рух” ұғымдары “тын”, “тин”, ”тыныс”, “дем алу” ұғымымен берілген.

Дәстүрлі дүниетаным адамының рух, өлім, өмірдің мәні және т.б. мәселелер туралы толғанғаны анық. Әсіресе, рухтың мәні, табиғаты, мекені, қайдан келіп, қайда кететіндігі мәселесі дәстүрлі қоғам адамына ой салып, көп мазалаған болса керек. Мысалы, түрік мифологияларында рухтың мекенін сүйекте, жүректе немесе қанда деп санап, рухты абстрактілі метафизикалық әлемге жатқызумен қатар оны тұрмыста тәннен тәуелсіз, “жеу, ішу” сияқты тәнге қатысты қажеттіліктері бар болмыс деп қараған. Сонымен қатар рух дем алудың ішіндегі нәрсе емес, керісінше демнің өзі. Рухты өзі орналасқан ағзамен бір деп санаған. Қазақтардағы “қай жерің ауырса жаның сол жерде” деген түсінік осының айғағы болса керек. Кей түсінікте рух әлемі жер астында болса, кейбір аңыздарда бұлттың арғы жағында. Рух әлемінде (жер-астында, көкте) өлгеннен кейінгі рухтардың тағдыры әртүрлі. Адамның өмір салты мен тағдыры бірдей болғанымен, тіршілікте құрметке ие болған жандардың әруағына о әлемде де ерекшелік танылатын болған.

Сонымен қатар, дәстүрлі түркілік дүниетанымда адамның рухы адамдық тәннің негізі болып есептелетін сүйекте орналасқан деген түсініктер де бар. М.Елиаданың зерттеулеріне қарағанда Солтүстік Евразия халықтарында “сүйек — рухтың ұясы” ретінде танылады. Негізінен, аңшылықпен шұғылданатын халықтардың дүниетанымында сүйек адамзаттың болсын, жануарлардың болсын, алғашқы шыққан тегі сияқты. Сүйек ұрпақтар арасындағы генетикалық байланысты да білдіреді, яғни сүйек — “тек-жауһар” — субстанция деген сөз. Қоғамдық өмірде, мәдениет тіршілігінде сүйек үйлену, өлімді жерлеу рәсімдерінде өте маңызды рөл атқарады. Сүйектің негізгі қызметі – өмірдің жалғасуының, тектің тіршілігінің, халықтың өміршеңдігінің айнасы, қоғамдық бірліктің кепілі болғандығы еді. Қазақ халқының тұрмыстық салт-санасында әлі күнге сүйектің ерекше орны бар. Сүйек шаңырақка келген адамның (қонақтың) сол шаңырақка жақын-туыстық дәрежесін де анықтайды. Бірлік пен ынтымақтың нышаны ретінде бас, жамбас, жақ, төс, құйымшақ, тоқпан, ортан, асық жілік сүйектерінің функционалдық-семантикалық мағыналары бар. Мысалы, қазақ мәдениетінде сүйектердің ішінде жамбас

пен төс сүйегі жекжаттық, туыстық одақтың нышаны болса, асық жілік ру аралық бітімнің, ант ішіп, саяси одақ құрудың құралы болған. Сүйектердің ішінде төс - тек, негіз, құтты білдіретін негізгі ұғым. Мысалы, Қашқаридың "Диуани лұғат ит-Түрк" атты еңбегінде төс сөзі түп негіз, тек, жауһар (субстанция) мағынасында қолданылады.

Дәстүрлі түркілік дүниетанымда рухтың кемелдігін метафизикалық тұрғыдан емес, физикалық символдармен анықтаған, яғни рухтың тәннің ұлғаюына байланысты кемелденетіндігіне сенеді. Мысалы, тек кемел шаққа жеткен қарттар ғана ағаш бұтақтарында ұшып жүретін рухтарды көре алады деп сенетін болған. Сондықтан да үлкен қария қауымда сыйға, құрметке лайық болған. Рухани кемелдік адамның жасымен өлшенген.

Адам өмірде кездескен әртүрлі оқиғаларға түсініктеме беруге, қоршаған ортасындағы құбылыстарды жорамалдай отырып ұғынуға тырысатын болмыс. Әлемдегі бүкіл құбылыстар мен оқиғаларды түсіндіре алатын рационалды жүйеге қол жеткізу – адамның негізгі қасиеті. Адам болмыстар мен құбылыстардың мәні мен ақиқатын түсіндіре алмайтын белгісіз, қараңғы әлемде тіршілігін жалғастыра алмайды. Сондықтан адам осындай бейберекет әлемді өзінің рухани баспанасы хәліне келтіріп, өңдеуге ұмтылады. Ол әлемді, ғарышты жүйелеу, реттеу және өзін сол жүйенің белгілі бір жеріне орналастыру үшін мифтер мен символдарды қолдану арқылы әлеммен үйлесімділікте болуға тырысады. Адам бұл қуатты өзін жаратқан мәдениеттен алады. Әрбір мәдениет өлім мен өмір мәселелерін толғайтын белгілі бір құндылықтар жүйесін қалыптастырады. Яғни өлім – адамзаттың даму сатыларының сабақтастығын қамтамасыз ететін құбылыс. Өлімнің мәнін, сырын ғасырлар бойы әрбір мәдениет, қоғам және адам өзінше ұғынуға тырысқан. Өмір мен өлім ақиқатынан жан мен тән құбылысы туындап, барлық мәдениет атаулының басты мәселесіне айналғаны белгілі. Өлім – жанның тәнді тәрк етуі. Көне түріктерде өлім сағатында жан құс кейпінде ұшып, тәнді тәрк ететіндігі туралы түсініктің төркіні ескі тарихқа тереңдеп кетеді. Жан Пол Рудың зерттеулері бойынша, рух – көктің сыйы, несібесі ретінде ұлұғ (моңғол тілінде "су" ұғымын білдіреді), құт тарапынан берілген. Әлемдегі барлық болмыста құт бар. Құт — бақыт.Құт — рух, өмірлік қуат, азық, бақыт, несібе және т.б. мағыналарды білдіреді. Құт — Көктегі "сүт көлінен" келгендіктен де ол сүттей таза.

ЛИТЕРАТУРА

[1] // Философия /Сост. Габитов Т.Х. – Алматы: Қаржы-Қаражат, 2003. – 368 с.
[2] Мәдениеттану сөздігі /Құлсариева А.Т. ж.т.б. – Алматы: Сорос қоры, 2001. – 323 б.
[3] Ыбыраев Ш. Эпос әлемі. – Алматы: Ғылым, 1993. – 296 б.
[4] Бахтин М.М. Вопросы литературы и эстетики. — М.: 1975. –12 с.
[5] Лихачев Д.С. Поэтика древнерусской литературы. — Л.: 1988.
[6] Тойнби А. Постижение истории. - М.: Политиздат, 1990. – 731 с.
[7] Ясперс К. Смысл и назначение истории. - М.: Политиздат, 1991. – 527 с.
[8] Құлсариева А.Т. XX ғасыр мәдениетінің өзекті мәселелерінің философиялық тұжырымдамасы. - Алматы: РБК, 2001. – 54 б.
[9] Делез Ж., Гваттари Ф. Номадология туралы трактат //Тамыр. – 2001. – 2 (4). – 94-97 б.

ӘОЖ 316.4

Н.И. Ляпбаева[1,a]
[1]М.Тынышбаев атындағы Қазақ көлік және Коммуникациялар академиясы, Алматы қ., Қазақстан
[a]n.lyapbaeva@kazatk.kz

КЕДЕЙШІЛІК - ЖАҺАНДЫҚ ӘЛЕУМЕТТІК ПРОБЛЕМА

Андатпа. Аталмыш мақалада кедейшілік жаһандық әлеуметтік проблема ретінде қарастырылады, оның әлеуметтік аспектілеріне анализ жасалады. Сонымен қатар, Қазақстан қоғамындағы кедейшілік проблемасы қарастырылады.

Түйінді сөздер: кедейшілік, әлеуметтік проблема, табыс, адамдардың теңсіздігі.

Аннотация. В данной статье бедность рассматривается как социальная неприятная проблема, проводятся анализы на его социальные аспекты. Кроме того, рассматриваются проблемы бедности в обществе Казахстана.

Ключевые слова: бедность, социальная проблема, доход, неравенство людей.

Abstract. In this article a poorness is considered as a social unpleasant problem, it analyzes its social aspects. Moreover problems of poorness are considered in society of Kazakhstan.

Key words: poorness, social problem, income, inequality of people.

Кедейшілік қазіргі таңда жаһандық әлеуметік проблемаға айналды. Кедейшілікпен күресу, оның деңгейін төмендету мәселесі кез келген қоғамдағы шешімін табуды талап ететін өткір проблема.

Кедейшілік – жеке адамның, отбасының немесе әлеуметтік топтың қажетті игіліктер құнын өзі төлей алмайтын экономикалық жағдайы, яғни өзінің өмірлік қажеттерін қамтамасыз етуге жағдайының жетіспеуі немесе негізгі тұрмыстық қажеттерін қанағаттандыру мүмкіндіктерінің жоқтығы. Кедейшілік салыстырмалы түрде белгілі бір қоғамдағы тұрмыстың деңгейіне, қоғамдық байлықтың бөлінуіне байланысты болатын процесс. Оның пайда болуының негізгі себептері – саяси, экономикалық және демографиялық жағдайлар, саяси-экономикалық дағдарыс, жұмыссыздық, жалақы мен зейнетақының күнкөріс минимумынан төмендігі, халықтың әлеуметтік тұрғыдан нашар қорғалуы. Кедейшіліктің асқынуы халық бұқарасының жаппай қайыршылануына апарып соқтыруы мүмкін. Кедейшілік, материалдық жоқшылық рухани кедейлікке ұласады. Мұның салдары елде түрлі қылмыстың етек алуына, азғындыққа апарып соқтырады.

Әсіресе кейінгі кездері біздің елімізде жұмыссыздықтың өсуіне байланысты кедейшілік деңгейі артып, қарапайым халық айлығы шайлығына жетпейтін жағдайға тап болды. Қоғамда кедейшілік пен жұмыссыздың деңгейінің өсуі қылмыстың да артуына алып келіп отыр.

Қоғамдағы адамдардың жақсы немесе жаман тұруының өзі олардың арасындағы әлеуметтік теңсіздікті көрсетеді. Теңсіздік, кедейшілік және ауқатты тұру, ең алдымен, стратификациялық процестермен, яғни әлеуметтік жіктелумен байланысты. Теңсіздік қоғамдағы тапшы (дефицит) ресурстардың – ақша, билік, білім мен атақ-абыройдың (престиж) халықтың түрлі топтары мен жіктері арасында біркелкі бөлінбеуінен орын алады. Яғни жақсы тұру мен жаман тұруды материалдық өлшеммен анықтайды.

Қазіргі кезде жиі орын алып жүрген, жағымсыз жағдайлардың бірі – адам еңбегінің дұрыс бағаланбауы. Онсыз да жоқшылықтың тауқыметін тартып отырған қарапайым халық бұл мәселеде қатты қиналатыны анық. Бұл жерде қызметтің арнайы ақылы түрлері ол өз алдына бөлек мәселе. Ақылы қызметті көбіне ауқатты адамдардың таңдайтыны анық. Десек те, кей жағдайларда ақысыз қызмет түрлерінен көңілі қалған адамдардың да соңғы ақшасын ақылы қызмет түрлеріне жұмсайтыны жиі ұшырасады. Әсіресе,

емханаларда, емдеу мекемелерінде және т.б. бірсыпыра орындарда. Яғни бұл біріншіден, осы саладағы, әлеуметтік қызмет көрсету мекемелері жұмысының дұрыс жолға қойылмағандығынан, әрі дұрыс ұйымдастырылмауынан. Бірақ кей жағдайда олардың қызметіне жүгінетін адамдардың өздері де кінәлі. Ол мекеме ақысыз қызмет көрсетуге міндетті ме, міндетті емес пе, адамдар өздеріне тиесіліні талап етуі керек. Әрине, бұл адамдар мен оларға қызмет көрсетушілердің құқықтық-саяси сауаттылығын талап етеді. Бұл жағдай әр түрлі көрініс беріп жатады. Кейбіреулер кезек күткісі келмей тамыр-танысын іздеп, басқа жолдарын қарастырады, енді біреулері мәжбүр болуы мүмкін. Ақыр соңында, бұл халықтың қалтасынан шығатын шығын көлемңн арттырады. Жоғарыда атап көрсеткен жағдай адамның білімділігі мен мәдениетінің деңгейімен де байланысты. Сондықтан бұл салада шешілуі кезек күттірмейтін проблема көп деп айтуға болады.

Бүгінгі таңда адам еңбегінің бағалануында әділетсіздік жиі орын алуда. Әсіресе, нарықтық экономикаға көшуге байланысты кейбір мамандықтардың мәртебесі мүлдем төмендеп, басқасы керісінше жоғарылап кетті. Соған сәйкес адамдар да өздерінің ісіне, қызметіне деген қызығушылығын жоғалтып алған сияқты. Еңбек – бұл материалдық және мәдени құндылықтарды жасауға бағытталған адамдардың пайдалы мақсатқа сай қызметі, тіршілік-қызметінің ажырамас жағдайы. Енді осы адамның атқарған еңбегінің, қызметінің нәтижелеріне әділ қарамаудан, соған сәйкес төленетін еңбекақыны әділ бөлмеуден барып қоғамда түрі келеңсіздіктер, шиеленістер орын алуы мүмкін.

Барлығы да адамға еңбекпен келеді. Жай ғана қол қусырып қарап отырсаңыз, ешкім сіздің алақаныңызға әкеліп ештеңе салып бермейді. Әлеуметтік жағдайын көтеру үшін адам алдымен білім алуға ұмтылып, өз ісінің білікті де білгір маманы болуға талпынуы керек. Білікті мамандарға деген сұраныс әрқашан жоғары. Әрине, мемлекет тарапынан да еңбекті бағалауда әділдік орнауы тиіс. Бізде әлі күнге дейін еңбек қатынастарының нормалары мен құндылықтары саяси және экономикалық бағдарламалардың негізгі категорияларына, саясаткерлердің қызметінің мәніне айналмай отыр. Осы қарым-қатынастарды реттеуге басты назар аударылып, тиісті заңдарға қажетті өзгертулер мен толықтырулар енгізілуі қажет-ақ. Дәрігер, мұғалім және т.б. бірқатар мамандықтардың мәртебесін, жалақысын жоғарылатса артық болмайды.

Кедейшілік қазіргі кезде жаһандық сипатқа ие болып отырған құбылыс. Жер шарындағы 6 млрд. Адамның 20%-ға (1,2 млрд. адам) жуығы күніне 1 доллардан аз қаржыға өмір сүретіндігі анықталып отыр. Олардың саны жыл сайын бірнеше миллион адамға көбеюде. Бұл әрбір төртінші баланың қарны тойып тамақ ішпейді деген сөз. Кедейшілік шегінде өмір сүріп жатқандардың дүниежүзі бойынша 2/3 Азия халықтарының үлесіне тиеді екен. Сондықтан қазіргі кезде кедейшілікпен Бүкіләлемдік Даму Банкі, БҰҰ және тағы да басқа халықаралық ұйымдар күресіп келеді. Халықаралық өлшем бойынша адам басына шаққанда күндік табысы 2 доллардан (айына 60 доллардан төмен) төмен адамдар қайыршылардың қатарына, ал, күніне 2 доллардан басталатын, бірақ 4 доллардан (айына 120 доллар) төмен табыс табатындар кедейлер, ал байлардың қатарына барынша жоғары деңгейдегі ақшаға иелік ететіндер жатады. Яғни адам иелік ететін нәрсенің бәрі оның ақшасының көлемінен көрінеді: үй, көлік, яхта, картиналар коллекция, акциялар, сақтандыру полистері және т.б.

Кедейшіліктің деңгейінің арта түсуі қоғамның әлеуметтік өміріне де кері әсерін тигізеді. Ол қоғамның әлеуметтік құрылымының бұзылуына алып келеді. Қазақстандағы кедейшіліктің деңгейі жөнінде мәліметтер бір деректерде 70, енді бірінде 50, 60 пайыз деп беріліп жүр. Кедейшілік қоғамның әр түрлі топтары мен жіктерін қамтиды. Олардың ішінде отбаслылар мен жалғызбастылар, жастар мен ересектер, қарттар мен зейнеткерлер, жұмыссыздар мен мүгедектер және т.б. Кедейшілік тек азық-түлік, баспана, киім-кешекке деген қажеттіліктерді қанағаттандыруға табыс деңгейінің жетпеуі емес, сондай-ақ осы адамдарда ұзақ ғұмыр кешуге, білім алуға, өзінің әлеуметтік-мәдени қажеттіліктерін қанағаттандыруға деген мүмкіндіктерінің, табыс деңгейінің жоқтығы немесе жеткіліксіз

дәрежеде болуы. Қазіргі қоғамдағы кедейшілік табыстың жеткіліксіздігін ғана білдіріп қоймайды, сондай-ақ бұл кедейлердің өз үнін естірту мүмкіндіктерінің болмауын, өкілдіктің болмауын; олардың қоғамдағы асыра сілтеу мен қылмыс, сыбайлас жемқорлық алдындағы дәрменсіздігін де білдіреді. Бұл, әсіресе, қазіргі таңда аса өршіп тұрған мәселе. Халықтың әл-ауқатының деңгейі көп жағдайда мемлекеттің жүргізіп отырған экономикалық саясатына байланысты. Халықтың табысын қазіргі таңда инфляция жеп қойып жатыр.

Кедейшілікті зерттеп жүрген отандық ғалымдар мен зеттеушілер, экономист, әлеуметтанушы, саясаттанушылар баршылық. Атап айтар болсақ, әлеуметтанушылар М.Әженов, М.Садырова, К.Биекенов, Қ.Ғабдуллина, және т.б. Алайда, кедейшіліктің түрлі аспектілері, оның Қазақстан қоғамындағы ерекшеліктері мен сабептері әлі де болса, тыңғылықты зерттеуді қажет етеді.

Кім бай болғысы келмейді, кім кедейліктен қашпайды. Бұл өмірдің заңдылығы шығар. Бірақ бай мен кедейдің ортасында орташа ауқаттылар табы бар, қазіргі міндет – солардың қатарын арттыру болып отыр. Аллаға шүкір, қазір тәуелсіздігімізді алып, еңсемізді тіктедік. Қалғаны өз қолымызда.

ӘДЕБИЕТ

[1] https://kk.wikipedia.org/wiki/Кедейлік
[2] Ляпбаева Н.Н. "Кедейшілік жігітке қой бақтырар" // Қазақ әдебиеті. 2011. – 4 наурыз. 4 б.

УДК 323.2(574)

Г.С. Шамшиева[1,a]
[1]М.Тынышбаев атындағы Қазақ көлік және Коммуникациялар академиясы, Алматы қ., Қазақстан
[a]g.shamshiyeva@kazatk.kz

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ЖАСТАРЫ

Аңдатпа. Мақалада қазақ ұлтының төл мәдениет үлгілерін, салт- дәстүр, ұлттық тарихын насихаттау негізінде рухани – адамгершілікке тәрбие беру, ұлттық құндылықтарын жас ұрпаққа отбасынан, балабақшада және мектепте беру мәселесі қаралған. Сонымен қатар, жоғары оқу орындарында тереңдетіп, ата-анамен бірлесе отырып орта мектеп, ЖОО ұстаздарының ұлттық тәрбиені бірінші кезекке қою мәселесі туралы шаралар қаралған.

Түйінді сөздер: туған жер, ұлттық идеология, бәсекеге қабілеттілік, патриотизм, тарихи орындар, салт- дәстүр.

Аннотация. В статье рассмотрены проблемы пропаганды на основе титульных образцов культуры, традиций и обычаев, истории нации - передача национальных ценностей подрастающему поколению в семье, в детских садах и школах.

А также, рассмотрены мероприятия о проблемах углубления в высшем учебном заведении, совместно с родителями и преподавателями вузов о приоритете первоочередности национального воспитания.

Ключевые слова: родная земля, национальная идеология, конкурентоспособность, патриотизм, исторические места, традиции и обычаи.

Abstract. The article deals with the problems of propoganda on the basis of title samples of culture, traditions and customs, the history of the nation - the transfer of national values to the younger generation in the family, kindergartens and schools.

And also, the measures on the problems of deepening in higher education, together with parents and teachers of universities on the priority of national education.

Key words: native zemlya6 national ideology, competitiveness, patriotism, historical places, traditions and customs.

Былтырғы жылдың сәуір айында елбасымыз Н.Ә.Назарбаев “Болашаққа бағдар” – рухани жаңғыру бағдарламасын қабылдаған болатын. Бәрімізге мәлім болғандай еліміз дамыған елдердің қатарына қосылу үшін қаншама іс-шаралар атқарып келе жатыр. “Қазақстан – 2050”, “Мәдени мұра” т.б. бағдарламалар қабылданды. Рухани жаңғыру мәселесі қоғамымызда ұлттық болмыстан, ұлттық қабілет-қарымынан айырылып қалмай, осыны әлемдік байлықпен үйлестіріп, Қазақстанның игілігіне жарату жолындағы мақсат-мүдделер туралы мәселені анық көтеріп отыр. Білімге ұмтылу, жақсыға үйрену, жаманнан жиренуді ата-бабаларымыз баяғыда айтқан. Бұл енді ұлттық идеологияның негізі болып отыр. Қазіргі таңда Қазақстан халқы осы рухани жаңғыру бағдарламасы бойынша көптеген шаралар жүргізіп жатыр. Әсіресе бұл елімізде жастардың арасында өзекті мәселелердің бірі деп айтар едім. Жастардың бәсекелестік қабілеттігін арттырып, әлемдік жаһандану процесінде XXI ғасырдың талаптарына сай, дағдыланып, сапалы табыстың кілті екенін айта отырып, қазіргі жастарды бәсекеге қабілетті болу керек екенін назардан тыс қалдырмады. Бәсекеге қабілетті болу үшін тұтас халықтың бәсекеге қабілетін арттыру қажет. Бүгінгі таңда жеке адам ғана емес, тұтас халықтың өзі бәсекелестік қабілетін арттырса ғана табысқа жетуге мүмкіндік алатынына ұлт Көшбасшысы ерекше назар аударып отырғаны бекер емес. Өйткені әлемдік бәсекеге қабілеттілік ұлтымыздың экономикада ғана емес, рухани әлемде де озық болуын қажет етері сөзсіз. Бәсекеге қабілеттілікті дамытуымыз керек. Білім әлемдік, тәрбие ұлттық болуы керек.

Ата-бабаларымыздың баяғыдан келе жатқан үлкен құндылықтар жүйесі жастарымыздың да санасына еніп, олар әр нәрсеге сын көзбен қарап, жақсы үрдістеріміздің бәрін бойына сіңіріп өссе, нұр үстіне нұр болар еді. «Атадан бала туса игі, ата жолын қуса игі» деп, үміт артқан бабаларымыздың асқақ арманын ақтау азаматтық борышымыз. Атадан мирас болып қалған ұлттық құндылықтарымызды нақты біліп, оларды тиімді пайдалана отырып, астамшылыққа жол бермей, әркім түйсігімен түсініп, жадымызға сақтап, білімге ұмтылуымыз керек. Себебі «білім — өмір шырағы», әр тұлға өз ісінің шебері болуы маңызды, сол кезде ғана қазақ елі жан-жақты дамып, экономикасы көтеріледі. Білікті бірді жығады, білімді мыңды жығады демекші жастарымызды бәсекеге қабілетті етіп, білікті, білімді маман етуден қатар жан-жақты, тұтас ұлт ретінде XXI ғасырдың талаптарына сай тәрбиелеуіміз керек.

Қазіргі таңда білім бағдарламаларының елімізге ұтымды үлес қосып келе жатқанын айта келіп, табыс тізгіні – білімді болашақ жастардың қолында екеніне баса назар аударды. Оның өзі сонау «Болашақ» бағдарламасынан басталды. Елімізде өте жоғары деңгейдегі бірқатар университет-тер ашылды, зияткерлік мектептер жүйесі қалыптасқандығын атап көрсетті.

Жастардың, әсіресе, студент жастардың, интеллектуалды көрсеткіштері олардың тек білім деңгейімен ғана өлшенбейді. Сонымен қатар олардың рухани жаңғыруымен де тікелей байланысты. Рухани жаңғыру – әрбір жеке тұлға үшін оның тәрбиесі, ұлттық сана-сезімі, ұлттық рухани тамырынан нәр алған құндылықтары мен оның жаһандық өзгерістерді дұрыс бойына сіңіруі қажет. Сонымен қатар латын әліпбиіне көшу дұрыс қадам. Латын әліпбиіне көшу – Мәңгілік Елдің рухани жаңғыруының басы болса, «Туған жер» бағдарламасы жаңа ғасырдағы әлемдік, өңірлік, ішкі-сыртқы тәуекелдерге қарсы тұра алатын отаншылдық тәрбиенің, ұлтжандылықтың кепілі болмақ. Әсіресе, үш тілділік мәселесі басты назарда. Ағылшын тілі – әлемдік тіл. Бүкіл әлемдік тіл болғаннан кейін біз одан сырт қала алмаймыз. Дегенмен қазақ тіліне басымдық беруге тиіспіз. Біздің мақсатымыз – әлемдік өркениетке еніп, дамыған 30 елдің қатарына қосылу. Оған білім, ғылым арқылы ғана жетеміз.

Патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен ауылыңа, қалаң мен өңіріңе, яғни туған жеріңе деген сүйіспеншіліктен басталады. Патриотизм ортақ тарих пен мәдениеттен, тілден, отбасынан бастау алады. Патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен ауылыңа, қалаң мен өңіріңе, яғни туған жеріңе деген сүйіспеншіліктен басталады. Сол себепті, елбасы «Туған жер» бағдарламасын қолға алуды ұсынды. Оның ауқымы ізінше оп-оңай кеңейіп, «Туған елге» ұласады. Туған жер бағдарламасы, Отан от басынан басталады демекші, жастардың бойында елге, отанға деген сүйіспеншілікті қалыптастыру мен қатар патриотизмге тәрбиелей отырып, өткен тарихымызды бойларына сіңіруіміз керек. Туған жердің тарихын сонау сақтардың заманынан бастап, кешегі қазақ хандығының құрылуы Керей мен Жәнібек, Қасым, Хақназар, Салқам Жәңгір, Есім, Тәуке хандар осы ұлан байтақ жерді бізге аманаттауы, Абылай ханның үш жүздің басын біріктіруі елімізді жерімізді сақтап қалу болатын. Кешегі Алаш зиялыларының өзі осы тәуелсіздігімізді армандап, жеке мемлекет болуға тырысты. Туған жер туралы қаншама ақын роман, повесть, жырлар жазды десеңізші. Қабдеш Жұмаділовтың “Соңғы көш”, Хасен Оралтайдың “Елімайлап өткен өмір” деген еңбектері осы туған жерге деген сағыныштан туындаған. Жүсіпбек Аймауытовтың: «Туған жердің қымбатын ғылым іздеп, кітап қарап сарылып, көзінің майын тауысқан, көшенің шаңын көп жұтқан шәкірт білмесе, кім біледі? Ыстық қой, шіркін туған жер!» деген сөзі ойға оралады.Туған жер бағдарламасы аясында бүкіл Қазақстан жастары көптеген іс шаралар атқарып жатыр. Біздің бабаларымыз ғасырлар бойы ұшқан құстың қанаты талып, жүгірген аңның тұяғы тозатын ұлан-ғайыр аумақты ғана қорғаған жоқ. Олар ұлттың болашағын, келер ұрпағын, бізді қорғады. Сан тараптан сұқтанған жат жұртқа Атамекеннің қарыс қадамын да бермей, ұрпағына мирас етті. «Туған жерге деген сүйіспеншілік нені білдіреді, жалпы, бағдарламаның мәні неде? Бірінші, бұл білім беру саласында ауқымды өлкетану жұмыстарын жүргізуді, экологияны жақсартуға және елді мекендерді абайттандыруға баса мән беруді, жергілікті деңгейдегі тарихи ескерткіштер мен мәдени нысандарды қалпына келтіруді көздейді. Патриотизмнің ең жақсы үлгісі орта мектепте туған жердің тарихын оқудан көрініс тапса игі. Туған жердің әрбір сайы мен қырқасы, тауы мен өзені тарихтан сыр шертеді. Әрбір жер атауының төркіні туралы талай-талай аңыздар мен әңгімелер бар. Әрбір өлкенің халқына суықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар. Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс», -деп жазады Президент. Осы орайда екінші бағытта басқа аймақтарға көшіп кетсе де туған жерлерін ұмытпай, оған қамқорлық жасағысы келген кәсіпкерлерді, шенеуніктерді, зиялы қауым өкілдері мен жастарды ұйымдастырып, қолдау жасау қамтылып отыр. «Үшінші, жергілікті билік «Туған жер» бағдарламасын жинақылықпен және жүйелілікпен қолға алуға тиіс. Бұл жұмысты өз бетімен жіберуге болмайды, мұқият ойластырып, халыққа дұрыс түсіндіру қажет. Туған жеріне көмек жасаған жандарды қолдап-құрметтеудің түрлі жолдарын табу керек. Бұл жерде де көп жұмыс бар. Осы арқылы қалаларды көгалдандыруға, мектептерді компьютерлендіруге, жергілікті жоғары оқу орындарына демеушілік жасауға, музейлер мен галереялар қорын байыта түсуге болады. Қысқаша айтқанда, «Туған жер» бағдарламасы жалпыұлттық патриотизмнің нағыз өзегіне айналады»,-дейді Н. Назарбаев. Осыған орай біздің М.Тынышбаев атындағы Қазақ Көлік және Коммуникациялар академиясында “Туған жер – алтын бесігім” атты клуб жұмыс атқарады. Осы клубтың мақсаты - жастардың бойында туған елге, жерге деген сүйіспеншілікті қалыптастыра отырып, оларды патриотизге тәрбиелеу;

Клубтың басты міндеттері:

Ой-өрісін жан-жақты кеңейту;

- Студенттердің белсенді өмірлік ұстанымын қалыптастыру;
- Туған жер туралы қызықты деректер жинастыру;
- Тарихи орындармен таныстыру;
- Атақты тұлғалардың өмір баянын зерттеу;

- Туған жерлеріне байланысты аңыз әңгімелер жинақтау.

Қазақ ұлтының төл мәдениет үлгілерін, салт- дәстүр, ұлттық тарихын насихаттау негізінде рухани –адамгершілік тәрбие беру; Онда студенттерді отан сүюге тәрбиелеу мен қатар патроитизді бойында қалыптастыруға негізі болатын іс-шаралар жүргіземіз. Мысалы: туған жер туралы слайды жасау, өлең щығару, кинофильмдер түсіру т.б. мерекелік шаралар ұйымдастырамыз.

Жасай бер жаса қазағым,
Алға бассын қадамың,
Отыз елге теңесіп,
Қазақтың көрсет ғажабын.

ӘДЕБИЕТ

[1] Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру. Егемен Қазақстан. 12.04.2017.

[2] Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру. Мақалалар, сұхбаттар, сөйлеген сөздер,сарапшылардың пікірлері. Астана. 2017.

[3] Тоқаев Қ.Рухани жаңғыру: озығын алып, тозығын тастау. Егемен Қазақстан газеті. 13.04.2017.

[4] Қазақстанда туған жер бағдарламасы қолға алынды. Казинформ бюро. 12 сәуір 2017.

[5] Жаңғырудың қамы жасампаздықтың салты. Айқын газеті. 13.04.2017.

[6] Арипов Д. Рухани жаңғыру – табысты ел болуымыздың кепілі.Қазақ үні. 12.11.2017.

УДК 005.6(574)

Н.К. Маратов[1,a], А.З. Камалиденова[2,b]

[1]Казахская академия транспорта и коммуникаций им. М. Тынышпаева, г. Алматы, Казахстан
[2]Казахстанско-Британский технический университет, г.Алматы, Казахстан
[a]nur.maratov@gmail.com, [b]assiak@list.ru

МЕТОДЫ ОБУЧЕНИЯ СТУДЕНТОВ ТЕХНИЧЕСКОЙ СПЕЦИАЛЬНОСТИ С ПРИМЕНЕНИЕМ НОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ И СОВРЕМЕННЫХ ВЗГЛЯДОВ НА ПРАКТИЧЕСКИЕ ЗНАНИЯ

Аннотация. В статье рассмотрены основные цели обучения, а также, какими современными методами преподавания и технологиями достигнуть этих целей. Приведены некоторые решения проблем по трудоустройству молодых специалистов после окончания ВУЗа. Рассмотрены вопросы подготовки студентов к будущей профессиональной карьере с помощью оптимизации образования.

Ключевые слова: онлайн курсы, ВУЗ, технология преподавания, частные организации, процесс обучения, инженер-преподаватель, традиционное образование.

Аңдатпа. Мақалада оқытудың басты мақсаттары, сонымен бірге осы мақсаттарға қандай заманауи оқыту әдістері мен технологиялар арқылы қол жеткізуге болатындығы қарастырылған. Жоғары оқу орнын аяқтайтын жас мамандарды жұмысқа орналастыру мәселесінің кейбір шешімдері келтірілген. Студенттерге білім беруді оңтайландыру арқылы болашақ кәсіби мансаптарына дайындау мәселелері қарастырылған.

Түйінді сөздер: онлайн курстар, жоғары оқу орны, оқыту технологиясы, жекеменшік ұйымдар, оқыту үдерісі, оқытушы инженер, дәстүрлі білім беру.

Astract. The article contains the main goals of teaching and information about using what modern methods and technology we can achieve these goals. In this article there are also given some solutions of the employment problems of young specialists after graduation. The questions of preparation of students for the future professional career with the help of optimization of education are considered.

Key words*:* online courses, university, teaching technology, private organizations, learning process, teacher-engineer, traditional education.

Наука и техника развиваются с огромной скоростью и современным инженерам приходится постоянно обновлять свои знания, чтобы быть в курсе последних новостей и открытий или каких-то новшеств для внедрения и использования их в работе или в каком-либо исследовании. Новые знания важны для того, чтобы быть конкурентоспособными в современном рынке труда. При таком развитии науки появляются другие специализированные разветвления направлений основных наук. Эти специализированные науки уже появляются в стенах высших учебных заведений в качестве предметов для изучения. В связи с этим, в настоящее время получение знаний и овладение какой-либо профессией в полной мере является сложнейшей задачей, которая предстоит перед только поступившим абитуриентом. У студентов появляются трудности морально-психологического характера при нынешних методах обучения, а также возникают другие проблемы с овладением материалов, которые нередко являются лишними для определенного студента, который будет работать по этой профессии и специальности, но не будет применять отдельные профилированные знания.

Образование должно предоставить учащемуся возможность взаимодействовать как со своим внутренним, так и с окружающим миром.

Образование — вопрос одновременно и глобальный, и сугубо личный. Главная задача образования заключается в обогащении разума и душ людей, в становлении личностного и профессионального роста. Многие проблемы современных систем образования коренятся именно в непонимании этой базовой идеи. Каждый ученик — уникальная личность со своими надеждами, талантами, тревогами, страхами, страстями и чаяниями. И его личный интерес к учебе чрезвычайно важен для повышения уровня успеваемости в целом.

Есть ряд вещей, которому должны обучиться студенты. Но, у каждого из них свои способности, интересы и склонности. И образование просто обязано учитывать этот факт. Чтобы максимально персонализировать образование, надо изменить как саму учебную программу, так и подход к преподаванию и оцениванию знаний. Для этого нужна полная трансформация целой культуры. [1]

Как говорил Марк Твен: «Колледж – это место, где конспекты профессора попадают прямо в конспекты студентов, не проходя через мозг того или другого». То, на что он жаловался, это не университеты, а скорее формат лекций, который многие университеты часто используют. Давайте обратимся еще дальше в прошлое, к Плутарху. Он говорил: «Ум – это не сосуд, который нужно наполнить, а дрова, которые нужно поджечь». Возможно, нам нужно тратить меньше времени на заполнение умов студентов на лекциях, а больше на семинарских практических занятиях на развитие их творческого начала, воображения и навыков решения проблем путем общения и обмена информацией.

Сэр Кен Робинсон, профессор, автор книг, спикер и международный советник по вопросам развития творческого мышления, систем образования и инноваций в государственных и общественных организациях выделяет 4 основные цели обучения:

а) Экономическая цель.

Образование должно обеспечить учащемуся возможность стать экономически ответственным и независимым.

б) Культурная цель.

Образование должно дать учащемуся возможность понять и по достоинству оценить свою культуру и привить уважение к многообразию других культур.

в) Социальная цель.

Образование должно воспитать в лице учащегося активного и сострадательного гражданина общества.

г) Личная цель.

Образование должно предоставить учащемуся возможность взаимодействовать как со своим внутренним, так и с окружающим миром.

Каким же должно быть образование, чтобы выпускники технических ВУЗов могли быстро сориентироваться в современном мире и с легкостью вжиться в среду ученых или инженеров и достичь вышеперечисленных целей?

1) Надо совместить традиционное образование с онлайн-обучением.

Как же это сделать? Мы можем сделать это путем активного обучения. Активное обучение — представляет собой такую организацию и ведение учебного процесса, которая направлена на всемерную активизацию учебно-познавательной деятельности обучающихся посредством широкого, желательно комплексного, использования как педагогических (дидактических), так и организационно-управленческих средств. Было много исследований, которые показывают, что активное обучение и взаимодействие со студентами улучшают их успеваемость по каждому параметру – по посещаемости, вовлеченности и непосредственно знаниям, что измеряется стандартизированными тестами.

В сфере онлайн обучения больших высот достигли американский ученый в области вычислительной техники Питер Норвиг и его коллеги. Планируя изменить традиционное образование, они в конечном итоге создали онлайн-курс, гораздо больше похожий на традиционные лекции в колледже, чем другие онлайн-курсы. В большинстве онлайн-курсов видео доступны всегда. Вы можете смотреть их, когда пожелаете. Но, если вы можете сделать это в любое время, то вы можете сделать это завтра, и если вы можете сделать это завтра, может так получиться, что вы постоянно будете откладывать. Поэтому, они вернули инновацию установленных сроков. Вы можете смотреть видео в любое время в течение недели, но в конце недели вы должны сделать домашнее задание. Это побудило студентов продолжать обучение и также означало, что каждый работал над одним и тем же материалом в то же самое время, так что если вы заходили в дискуссионный форум, то могли получить ответ от сокурсников в течение нескольких минут[3].

Питер Норвиг и его коллеги достигли внушительных результатов. Если этот же метод применить в наших ВУЗах, то не исключена успешность. Мы живем в веке современных технологий. Это говорит о том, что мы живем в мире, где каждый человек каждый день пользуется услугами интернета. Если знания, исходимые из ВУЗов, лекции или примеры решения задач будут в таком формате, то студентам будет легко воспринимать информацию, усваивать и экономить время в течение дня, недель или возможно даже сокращение длительности целых семестров, учебных лет. Что в свою очередь позволит студентам заниматься повышением своей квалификации и благосостояния за счет работы по специальности или получении каких-то дополнительных навыков для самореализации, в конце концов, будет время для занятия спортом. А учебные заведения, студенты будут посещать исключительно для получения практических навыков, для более тесной работы с одногруппниками, с командой и с преподавателями, которые не будут более тратить год за годом на одни и те же лекции и разъяснения, а напрямую взаимодействовать со студентами, находить их сильные стороны, таланты и поощрять для дальнейшего развития. Это будет выгодно не только для самого студента, но и для среды, в которую он попадет, будь то робототехника или строительство.

2) Большее вовлечение частных организаций в процесс обучения.

Сюда можно отнести то, что возможно в будущем ВУЗы буду акционерными обществами, которыми владеют организации, нуждающиеся в новых высококвалифицированных специалистах. Это облегчит задачу по прохождению практики

студентам, также им будет легче найти работу после обучения и наконец, сами студенты будут стараться учиться лучше, чтобы работать на этих предприятиях. А также работники с большим опытом могли бы преподавать практические занятия для студентов в ВУЗах. Студенты, как и все люди являются разными и могут с разной производительностью и интересом работать в разных сферах одной профессии. «Преподаватели-сотрудники» благодаря своему профессиональному опыту смогут в разной степени помогать студентам получать нужные знания в зависимости от их способностей. Давать базовые знания, которые необходимы для овладения всеми студентами, обучающихся по этой специальности. Также выборочно давать более глубокие знания для студентов, которые показывают высокие результаты по отдельным предметам. Это поможет в будущем трудоустроиться студентам, благодаря доверенному лицу организаций, которые заинтересованы в новых кадрах в лице преподавателя. Для сотрудников, которые будут преподавать, это будет дополнительным стимулом, так как благодаря преподаванию можно будет получить дополнительную денежную надбавку. Так же для этих людей появится возможность преподавать без прохождения длительного академического пути, что само собой, по нашему мнению, не является самым главным показателем объема и качества знаний, с которым может поделиться лектор перед студентами, практика является наиболее важной составляющей знаний для передачи следующим поколениям.

3) Индивидуализация и раскрытие талантов также является важным фактором для улучшения системы образования в целом, в частности в подготовке будущих инженеров и ученых. В ВУЗах все усилия должны быть направлены на раскрытие возможностей студентов, определение и направление их в деятельность, которая больше всего будет подходить им, делая которую, они будут чувствовать себя комфортно. По словам Кена Робинсона: “Образование должно быть одним из главных процессов, помогающих найти свою стихию.” [2]

Вышеперечисленные изменения должны нести пользу всем участникам образовательного процесса. Рассмотрим всех участников:

Для студентов:

- Больше свободного времени, так как просмотр видео-лекции можно совместить с другими менее значимыми делами, например, просмотреть видеоурок во время поездки.
- Легче готовиться и конспектировать. Так как, освоение материала становится проще с помощью компьютера, потому что компьютеры не устают показывать вам то же самое видео по пять раз.
- Сокращение учебного процесса.
- Возможность устроиться на работу за счет организации, спонсирующей ВУЗ.
- Набираться опыта работы за счет привлечения в рабочие проекты спонсирующей организации.

Для преподавателей:

- Появится дополнительное время для занятия другими видами деятельности, например, такими как работа в студенческих организациях, в которые вовлечены обучающиеся.
- Занимаясь дополнительной деятельностью появляется возможность для дополнительного заработка.

Для родителей:

- Сокращение учебного процесса приводит к уменьшению стоимости оплаты за обучение.
- Повышается уровень образования за счет конкурентоспособности.
- После привлечения в организации студент будет максимально занят рабочей полезной деятельностью, что в свою очередь повлияет на меньшие затраты времени на социальные сети и т.п.

- Трудоустройство после окончания ВУЗа. То есть, после привлечения в рабочие проекты студенту, имея опыт работы, будет легче трудоустроиться в организацию, спонсирующую ВУЗ.

Для организации, привлеченной в учебный процесс:

- Готовые молодые специалисты с опытом работы, которые стажировались во время обучения у них на предприятии.

- Вовлеченность в науку, появляется возможность применения новых разработанных технологий в производстве.

Для ВУЗа:

- Конкурентоспособность с иностранными ВУЗами.

- Облегченность учебного процесса, а также вовлеченность студентов позволит увеличить количество абитуриентов.

- Сотрудничество с компаниями улучшает финансовое состояние ВУЗа.

Для государства:

- Высококвалифицированные кадры, имеющие возможность конкурировать с зарубежными представителями.

- Решение вопросов безработицы за счет трудоустройства после окончания ВУЗа.

Вывод. Какими бы ни были решения проблем образования, всегда должны учитываться интересы всех сторон. Студенты должны получить более легкую и интересную для них форму обучения, преподаватели - возможность работать за достойный оклад, работать на улучшение и взаимосвязь со студентами и для развития. ВУЗ, в свою очередь, получит возможность предоставлять качественное образование, которым все участники процесса обучения и будущие работодатели останутся довольными. Работодатели должны получить качественных высококвалифицированных специалистов. Также существует заинтересованность государства, которое стремится уменьшить количество безработицы и приглашаемых иностранных специалистов.

ЛИТЕРАТУРА

[1] Кен Робинсон, Лу Ароника. Школа будущего. – Манн, Иванов и Фербер; Москва, 2016. – 390 с.

[2] Кен Робинсон, Лу Ароника. Призвание. Как найти то, для чего вы созданы и жить в своей стихии. – Манн, Иванов и Фербер; Москва, 2009. – 350 с.

[3] Питер Норвиг. Класс размером в 100 000 студентов [Электронный ресурс]. – 2012. – URL: https://www.ted.com/talks/peter_norvig_the_100_000_student_classroom/ (дата обращения: 15.11.2016).

ӘОЖ 347.19

Г.К. Сабырбаева[1,a]

[1]М. Тынышбаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясы, Алматы қ., Қазақстан,
[a]gulnaz__@mail.ru

ЗАҢДЫ ТҰЛҒА

Аңдатпа. Бұл мақалада заңды тұлғаның түрлері мазмұны - қойылатын міндетті талаптар қарастырылды. Осыған байланысты Заңды тұлға азаматтық құқықтың заңмен танылған бірыңғай субъектісі ретінде күрделі құрылым деп есептеледі. Азаматтық кодекстің 33-бабында оған мынадай тұжырым берілген: Меншік, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығындағы оқшау мүлкі бар және сол мүлікпен өз міндеттемелері бойынша жауап беретін, өз атынан мүліктік және мүліктік емес жеке құқықтар мен міндеттерге ие болып, оларды жүзеге асыра алатын, сотта талапкер және жауапкер бола алатын ұйым заңды тұлға деп танылады.

Түйінді сөздер: азаматтық істер, азаматтық әрекеттер, заңдар, коммерциялық ұйымдар.

Аннотация. В этой статье рассматриваются обязательные требования к содержанию юридического лица. В этой связи, юридическое лицо считается сложной структурой как единым субъектом гражданского права, признанным законом. Статья 33 Гражданского кодекса делает следующее заявление: Юридическим лицом признается организация, которая имеет на праве собственности, хозяйственного ведения или оперативного управления обособленное имущество и отвечает этим имуществом по своим обязательствам, может от своего имени приобретать и осуществлять имущественные и личные неимущественные права и обязанности, быть истцом и ответчиком в суде.

Ключевые слова: гражданские дела, гражданские действия, законы, коммерческие организации.

Abstract. This article discusses the mandatory requirements for the content of a legal entity. In this regard, a legal entity is considered a complex structure as a single entity of civil law, recognized by law. Article 33 of the Civil Code makes the following statement: a person who has a separate property on the basis of ownership, business management or operational management and is liable for his obligations with this property and has personal and non-property rights and obligations on his behalf, and the person in charge can be recognized a legal entity.

Key words: civil cases, civil actions, laws, commercial organizations.

Заңды тұлға дегеніміз адамның кез – келген жиынтығы емес, ұйымдық бірлігімен бөлшектенетін, яғни мақсаттарымен міндетпе, құқықтары айқын көрсетілген өз жарғысы және ережесе бор ұйымдық бірлік. Құқықтар мен міндеттердің иесі бола білу, азаматтық айналымда құқықтың дербес субъектісі ретінде қатысу, біз жоғарыда айтқанымыздай, жеке тұлғаға ғана емес, заңды тұлғаларға да тән. Азаматтық кодекстің 33-бабында оған мынадай тұжырым берілген: «Меншік, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығындағы оқшаау мүлкі бар және сол мүлікпен өз міндеттемелері бойынша жауап беретін, өз атынан мүліктік және мүліктік емес жеке құқықтар мен міндеттерге ие болып, оларды жүзеге асыра алатын ұйым заңды тұлға деп таңылады. Заңды тұлғаның дербес балансы немесе сметасы болуға тиіс. Заңды тұлғаның өз атауы жазылған мөрі болады»

Азаматтық құқық ғылымы заңды тұлғаны мынандай белгілері бойынша айқындайды:

1. Ұйымдасқандық бірлігі;
2. Мүліктік оқшаулығы;
3. Дербес мүліктік жауапкершілігі;
4. Азаматтық айналымға өз атынан қатынасуы.

Әрбір заңды тұлғаның ұйымдасқан бірлігі оның өзіне тән қасиеті болғандықтан заңның өзі ұйымдарды бөліп қарайды. Ұйымдасқан бірлігі заңды тұлғаның ішкі құрылымнан көрінеді, сол арқылы қызмет аясы айқындалады. Заңды тұлғалар өз қызметтерін, егер заң құжаттарында өзгеше көзделмесе, жарғы немесе құрылтай шарты негізінде жүзеге асырады. Азаматтық құқықтың негізгі субъектілерінің бірі заңды тұлғалар болып саналады. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 33 бабының 1-тармағының 1-бөліміне сәйкес меншік, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығындағы оқшау мүлкі бар және сол мүлікпен өз міндеттемелері бойынша жауап беретін, өз атынан мүліктік және мүліктік емес жеке құқықтар мен міндеттерге ие болып, оларды жүзеге асыра алатын, сотта талапкер және жауапкер бола алатын ұйым *заңды тұлға* деп танылады.Заңды тұлға – мүліктік қатынастардың басқа субъектілері ұйымдастырған, құрған және құқықтары мен міндеттер берген субъект. Заңды тұлғаның құрылтайшылары (құрушылары) оны мүліктік қатынастардың субъектілері ретінде өзінен бөлу мақсатында құрады. Мүліктік азаматтық – құқықтық қатынастар үшін заңды тұлға институтының тәжірибелік маңыздылығы мынада: «заңды тұлға құрылтайшыларының өз кәсіпкерлік тәуекелін өздері үшін орынды болады деп есептейтін сомамен шектеу

мүмкіндігі бар». Азаматтық құқықытық қатынастардың мазмұны, субъектілері және объектілері. Құқық қабілеттілік және әрекет қабілеттілік. *Құқық қабілеттілігі* адамның — құқық субъектісінің өлуімен бірге қысқарады. Өлген адамның ие болып келген құқықтары мен міндеттері ішінара (жеке бастың, жеке отбасылық жағынан) қысқарады, ішінара (мүліктік құқықтар) мұрагеріне көшеді. Өлім-бірқатар құқықтық салдар тудырып кететін факт. Сондықтан, адам туғанда тіркелсе, қайтыс болған азаматты да хал актілерінде тіркеу керек. Айта кететін жайт, азаматтың денсаулығы және психикалық жағдайы оның құқық қабілеттілігіне әсер етпейді. Азаматтардың *әрекет қабілеттілігі* дегеніміз — азаматтың өз әрекеттерімен азаматтық құқықтарға ие болуға және оны жүзеге асыруға, өзі үшін азаматтық міндеттер жасап, оларды орындауға қабілеттілігі болып табылады. Азаматтардың әрекет қабілеттілігі — азаматтың құқық қабілеттілігінен ерекшеленеді. Азаматтың құқық қабілеттілігі оның, дүниеге келген сәтінен бұл дүниеден озғанынша бірге болады. Азаматтың әрекет қабілеттілігі үшін оның, өз еркімен мүлікті иеленіп, оған билік ету немесе өзіне міндеттеме алуға тілек білдіруі қажет. Сондықтан да азаматтың құқық қабілеттілігі оның жасы мен психикалық жағдайына қатысты келеді. Ол өзіне азаматтық құқықпен міндеттілікті алу үшін қалыпты әрі толысқан психикада болуы тиіс. Нәтижесінде құқық қабілеттілігі барлардың бәрі бірдей әрекет қабілеттілігіне ие емес, бір сөзбен айтқанда, азаматта құқық қабілеттілік болғанымен, әрекет қабілеттілігі белгілі бір уақыт арасында болмауы мүмкін. Азаматтық кодекстің 17-бабына сәйкес әрекет қабілеттілігі кәмелетке толғанда, яғни 18 жасқа толғаннан кейін толық көлемінде пайда болады. Бұл арада ескеретін мынадай бір жағдай бар: Азаматтық кодекстің 17-бабы 2-тармағына сәйкес, заң құжаттарында 18 жасқа жеткенге дейін некелесуге рұқсат етілетін жағдайда, 18 жасқа толмаған азамат некеге тұрған кезден бастап толық көлемінде әрекет қабілеттілігіне ие болады. Қазақстанда «Неке және отбасы туралы» Заң бойынша некеге тұруға 18 жастан бастап рұқсат етіледі. Егер дәлелді себептер болған жағдайда мемлекеттік тіркеу орны бойынша азаматтық хал актілерін тіркеу органдары неке жасын екі жылдан аспайтын мерзімге төмендетуі мүмкін («Неке және отбасы туралы» Заң, 10-бап). Әдебиеттерде азаматтардың әрекет қабілеттілігі *толық*, *ішінара* (толық емес) және *шектеулі* болып бөлінеді. Оның өзі азаматтың әрекет қабілеттілігіне байланысты жүзеге асады. Жаңа туған бала толығынан құқық қабілеттілігі бола тұрса да, өзі әрекет жасап қайсыбір құқыққа ие болуға немесе өзіне міндеттер алуға қабілетсіз екендігі түсінікті нәрсе. Саналы әрекет жасау қабілеті кісінің өскендігіне (жасына) байланысты. Сондықтан әрекет жасау жасы толған адамдарда ғана болады. 18 жасқа толғандар ғана ер жеткен деп саналады (АК-тің, 17-бабы, 1-тармағы). Осы жасқа толған соң адам азаматтық құлсық айналымының толық құқылы қатысушысы болып қана қоймай, ол саяси құқықтар мен міндеттерге де ие болады. Толық емес немесе ішінара әрекет қабілеттілігі бойынша, азамат өзінің әрекеті арқылы кез келген құқықтық әрекетті жасай алмайды, былайша айтқанда, заңда тікелей көрсетілген бірқатарына ғана ие. Ішінара (толық емес) әрекет қабілеттілігі әдетте, жасы кәмелетке толмағандарға тән, ал берілетін әрекет ауқымы олардың жасына байланысты. Заң мұндай тұлғаларды екі топқа бөледі: а) жасы кәмелетке толмаған 14 пен 18 жас аралығындағылар; б) жасы кәмелетке толмаған 14 жасқа дейінгі жас балалар. 14 пен 18 жас аралығындағылардың әрекет қабілеттілігі мейлінше ауқымды, олар заңда көрсетілген шекте әртүрлі мәмілелер жасай береді. Ондай мәмілелерді екі түрге бөлуге болады:— өздерінің заңды өкілдерінің, яғни ата-аналары мен асырап алушылардың, қорғаншылары келісімінсіз-ақ өз бетімен жасаған мәмілелер; — ата-анасының (асырап алушының, қамкоршысының) рұқсат берген жазбаша хаты негізінде жасалатын мәміле. Заңды тұлға – заң бойынша азаматтық құқықтар мен міндеттердің субъектісі болып табылатын кәсіпорын, мекеме, ұйым, фирма, т.б. Ол өз атынан мүліктік және жеке беймүліктік құқықтар мен міндеттемелерді сатып ала алады, сотта, төрелік сотта (арбитражда) талапкер немесе жауапкер бола алады. Әрбір заңды тұлға заңда, әкімшілік актіде немесе өзінің жарғысында көзделген міндеттерді жүзеге асырады, сол

тәртіппен реттелетін ішкі құрылымы болады, меншігінде, шаруашылық жүргізуінде немесе оралымды басқаруында оқшау мүлкі бар және осы мүлікпен өзінің міндеттемелері бойынша жауап береді[1].

Заңды тұлғаның фирмалық атауы, дербес балансы мен сметасы, банктерде есеп айырысу шоттары, сондай-ақ мөрі болады. Ол дербес салық төлеуші ретінде әрекет етеді. Заңды тұлға мүлкінің құралуына қатысуына қарай оның құрылтайшыларында осы заңды тұлғаға қатысты міндеттемелік құқықтары не оның мүлкіне заттық құқықтары болады. Құрылтайшыларының міндеттемелік құқықтары бар заңды тұлғаға жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер мен акцион. қоғамдар, өндірістік кооперативтер мен тұтыну кооперативтері жатады. Мүлкіне құрылтайшыларының меншік құқығы немесе өзгедей заттық құқығы бар заңды тұлғаға мемл. және жергілікті (муниципалдық) кәсіпорындар, соның ішінде еншілес кәсіпорындар, сондай-ақ, меншік иесі қаржыландыратын жекеменшік кәсіпорындар (фирмалар) жатады. Құрылтайшыларының мүліктік құқықтары жоқ заңды тұлғаға қоғамдық және діни ұйымдар (бірлестіктер), қайырымдылық және өзгедей қорлар, бірлестіктер (қауымдастықтар мен одақтар) жатады. Сондай-ақ, өз қызметінің негізгі мақсаты ретінде пайда алуды көздейтін коммерциялық ұйымдар мен табыс алуды көздемейтін және алынған табысты құрылтайшылар арасында бөліспейтін коммерциялық емес ұйымдар да Заңды тұлғаға жатады[2].

Азаматтық құқық жеке құқық саласы болып табылады. Азаматтық заңдармен тауар-ақша қатынастары және қатысушылардың теңдігіне негізделген өзге де мүліктік қатынастарға байланысты мүліктік емес жеке қатынастар реттеледі. Азаматтық заңдармен реттелетін қатынастардың қатысушалары азаматтар, заңды тұлғалар, мемлекет. Құқықтар мен міндеттердің иесі болу білу, азаматтық айналымда құқықтың дербес дербес субьектісі ретінде қатысу, біз жоғарыда айтқанымыздай, жеке тұлғаға ғана емес, заңды тұлғаларға да тән.Заңды тұлғалар коммерциялық және коммерциялық емес деп бөлінеді. Коммерциялық ұйым пайда табуды көздейді. Кіріс түсіру мақсаты болып табылмайтын және алынған таза кірісті қатысушылар арасында бөлмейтін заңды тұлға коммерциялық емес ұйым деп танылады. Азаматтық кодекстің 41-бабына сәйкес заңды тұлға өз қызметін жарғысы не құрылтай шарты деп аталатын құрылтай құжаттары негізінде жүзеге асырады. Заң құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның басқа құрылтай құжаттары болуы мүмкін. Сонымен қатар, коммерциялық емес ұйымның құжаттары: 1) мекеме үшін – меншік иесі (меншік иелері) бекіткен ереже (жарғы) және меншік иесінің (меншік иелерінің) заңды тұлға құру туралы шешімі; 2) қор, тұтыну кооперативі, коммерциялық емес акционерлік қоғам, қауымдастық (одақ) нысанындағы өзге де ұйымдық- құқықтық нысанындағы заңды тұлғалар бірлестігі үшін — құрылтайшылар бекіткен жарғы және құрылтай шарты; 3) қоғамдық бірлестік, діни бірлестік үшін — жарғы болып табылады. Жарғылық капиталы құрылтайшылардың (қатысушылардың) салымдарына (үлесіне) бөлінген, өз қызметінің негізгі мақсаты пайда түсіру деп есептелетін және заңды тұлға болып табылатын коммерциялық ұйым шаруашылық серіктестігі болып танылады.[3].

Заңды тұлғалар – азамттық құқық субьектілері ішінде ерекше орын алады. Яғни, олар Қазақстан экономикасының дамуына өте үлкен үлес қосады. Заңды тұлғалардың көптеп құрылуы халықты жұмыспен қамтамасыз етуге көмегін тигізеді. Салық-мемлекеттің тіршілік ету көзі, ал заңды тұлға бірден –бір салық төлеуші субьект. Зерттеу мақсаты- заңды тұлғалардың құрылуы, оның түрлерінің бір-бірінен ерекшелігі, олардың заң арқылы қорғалуы, ел экономикасының жоғары деңгейде дамуына әсер ететінін көрсету, және түрлеріне жеке-жеке тоқталу, олардың жарғылық капиталының құқықтық реттелуін, қаржыландырылуы, құрылтай құжаттары туралы түсінік беру. Заңды тұлғалардың жарғылық капиталы жатады. Заңды тұлғаларды құру, қайта құру, тіркеу, тарату, құқықтық пайда болатын қоғамдық қатынастар танылады, бұл қатынастар өз кезегінде зерттеу пәні болып табылады. Жалпы ғылыми тәсілдер ретінде диалектикалық

тәсіл, ұғымдардың бөліктерін, жекелеген белгілерін талдау мен жүйелеу тәсілдері қолданылды[4].

Қазақстан Республикасының заңнамалар жүйесінде заңды тұлғалардың және оның түрлерінің жарғылық капиталын құқықтық реттеуге ерекше көңіл бөлінеді. Құқықтың негізгі қайнар көзі болып Қазақстан Республикасының Конституциясы табылады. Заңдық күші тұрғысынан алғандағы келесі бір акті — Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі. Ол жалпы сипатты иеленетін нормативтік актілер қатарына жатады. Егер қандай да бір мәселе арнаулы нормативтік актілер мен шаруашылық серіктестік заңдарымен реттелмесе, онда Азаматтық Кодекстің нормалары қолданылады. Қазақстан Республикасындағы өндірістің дамуына орай заңды тұлғалар қоғамда ерекше орын алатындығы мәлім. Бұл қатынастарды құқықтық реттеудің күрделілігі осы саладағы нормативтік-құқықтық актілердің көптігімен сипатталады.[5].

Ғылыми әдебиеттерде заңды тұлғаларға көп көңіл бөлінген. Атап айтқанда, аталған тақырыпты зерттеу барысында А.ГДиденко, Ю.Г.Басин, Д,А.Колбасин, Ғ.Тулеуғалиев, Ғ.А.Жайлин секілді ғалымдардың еңбектері қолданылды. Заңды тұлғалар мекемелерінің көп түрлі болуы кез келген мемлекеттің экономикасының тиімді қызмет істеу негізін құрайды. Жарғылық капиталының құқықтық реттелуі заңды тұлғалардың тиімді қызмет етуінің негізін құрайды. Сонымен заңды тұлғалардың ішінде шаруашылық серіктестік мемлекеттің экономикалық дамуына зор үлес қосады. Шаруашылық серіктестіктің ішінде көп таралған, танымал түрі жауапкершілігі шектеулі серіктестік болып табылады. Бір немесе бірнеше адам құраған, жарғылық капиталы құрылтай құжаттарымен белгіленген мөлшерде үлестерге бөлінген серіктестік жауапкершілігі шектеулі серіктестік деп танылады. Жауапкершілігі шектеулі серіктестікке қатысушылар оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және серіктестіктің қызметіне байланысты заңдарға өздерінің қосқан салымдарының құны шегінде тәуекел етеді. Жауапкершілігі шектеулі серіктестік заңды тұлға болып табылады. Қатысушылары серіктестік міндеттемелері бойынша жарғылық капиталға қосқан өздерінің салымдарымен, ал бұл соамлар жеткіліксіз болған жағдайда өздері енгізген салымдардың еселенген мөлшерінде өздеріне тиесілі қосымша мүлікпен жауап беретін серіктестік қосымша жауапкершілігі бар серіктестік деп танылады. Мемлекеттік органдардың жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерге қатысуға құқығы жоқ. Мемлекеттік кәсіпорындар жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерге мемлекет оның келісімімен уәкілдік берген орган арқылы ғана қатысушы бола алады. Жауапкершілігі шектеулі серіктестікке қатысушылардың саны елуден аспауға тиіс. ЖШС құру үшін оның құрылтайшыларының құрылтай шартын жасауымен басталып, серіктестіктікті заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеуден өткізумен аяқталады. Құрылтай шартын нотариат куәландыруға тиіс. Серіктестіктің заңды тұлға ретіндегі құқықтық мәртебесін белгілейтін құжат ЖШС-ның жарғысы болып табылады. Жарғыда серіктестіктің қызметінің мәні мен мақсаттары көзделуі мүмкін. Серіктестіктің жарғысын нотариат куәландыруға тиіс. Жауапкершілігі шектеулі серіктестікті мемлекеттік тіркеуді әділет органдары заңды тұлғаларды тіркеу туралы заңдарда белгіленген тәртіппен жүзеге асырады. Қазақстан Республикасының 50 озық елдің қатарына шығар жолында заңды тұлғаларды құру жүйесін Халықаралық стандарттарға сай дамыту керек. Азаматтық құқық қатынас азаматтық құқық нормаларымен реттелетін қоғамдық қатынастар. Заңды тұлға азаматтық құқықтың негізгі субьектілерінің бірі. Қазақстан Республикасында заңды тұлға туралы ережелер Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің нормаларымен реттелген. Заңды тұлғаны, соның ішінде шаруашылық серіктестікті зерттеу, қолданыстағы заңнаманың ережелеріне және оларды қолдану тәжірибесіне талдау жасау барысында нақты бір теориялық және тәжірибелік қорытындылар жасауға болады. Аталған тақырыптағы диплом жұмысын зерттеу мақсатының орындалғандығына келетін болсам, заңды тұлға туралы, аруашылық серіктестік және оның түрлерінің ерекшеліктері нақты зерттеліп, бұл тұрғыда төменде аталған міндеттер шешілді: диплом жұмысының зерттеу

пәні болып табылатын шаруашылық серіктестікті құру, қайта құру, тіркеу, таратуға байланысты пайда болатын қоғамдық қатынастардың элементтеріне толықтай сипаттама берілді.

Қорытынды. Заңды тұлға азаматтық құқықтың заңмен танылған бірыңғай субъектісі ретінде күрделі құрылым деп есептеледі. Азаматтық кодекстің 33-бабында оған мынадай тұжырым берілген: Меншік, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығындағы оқшау мүлкі бар және сол мүлікпен өз міндеттемелері бойынша жауап беретін, өз атынан мүліктік және мүліктік емес жеке құқықтар мен міндеттерге ие болып, оларды жүзеге асыра алатын, сотта талапкер және жауапкер бола алатын ұйым заңды тұлға деп танылады.Азаматтық құқықтық ілімінде заңды тұлғаның, оның ішінде әсіресе мемлекеттік заңды тұлғалардың маңызы, яғни құқықтық жағдайы жөнінде бірнеше ілім бар.

ӘДЕБИЕТ

[1] Қазақстан Республикасының Конституциясы. Алматы. 1995. 30 тамыз. – 5-8 б.

[2] Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексі. 2017. 58-60 б.б.

[3] Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі. Алматы. 2017ж. 36-38б.б.

[4] «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу туралы » Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығы 17.04.1995 ж.

[5] М.К.Сулейменов, Ю.Г.Басин . Азаматтық құқық. Оқулық, Жалпы бөлімі Алматы: Жеті жарғы. 2001 56-58 б.б.

ӘОЖ 330

Г.К. Сабырбаева[1,a]

[1]М. Тынышбаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясы, Алматы қ., Қазақстан,
[a]gulnaz__@mail.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КӨЛІК САЛАСЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК

Аңдатпа. Бұл мақалада Қазақстан Республикасының көлік саласындағы әлеуметтік-психологиялық қауіпсіздік қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің күрделілігі мен көпқырлылығы көптеген әдістердің маңызды екендігін білдіреді. Әрбір әдіс қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің мақсаты мен міндеттерін жүзеге асырудың өзіне тән тәсілімен сипатталатын болғандықтан, олар бірін-бірі толықтырып отырады.

Түйінді сөздер: көлік, психология, заңдар, қауыпсіздік.

Аннотация. В этой статье рассматриваются сложность и разнообразие социального обеспечения в транспортном секторе Республики Казахстан и отражает важность многих методов. Каждый метод является дополнительным, поскольку каждый метод характеризуется конкретным методом реализации целей и задач общественной безопасности.

Ключевые слова: транспорт, психология, законы, безопасность.

Abstract. This article discusses in this article the complexity and diversity of social security in the transport sector of the Republic of Kazakhstan reflects the importance of many methods. Each method is complementary, since each method is characterized by a specific method of realizing the goals and tasks of public safety.

Key words: transport, psychology, laws, security.

ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстан-2030» Жолдауында «Тарихи тұрғыдан алғанда, еліміздің аумағы арқылы Шығыстан Батысқа және кері қарай көлік легі тоқтаусыз өтіп жатты, ал олардың жылжу жиілігі бүгінгі күні де саябырситын емес. Қазақстанның міндеті отандық көлік және коммуникация кешенінің бәсекелестік қабілетін

және аумағымыз арқылы өтетін сауда легінің ұлғайтылуын қамтамасыз етуде жатыр. Ежелден бастап Ұлы Жібек жолы, Еуропа мен Азияны керуен жолымен байланыстырып, батыс пен шығыс өркениетінің өзара ықпалдасып дамуына мүмкіндік берді. Барлық дәуірлерде бұл бағыт ерікті қайырымдылық жолы болды.[1] Мемлекеттік-территориалдық құрылымды, ішкі және сыртқы нарықты қалыптастырудың қуатты факторы ретінде кез келген қоғамда маңызды болып саналатын, бұл жерде Орталық Азия мемлекеттерінің көлік саласындағы өзара ықпалдасу проблемасының ерекше өзектілігін айту керек. Көлік еліміздің барлық шаруашылық салаларын біріктіреді, аймақтардың қажетті байланысын қамтамасыз етеді. [2]

Көлік факторы тек қана халықаралық деңгейде ғана емес, сондай-ақ мемлекетішілік еңбек бөлінісінде де үлкен маңызға ие. Көлік коммуникациясын дамыту, 21 ғасырдағы өндірістің территориалдық орналасу жүйесіндегі өзгерістерге байланысты орын алған проблемалардың өз шешімін табуына септігін тигізеді. Көлік тасымалының жеткілікті дамымауының салдарынан, тұрғындарды ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіп өнімдерімен толық жабдықтау мүмкін болмай отыр.Экспортты-импортты операцияларды жүргізу көлеміне кері әсерін тигізуде. Көлік және көлік коммуникациясын дамыту Қазақстанды әлемдік қауымдастыққа тартудың, республикаға шетелдік инвесторлардың назарын аударудың кепілі. Көлік коммуникациясын дамыту тікелей шаруашылық қажеттілік, сонымен бірге экономика мен мәдениеттің басқа да салаларын, жетілдірілген көлік коммуникациясына тәуелді, әсіресе туризмді дамыту үшін қажет. Халықаралық көлік коммуникациясы желілерін кеңейту Қазақстанның экономикалық және саяси басымдылығын арттыруы тиіс, атап айтсақ: сыртқы сауда-саттықта тауар айналымы үрдісін айтарлықтай жеделдету және осыған кететін тікелей және жанама шығындарды азайту; республикалық бюджетке түсетін валюталық түсімнің үлесін ұлғайту.«Қауіпсіздік» ұғымы «табиғат-адам-көлік» жүйесіндегі өзара әрекеттің барлық түрлері және бағыттарымен тығыз байланыстағы нақты тарихи сипатқа ие күрделі, сан қырлы әлеуметтік құбылыс. Қауіпсіздік, сөзсіз адамзат өмірінің алғашқы қажеттіліктерінің біріне жатады. «Психологиялық қауіпсіздік» түсінігін анықтауда мүмкін тәсілдердің бірі шетелде кең тарады. Бұл тәсіл үшін «психологиялық қауіпсіздік» түсінігін «психологиялық қамсыздандырылу» түсінігімен орайластыру сипатты болып келеді. Бұл ретте, психологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, мұқтаж азаматтардың категорияларына материалды және басқа да көмек түрлерін көрсету мәселелерін шешу жалпы ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің негізгі аспектілерінің бірі деп ұйғарылады. [3]

Қоғамдық қауіпсіздік деп әлеуметтік қауіпсіздіктің әртүрлілігі ретінде, тұлғаның қауіпсіздігін, қоғамдық тыныштықты, азаматтардың еңбек етуге және демалуға қолайлы жағдайларын, мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің, мекемелер мен ұйымдардың қалыпты қызметін қылмыстық және құқыққа қарсы басқа әрекеттерден, жоғарғы қауіптілік көздерін пайдалану тәртібін, азаматтық айналымнан тәркіленіп алынған заттарды пайдалану тәртібін бұзудан, техногендік және табиғи сипаттағы қолайсыз құбылыстардан, сондай-ақ басқа да ерекше жағдайлардан шығатын қауіптерден қамтамасыз ету мақсатындағы құқық нормаларымен реттелген қоғамдық қатынастардың жүйесін түсінеміз. Сөйтіп, мемлекеттегі қоғамдық қауіпсіздік өз алдына құқықтық нормалардың сақталуы мен орындалуының нәтижесінде қалыптасқан әлеуметтік-құқықтық санатты, қол сұғылмаушылыққа мемлекетпен, қоғаммен кепілдік берілетін қоғамдық қатынастар жүйесін қояды. Осы мән мәтінде қоғамдық қауіпсіздіктің мәні мен оның элементтері жөнінде айтқанда, келесіні атап өту қажет. Қоғамдық қауіпсіздіктің мәні қауіпсіздікке тән біршама нық ішкі байланыс элементтерін құрайды. Қоғамдық қауіпсіздіктің мәні материалдық, зейіндік және құқықтық мазмұнымен сипатталатын элементтер жүйесі ретінде түсіндірілетін оның шынайы құрамы болып табылады[4]

Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету қауіпсіздік субъектісінің, оның қызметінің объектісіне мақсатты ықпал етуі арқылы жүзеге асырылады. Бұл ықпал әдістермен аталуы тиіс түрлі тәсілдердің, құралдардың көмегімен өндіріледі. Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету әдістері қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің мақсаты мен міндеттерін тәжірибелік іске асыруға мүмкіндік береді. Әдістер қоғамдық қауіпсіздіктің мақсатына қандай тәсілмен жетуге болады деген сұраққа жауап береді. Демек, әдістер дегеніміз — бұл қауіпсіздіктің субъектілеріне жүктелген мақсаттарды, міндеттер мен қызметті іске асыру құралы. Басқа жағынан, мақсаттар, міндеттер мен атқаратын қызметтер әдістерді қолданудың ерекшелігіне себепші болады. Олардың таңдауы көбіне қойылған мақсаттарға жетудің шынайылығын анықтайды. [5]

Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету әдістерінің мазмұнын талдау оларға тән келесі ерекшеліктерді бөліп қарауға мүмкіндік береді:

1) олар қауіпсіздік субъектісінің ықпал ететін объектімен байланысын білдіреді;

2) әдістер — бұл субъектінің қоғамдық қауіпсіздіктің жағдайына басқарушылық ықпал ету құралы;

3) әдістер — бұл қауіпсіздік процестерінің субъектілері жүйесіндегі реттеу, ұйымдастыру тәсілдері, қауіпсіздік субъектілерінің бірлескен қызметінде жалпы мақсатқа қол жеткізу арқылы қабылдаулар;

4) әдістер қоғамдық қауіпсіздік жүйесіндегі неғұрлым жылдам және белсенді элемент болып табылады;

5) нақты әдісті таңдау ықпал ету объектісінің (жеке, лауазымды немесе заңды тұлға, меншік нысандары) ерекшеліктерін ескере отырып іске асырылатындықтан, оларды қолдану баламалы сипатта болады;

6) әдістерде өздерінің нақты адресаттары болады;

7) мемлекеттік және муниципиалды (жергілікті) қауіпсіздік субъектілері жүйесінде әдістер қауіпсіздік саласындағы мемлекеттің саяси құралы болып табылады. Оларға өзінің ашық мүддесін, мемлекеттің еркін білдіру тән;

8) әдістерде қауіпсіздік субъектілеріне жататын өкілеттіктер білдіріледі;

9) әдістерге оларды тікелей тәжірибелік білдірудің құқықтық және басқа да нысандары тән.

Мазмұны мен бағытына қарамастан, әдістерге бірінші кезекте келесілер тән: объективті ұйымдастырушылық нысаны деп ықпал етудің түрі, яғни жеке ұйғарым (шешім, қаулы, бұйрық, өкім және т. б.) немесе мінез-құлық нормасы (ереже), яғни қауіпсіздік аясындағы қатынастарды құқықтық реттеу түсіндіріледі. Сол және басқалары реттеу құралдары болып табылады. Құқықтық рұқсаттар, тиымдар, ұйғарымдар рөлінде білдіріледі:

1. әдістердің ықпал ету сипаты тікелей және жанама болуы мүмкін (ынталандырушылық және шектеушілік жағдайларды құру жолымен);

2. әдістердің ықпал ету тәсілі жекеше, ұжымдық және алқалық болуы мүмкін;

3. әдістердің тактикалық және стратегиялық сипаты;

4. уақытша сипаты (қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді). Осылайша, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің мәні қоғамның өмірлік іс-әрекетімен анықталады.

Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің күрделілігі мен көпқырлылығы көптеген әдістердің маңызды екендігін білдіреді. Әрбір әдіс қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің мақсаты мен міндеттерін жүзеге асырудың өзіне тән тәсілімен сипатталатын болғандықтан, олар бірін-бірі толықтырып отырады. Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің өзара үйлесімдіктегі жан-жақты екі әдісі бар. Ол — сендіру және мәжбүрлеу.

ӘДЕБИЕТ

[1] Қазақстан Республикасының Конституциясы. Алматы. 1995. 30 тамыз. – 5-8 б.

[2] Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі көлік стратегиясы туралы»: [Электронды ресурс] // 78-80 б.

[3] Көлік қауіпсіздігі және транзиттік мүмкіндіктер.// Егемен Қазақстан , Алматы. 2017ж. 46-48 б.
[4] «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу туралы » Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығы 17.04.1995.
[5] Қауіпсіздік Кеңесі ақпараттық және көлік қауіпсіздігі мәселелерін қарады: [Электронды ресурс] // Алматы: Жеті жарғы. 2001. – 56-58 б.

УДК 656.2:338

А.Б. Сарбасова[1,a], М.К. Канагатов[1,b], А.К. Сердак[1,b]
[1]М. Тынышбаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясы, Алматы қ., Қазақстан,
[a]aizhamal_09@mail.ru, [b]m.kanagatov@kazatk.kz

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КӨЛІК САЛАСЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚАУІПСІЗДІК ПРОБЛЕМАЛАРЫ

Аңдатпа. Мақалада Қазақстандағы көлік саласындағы әлеуметтік қауіпсіздік мәселелері қарастырылған.

Түйінді сөздер: Инвестиция, инфрақұрылым, әуе көлігі, су көлігі , темір жол көлігі, автомобиль көлігі.

Аннотация. В статье рассматриваются социальное проблемы в транспортном секторе Казахстана.

Ключевые слова: инвестиция, инфраструктура, воздушный транспорт, водный транспорт, железнодорожный транспорт.

Abstract. The article deals with social problems in the transport sector of Kazakhstan.

Key words: Investment, infrastructure, air transport, water transport. Railway transport.

Көлік мемлекеттік және халықаралық еңбек бөлінісінің материалдық негізін құрайды. Барлық байланыс жолдары, көлік кәсіпорындары мен көлік құралдары дүниежүзілік көлік жүйесіне бірігеді. Көлік жүйесін дамытудың, әсіресе аумағы ете үлкен елдер үшін маңызы ерекше. Сондықтан көлік жүйесінің салаларын дамытуға бұл елдер көп қаржы жұмсайды.Ғылыми-техникалық революция көліктің барлық түрлерінің қарқынды дамуына негіз болды. Бұл көліктер жылдамдығының артуынан, олардың жүк көтеру және тасымалдау мүмкіншіліктерінің кеңеюінен айқын көрінеді.

Көлік қатынасы жоғары дамыған елдерде жақсы жолға қойылған. Шығыс Еуропа елдері мен Ресейдің көлік жүйесі жолдардың жиілігі мен сапасы, жүк айналымының мөлшері жөнінен Батыс Еуропа елдері мен АҚШ-тан әлдекайда төмен дәрежеде. Дамушы елдер бойынша осы заманғы көлік жүйелері тек жекелеген елдерде ғана жоғары дамыған, ал көпшілік елдерде ат-арба, адам күшімен жүк тасу әлі де болса, кең орын алып келеді. Ауғанстан, Непал сияқты елдерде теміржол мүлдем жоқ. Сол сияқты Парсы шығанағы жағалауындағы мұнай өндіруші елдер мен Мұхит аралдары, Кариб теңізі алабындағы кейбір елдерде де теміржол жоқ.

Көлік екі ірі тарапқа бөлінеді:

1. Өндірістік ішкі көлігі
2. Көпшілік пайдаланатын көлік

Өндірістік ішкі Көлігі

Өндірістік ішкі көлігі (зауыттардың ішкі темір жол пункттері, автомобильдік және көлік жолдар, конвейер, трансопортер, кран, т.б. көтергіш қондырғылар) әдетте белгілі бір кәсіорынға қызмет етеді және ол тікелей өндіріс процесінің құрамдас бөлігі болып есептеледі.

Көпшілік пайдаланатын көлік

Көпшілік пайдаланатын көлік:

- еңбекөнімдерін (дайынөнім, шикізат, шала фабрикадат.б.) бір кәсіпорыннан екінші кәсіпорынға, өндіріс орнынан тұтыну пункттеріне тасымалдау ісін жүзеге асырады. Бұл топқа көпшілік пайдаланатын көліктің барлық түрі - теміржол, өзен, теңіз, автомобильдік, әуе, құбыржолы көліктері жатады. Көпшілік пайдаланатын көлік еңбек өнімдерін тұтынатын орындарға (өндірістік және жеке тұтыну) жеткізе отырып, өндіріс процесін одан әрі жалғастырады.
- Жолаушыларды тасымалдау ісін де жүзеге асырады.

Автомобиль көлігінің үлес салмағы жыл сайын арта түсуде. Оған дәлел — тасжолдардың ұзындығының күрт өсуі; қазіргі кезде дүниежүзі бойынша олардың жалпы ұзындығы 25 млн км-ге жуықтады.

Бұл көрсеткіш жөнінен әсіресе АҚШ айрықша көзге түседі: мұнда 1000 адамға шаққанда 600 автомобильден келеді. Автомобиль жолдарының ұзындығы жөнінен де (5 млн км) АҚШ жетекші орын алады. Ал жолдардың жиілігі жөнінен Батыс Еуропа мен Жапония алға шығады.

Автомобиль көлігінің өте қарқынды дамуы көліктің жылдамдығына әрі жүкті шалғай аудандарға жедел жеткізуіне байланысты. Жалпы алғанда, дүниежүзілік жүк айналымының 10%-ы, жолаушы тасымалының 80%-ы автомобиль көлігінің үлесіне тиеді.

Дүние жүзіндегі темір жолдың жалпы ұзындығы 1 млн 250 мың км-ге жуық. Теміржолдың ұзындығы жөнінен де АҚШ алда келеді. Бірақ жолдардың жиілігі Батыс Еуропада өте жоғары, онда 100 км² жерге 10 км теміржол тиесілі болады. Жүк айналымындағы теміржол үлесі 15% шамасында..

Теңіз көлігінің үлесіне елдер арасындағы жүк тасымалының 80%-ы, дүниежүзілік жалпы жүк айналымының 60%-ы тиеді. Ірі теңіз державалары арасындағы өзара бәсекес алдарынан көптеген ірі кемелер салық тұрғысынан ұтымды болатын дамушы елдердің туы астында жүзеді. Сондықтан теңіз жүк тасымалындағы жетекші елдер қатарынан Панама, Либерия, Грекия, Кипрді көруге болады. Ірі сауда кемелерінің үлесі Ұлыбритания, Жапония, Норвегия, АҚШ, Ресей, Қытай елдерінде де жоғары. Теңіз жолының ежелден белгілі ауданы — Атлант мұхиты. Ірі порттары: Роттердам (Нидерланд), Жаңа Орлеан (АҚШ), Марсель (Франция), Гамбург (ГФР). Соңғы кезде Азияның жаңа индустриялық елдерінің қарқынды дамуы Тынық және Үндімұхиттарындағы теңіз жолдарын игеруге мүмкіндік беруде. Бұл аймақтағы халықаралық маңызы бар ірі порттар қатарына Кобе, Нагоя, Иокогама (Жапония) және Сингапур жатады. Теңіз жолдарының түйіскен жері жіңішке бұғаздар мен теңіз каналдары болып табылады. Ла-Манш бұғазы арқылы тәулігіне 500, Зонд бұғазы арқылы 175, Гибралтар бұғазы аркылы 140 кеме өтеді. Сонымен қатар Ормуз, Малакка, Босфор бұғаздарының маңызы зор. Адамзаттың ақыл-ойы мен еңбегінің нәтижесінде пайда болған жасанды бұғаздар — Суэц, Панама және Киль каналдары экономикалық жағынан аса тиімді теңіз қақпасы болып табылады.

Әуе көлігі — көліктің ең жаңа және қарқынды дамып келе жатқан түрінің бірі. Әуе көлігі көбінесе жолаушы тасымалы мен тез бұзылатын (жемістер мен көкеністер) жүктерді тасымалдауды маңызды рөл алуда. Соңғы жылдары турбовинтті және реактивті ұшақтардың енгізілуі әуе көлігінің тиімділігін арттыруда. Олардың қатарында көбінесе халықаралық әуе тасымалын қамтамасыз ететін "Боинг— 747" (АҚШ), "Ил—86" (Ресей), "Аэробус" (ГФР— Франция — Ұлыбритания), жылдамдығы 2—3 мың км/сағ-қа жететін "Конкорд" (Франция — Ұлыбритания) ұшақтары бар.

Әуе көлігі ең күшті дамыған ел — АҚШ, ол дүниежүзіндегі жолаушылардың 50%-ын тасымалдайды. Дүниежүзіндегі ең ірі әуежайлар: "О' Хара" (Чикаго), Даллас, Лос-Анджелес, Атланта, "Хитроу" (Лондон), "Ханеда" (Токио) және т.б.

Су көлігі – көлік жүйесінің ажырамас бөлігі. Ол мұнай мен мұнай өнімдерін, ағаш және құрылыс материалдарын жаппай тасымалдауға тиімді. Су көлігінің көліктің басқа түрлерімен, ең алдымен, темір жол көлігімен "тоғысатын" өзіндік ерекшелігі бар, яғни кемелерден вагондарға және керісінше вагондардан кемелерге тиеу

мүмкіндігі зор. Бүгінгі таңда су көлігі Қазақстанда өзен және теңізкөліктеріне бөлінеді. Өзен көлігі кеме қатынайтын өзендерге (Жайық, Ертіс, Сырдария, Есіл, Іле, Қаратал өзендеріне, Балқаш көліне); теңіз көлігі Каспий теңізі алабында қызмет көрсетеді.

Темір жол көлігі – республиканың көлік кешеніндегі маңызды қатынас құралы, көлік инфрақұрылымындағы басты буын. Қазақстанның географиялық жағдайы (теңізге тікелей шығу мүмкіндігінің жоқтығы), оның ұлан-байтақ аумақты алып жатуы, өндірістің шикізаттық құрылымы, өндіргіш күштердің орналасуы, автожол инфрақұрылымының жеткілікті дамымағандығы себепті темір жол көлігінің ел экономикасындағы рөлі айрықша маңызды. Тасымалданатын негізгі өнімдер – көмір, астық, мұнай, кентас, минералдық тыңайтқыш сияқты автомобиль көлігімен тасымалдауға тиімсіз сусымалы және сұйық жүктер.

Автомобиль көлігі – жүктерді таяу және орта қашықтыққа жедел жеткізетін тиімді көлік құралы. Ол Қазақстанда кезең-кезеңмен дамыды. Қазақстандағы халықаралық автомобиль тасымалы, негізінен, халықаралық маңызы бар автомобиль жолдарында орындалады. Олар 7 дәлізге бөлінеді.

- 1-дәліз: Қорғас – Алматы – Ташкент. Өзбекстанды Қазақстанның оңтүстік-шығыс аймақтарымен жалғастырады және шығыста ҚХР-на шығады. Батыста автожол Өзбекстан арқылы Орталық Азия елдеріне апарады. Шымкент қаласында 1-дәлізге шыққаннан кейін Қытайға, Орталық Азия елдеріне және Түркияға ашығуды қамтамасыз етеді.
- 2-дәліз: Ресей Федерациясы шекарасы – Орал – Ақтөбе — Қызылорда – Шымкент. Орталық Ресейді Қазақстанның оңтүстік аймақтарымен байланыстырады.

Автомобиль көлігі.

- 3-дәліз: Ресей Федерациясы шекарасы – Петропавловск – Астана – Алматы – Қырғызстан шекарасы. Солтүстікте автожол Оралдың өнеркәсіпті аймағына шығады. Қазақстанды орталық бөлікте кесіп өтіп, Солтүстік Қазақстанның астықты аймағын, Қарағанды өнеркәсіптік аймағын республиканың батысы мен өзара байланыстырады, Қытай және Пәкстан арқылы Үнді мұхитына шығады. Бағыт Қазақстанның елордасы Астана қаласына көшірілгеннен кейін ерекше мәнге ие болды.
- 4-дәліз: Ресей Федерациясы шекарасы (Омбы) – Павлодар – Семей – Майқапшағай. Батыс Сібірдің өнеркәсіптік аймақтарының, Павлодар аймағының, Шығыс Қазақстанның Қытайға шығуын қамтамасыз етеді.
- 5-дәліз: Ресей Федерациясы шекарасы (Челябі) – Петропавл – Ресей Федерациясы шекарасы (Новосибирск). Қазақстан аумағы бойынша ұзындығы 220 км болатын маршрут – Сібір аймақтарын орталық Ресеймен жалғастыратын магистралдық автожолдың бір бөлігі.
- 6-дәліз: Ресей Федерациясы шекарасы (Қорған) – Петропавл – Есіл – Арқалық– Жезқазған – Қызылорда – Өзбекстан. Орталық Қазақстанның аймақтарын (астық өсіретін және кен өндіретін) кесіпөтеді. Солтүстік Қазақстаннан, Оралдың арғыжағынан және Батыс Сібірден Орта Азияға және Үндімұхитына шығатын ең қысқа жол.
- 7-дәліз: Ресей Федерациясы шекарасы (Астрахан) – Атырау – Бейнеу – Түрікменбашы.

Әуе көлігі – әуе тасымалын орындайтын көлік түрі. Басқа көлік түрлерінен айырмашылығы – жылдамдығында. Әуе көлігі Америка мен Еуропаның бірқатар елдерінде 1-дүниежүзілік соғыстан кейін пайда болды.

- Қазақстанға тұңғыш ұшақ 1918 ж. ұшып келді (Мәртөк – Новосергеевка бағытында).
- 1923 ж. “Добролет” қоғамы құрылып, ол әуе поштасы мен жолаушылар тасымалдау ісін ұйымдастыруды қолға алды.
- 1924 ж. “Ю-13” ұшағымен Ташкент – Алматы, Алматы – Ташкент бағытында бірінші рет ұшу сынағы өткізілді.

• 1925 ж. Бішкек – Алматы әуе жолымен алғашқы пошта тасымалы жасалды.

• 1929 ж. Қызылорда – Мәскеу әуе жолы ашылды. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін бірнеше әуе компаниялары (“Эйр Қазақстан”, “Эйр Астана”) құрылды. Әуе компаниялары ішкі және халықаралық жолаушылар, пошта, жүк тасымалдауды, т.б. орындайды.

Құбыр желісі – көлік құралдарының бірі; сұйық, сусымалы жүктерді, мұнайды, газды құбырмен тасымалдау. Мұнда жылжымалы құрам – құбыр желілерінің өзі. Ондағы жүк қысыммен жылжиды. Әрбір 100 – 140 км қашықтықта автоматты түрде жұмыс істейтін сероп стансалары орнатылады. Құбыр желісі (мұнай құбырлары мен газ құбырлары) Қазақстанда тұңғыш рет 1970 ж. іске қосылды.

Өркениетті елдердегі тәрізді Қазақстан да көлік жүйелері мен желілерін жүйелі түрде жетілдіріп келеді. Оған 1998—2005 жылдар аралығында көлік инфрақұрылымы мен көлік түрлерін жетілдіруге бағыттайтын үкімет жобасы дәлел болады. Бұл жоба халықаралық көлік жүйесіне кіру мақсатын көздейді. Жылма-жыл бұл салаға 320 млн АҚШ доллары есебінде инвестиция тартылады. Қазақстандағы жолаушы және жүк тасымалының үлесі аса қарқынды өсіп отырған саласы — теміржол көлігі болып табылады.

ӘДЕБИЕТ

[1] Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі көлік стратегиясы туралы»: [Электронды ресурс] // – Ақпарат көзі: www://adilet.zan.kz

[2] Көлік қауіпсіздігі және транзиттік мүмкіндіктер.// Егемен Қазақстан , 2010, 26.11, 4 бб.

[3] Қауіпсіздік Кеңесі ақпараттық және көлік қауіпсіздігі мәселелерін қарады: [Электронды ресурс] // – Ақпарат көзі: www://inform.kz.

УДК 283

И.Б. Цепкова[1,a]

[1]Казахская академия транспорта и коммуникаций им. М.Тынышпаева, г.Алматы, Казахстан,
[a]Cepkova73@rambler.ru

ПРИЧИНЫ ЦЕРКОВНОГО РАСКОЛА В РОССИИ

Аннотация. В статье представлены анализ и оценка раскола как религиозно-политического движения XVII века.

Ключевые слова: православная церковь, старообрядчество, раскол.

Аңдатпа. Мақалада 17-ші ғасырдың діни-саяси қозғалысы ретінде бөлінудің талдауы мен бағалауы келтірілген.

Түйінді сөз: православ шіркеуі, ескі мұсылмандар, сыбайластық.

Abstract. The article presents an analysis and assessment of the split as a religious-political movement of the 17th century.

Key words: orthodox church, old believers, schism.

Русская православная церковь за свою долгую историю подвергалась различным коллизиям. Но в середине семнадцатого века во время правления царя Алексея Михайловича (Тишайшего) произошла трагедия, которая оставила глубокий след в истории России. Некогда единая русская православная церковь разделилась на два течения: никонианское и старообрядческое. Это событие в истории Отечества получило название раскол. Его также обозначают как религиозно-политическое движение XVII века.

Этому предшествовала цепь важных событий. Действующий в то время патриарх Никон начал церковную реформу, которая сопровождалась жестокими гонениями на её противников, взаимными проклятиями, казнями наиболее известных сторонников старообрядчества.

Движение раскольников подверглось репрессиям со стороны официальной церкви и властей государства. Были казнены, сосланы, брошены в тюрьмы тысячи людей. Десятки тысяч раскольников сожгли себя заживо, приняв так называемое, «огненное крещение». Раскол нанёс значительный ущерб развитию российской государственности.

Со времен церковной смуты прошло более 300 лет. Многие исследователи посвятили свои научные труды изучению и выяснению причин трагедии раскола.

В изучении раскола и в отношении к нему сложилось два направления: раскол глазами раскольников и раскол глазами нераскольников.

Первое направление сформировалось благодаря целостности взглядов непосредственных участников самого события – раскола, сохранив определенную преемственность. Вместе с тем, отстаиваемые позиции имели как религиозную аргументацию (Аввакум Петров, Иван Неронов, Спиридон Потемкин – XVII век), так и научно-историческую, и философскую.

Представители этого направления обличали каноническую неправоту *никониан* и оправдывали свои взгляды.

Второе направление – раскол глазами нераскольников, комментаторов – было неоднородным, включая в себя ряд научных школ: духовно-академическую; государственно-православную; социально-политическую; революционно-демократическую и марксистскую.

1. Духовно-академическая школа.

Возникла в конце XVII – начале XVIII века, просуществовав до середины XIX века. Её представители С. Полоцкий, А.Ф. Холмогоров, епископ Питирим и др.) доказывали неправоту старообрядцев, обвиняли их в «невежестве», «косности», «упрямстве», «еретичестве».

В начале XIX века особую популярность в научной среде получили работы профессора Московской духовной академии Н.Ф. Каптерева. В них автор ставит точку в двухвековом споре об обрядовой стороне церковной реформы середины XVII века. Каптерев Н.Ф. и Голубинский Е.Е. доказали правоту старообрядцев в защите старорусских обрядов и опровергли обвинения по поводу их невежественности. Это не русские отошли и уклонились от классических канонов, а греки (к XVII в.) забыли свои традиции. Таким образом, представители духовно-академической школы подтвердили формальную правоту староверов. Но вскоре школа распалась, хотя общая тенденция – духовно-академическая сохранилась, прейдя от богословских рассуждений к религиеведческим и философским.

Рассуждая о расколе в политико-философском ракурсе, некоторые мыслители конца XIX в., его причину видели в отрыве от вселенской церкви, гордыне. О национализации русской церкви и идентификации вселенской церкви с поместной русской церковью писали видный русский историк, ординарный профессор В.О. Ключевский, русский политический деятель, историк П.Н. Милюков и другие исследователи, не являвшиеся последователями духовно-академической школы.

2. Государственно-православная историческая школа.

Оценки раскола представителями этой школы в целом негативны. По их мнению, причиной раскола стали: неразвитые религиозные (христианские) чувства у русских, «полуязыческие представления и верования» и «церковный формализм». Так, например, по мнению русского историка и публициста В.Д. Кавелина, «великороссы были не способны подняться до внутреннего духовного содержания христианства» [1, с. 201]. Такой же точки зрения придерживался Б.Н. Чичерин.

Также причины религиозных споров XVII в. рассматривались историками государственной школы в цивилизационном контексте «Россия – Запад».

По мнению В.О.Ключевского, раскол способствовал распространению западных влияний, так как «уронил авторитет старины» [2, с. 299], и стал «значимым фактом в истории становления национального сознания» [2, с. 391]. П.Н. Милюков рассматривал раскол как реакцию на «критические, т.е. западно-привносимые элементы, неприятие которых обрело форму страха погубить свою душу по чужой – иноземной воле» [3, с. 168].

В целом, раскол рассматривался как реакция на столкновение старого с новым, проявившийся в форме церковного мятежа.

3. Социально-политическая школа.

Представителями данного направления выступали сторонники славянофильства: А.П. Щапов, Н.А. Аристов, В.В. Андреев, В.Г. Дружинин, А.С. Пругавин, С.А. Мельгунов, Н.И. Костомаров и др., которые сделали совершенно иные выводы. По их мнению, раскол возник не в результате невежества староверов, а как «протест против современного порядка вещей» [4, с. 629]. Не может ведь быть, чтобы просто «дикие», «темные», «невежественные» мужики, только благодаря своему «невежеству» вот уже почти два века, несмотря на все гонения и ограничения, противостоят государству и официальной церкви, сохраняют «свое лицо», не теряют своих идеалов.

А.П.Щапов увидел в расколе «могучую оппозицию податного земства против всего государственного строя» [5, с. 29] и развитые демократические традиции. Кроме того, А.П. Щапов полагал, что раскол проявил потребность народа в просвещении и стал «умственным движением в среде крестьянства» [5, с. 288-289]. Идеи А.П.Щапова были подхвачены и развиты его последователями.

Н.И. Костомаров писал о том, что «раскол расшевелил спавший мозг русского человека» [6, с. 256].

Сторонники социально-политического подхода впервые обратили внимание на высокий уровень грамотности и начитанности среда раскольников. Русский историк и политический деятель С.П. Мельгунов сделал вывод, что главное в расколе – просветительство [7, с. 612] и борьба за свободу совести с целью отделения церкви от государства [8, с. 4]. Публицист-этнограф А.С. Пругавин указывал, что раскол был реакцией на антинародную политику власти [9, с. 309], и был «прогрессивным движением, требующим свободы слова, свободы проповеди и обучения, «чтобы пастыри избирались прихожанами, требовал полной личной свободы, проповедовал общее равенство и братство, стоял за право и самостоятельность женщины» [9, с. 361]. По сути, раскол был представлен как демократическое движение.

Андреев В.В. и Юзов И.И. обозначили, что во взглядах сторонников социально-политической школы религиозно-обрядовые причины раскола ушли на второй-третий план, а на первый вышли причины социально-экономические – ущемление прав прихода, отрыв церковной иерархии от верующих, крепостное право [10, с. VII], [11, с. 181-217].

4. Революционно-демократическая школа.

Социально-политические позиции в оценке раскола продолжили революционеры-демократы (западники – А.И. Герцен, М.А. Бакунин), но в раскольниках видели возможных союзников в борьбе против самодержавия.

Русский мыслитель и революционер М.А. Бакунин считал раскол проявлением свободы духа русского народа, доказательством его умения постоять за свои убеждения.

Революционеры пытались привлечь на свою сторону старообрядцев, но безуспешно. Староверы находились вне политики, а поэтому революция не вызывала у них интереса. Раскольники боролись не против царя и церкви, а за Правду, за Веру, за «Святую Русь».

Хотя в ходе революции 1905-1907 гг. староверы поддержали октябристско-кадетское крыло и выступил за единство России, сохранение царской власти с Государственной думой, за всеобщее избирательное право, введение демократических свобод, демократизацию местного самоуправления, передачу земли крестьянам за выкуп за счет государства и справедливую разработку фабричного вопроса.

5. Марксистская школа.

В рамках марксистской школы раскол изучал философ Г.В.Плеханов, считавший его «движением позитивно-противогосударственного протеста, которому религия мешала перерасти в классовый» [12, с. 362-363].

По вопросу выявления причин Русского церковного раскола среди ученых до сих пор отсутствует единая точка зрения. Корни старообрядчества еще неполностью раскрыты в исторической литературе и остаются далеко неясными.

Зато очевидны последствия раскола. Предав анафеме староверов, государство объявило войну религиозному инакомыслию. После этого прошло немного времени, как государство и церковь стали «зализывать» раны. Каждый по-своему. В 1929 году со староверов была снята анафема. Но теперь уже власть Советов боролась с религиозным «мракобесием» в целом. С приходом демократии стали гарантироваться свободы граждан, в том числе свобода совести. В Российской Федерации был узаконен религиозный плюрализм. Руководство русской православной церкви предприняло попытку сближения со старообрядцами. А раскол так и не преодолён до сих пор.

ЛИТЕРАТУРА

[1] Кавелин К.Д. Мысли и замечания о русской истории // Сб. К.Д. Кавелин. Наш умственный строй: статьи по философии русской истории и культуре. – М., 1989.

[2] Ключевский В.О. Курс русской истории в 9 томах. – Т.3. – М.: Мысль, 1987.

[3] Милюков П.Н. Очерки истории русской культуры. – Т.2. – М., 1994.

[4] Аксаков И.С. Краткая записка о странниках или бегунах, 1851 // Русский архив. – 1866. – № 1-12.

[5] Щапов А.П. Земство и раскол. – СПб, 1862.

[6] Костомаров Н.И. История раскола у раскольников // Сб. Н.И. Костомарова "Раскол". – Смядынь, 1994.

[7] Мельгунов С.П. Старообрядчество и освободительное движение. В защиту старой веры. Старообрядческий вопрос в освещении периодической печати. 1905-1910 г.г. – П-г, 1915.

[8] Мельгунов С.П. Старообрядцы и свобода совести. Исторический очерк. – М., 1918.

[9] Пругавин А.С. Значение сектантства в русской народной жизни // ж. Русская мысль, 1881, кн. 2.

[10] Андреев В.В. Раскол и его значение в народной русской истории. Исторический очерк. – СПб., 1870.

[11] Юзов И.И. Политические воззрения староведия // ж. Русская мысль, 1882, кн. 5.

[12] Плеханов Г.В. История русской общественной мысли. – М.-Л., 1925. – С. 362-363.

ӘОЖ 343.1

Г.К. Сабырбаева[1,a], А.Тилеухан[1,a]

[1] М. Тынышбаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясы, Алматы қ., Қазақстан,
[a]gulnaz__@mail.ru

ҚЫЛМЫС ІСТЕУ САТЫЛАРЫ

Аңдатпа. Бұл мақалада қылмыстық істің материалдарын өте жақсы білу - мемлекеттік айыптауды қолдайтын прокурорға қойылатын міндетті талаптар қарастырылды. Осыған байланысты мемлекеттік айыптаудың, мемлекеттік айыптаушы сөзінің сапасы өте маңызды болып табылады.

Аннотация. Итак, в этой статье рассмотрен вопрос о поддержании государственного обвинителя в судебной системе, функции в уголовном процессе и сущности слова государственного обвинителя в уголовном процессе означает правовой

акт, в суде поддержание государственного обвинителя имеет значение личной отрасли прокурорского надзора и органов прокурорского надзора и органов прокуратуры.

Abstract. The article discusses the problems of supporting the public prosecutor in the so, in this article the issue of maintaining the public prosecutor in the judicial system, the functions in the criminal process and the essence of the word of the public prosecutor in the criminal process means a legal act, in court the maintenance of the public prosecutor has the value of the personal branch of the prosecutor's supervision and the prosecutor's office.

Түйінді сөздер: қылмыстық істер, қылмыстық әрекеттер, заңдар, мемлекеттік айыптаушы, прокурорлық актілер.

Ключевые слова: уголовное дело, преступная деятельность, законы, прокурор, прокурорские акты.

Key words: criminal cases, criminal activities, laws. prosecutor, prosecutor acts.

Кез келген қасақана қылмыс белгілі бір кезеңдерден (сатылардан) өтеді. Тек аяқталған қылмыстар ғана емес, сонымен қоса аяқталмаған қылмыстық әрекеттер де қоғамға қауіпті. Қасақана қылмыс жасағанда көп жағдайда адам қылмыстық әрекетке дайындалып барып өз ниетін жүзеге асырады. Қылмыстық құқық теориясында қылмыстың үш сатысы көрсетіледі:

Қылмысқа дайындалу;

Қылмысқа оқталу;

Аяқталған қылмыс.

Қылмысқа дайындалу деп «тікелей ниетпен қылмыс құралдарын немесе қаруларын іздестіру, әзірлеу немесе бейімдеп жасау, қылмысқа қатысушыларды іздестіру, қылмыс жасауға сөз байласу не қылмыс жасау үшін өзге де қасақан жағдайлар жасау», объектіге жанасу жолдарын іздестіру танылады.[1].

Егер адам қылмыс жасау үстінде оған байланысты тіниткен арам пиғылы жүзеге аспай қалса, ол қылмыс жасауға оқталу болып табылады. Қылмысқа оқталу кезінде айыпты адам қылмыстың объективтік жағын құрайтын әрекеттерді жасай бастайды. Өзінің еркі мен санасынан тыс жағдайларға байланысты ойлаған әрекетінің барлығын жасап үлгермейді немесе үлгерсе де Қылмыстық кодексте міндетті белгі деп келтірілген зардап тумай қалады. Егерде қылмыстық кодексте зардаптың келуі ғана қылмыстың аяқталу уақыты деп есептеледі. Егер зардап тумай қалса, ол тек оқталу. Мысалы, кісіні өлтіремін деп у беріп қояды, бірақ оны басқа кісілер келіп құтқарып қалады[2]. Қылмыстық құқық теориясында жарамсыз оқталу түрлері де кездеседі. Олар: Жарамсыз объектіге оқталу (мысалы, адам терезесінің сыртынан «ұйықтап жатқан адамға» оқ атады, ал шын мәнінде, ол бұған дейін оқ тигенше өліп қалған болып шығады); Жарамсыз құралмен оқталу (мысалы, кісінің маңдайына мылтық тіреп, шүріппені басады, бірақ айыпты адамның еркінен тыс жағдайларға байланысты атылмай қалады). Қылмысты істеу сатылары деп қасақана істелетін қылмысқа дайындалу, оқталудан біткенге дейінгі өтетін кезеңдерін айтамыз. Қасақаналықпен істелетін қылмыста бірнеше саты болады. Олар: қылмыс істеуге дайындалу, қылмыс істеуге оқталу және қылмысты аяқтау. Кез келген қылмысты істеу үшін адам өзін соған итермелейтін қоғамға зиянды мүдделерді, қажетгіліктерді, зұлымдық пиғылдарды басшылыққа алады. Яғни, адам қылмыс істеу үшін ең алдымен өзінің психологиялық ой-ниетін қалыптастырады. Бұл адамның ішкі сезімін, ойын, ниетін білдіреді. Бірақ осы сезім, ой-ниет адамның нақты мінез-құлқы, қимылы, әрекеті арқылы сырттай көрініс бермеуі де мүмкін. Сондықтан да адамның мұндай сыртқа шықпаған ішкі жан-дүниесінің белгілі бір іс-әрекет арқылы сырттай көрініс бермеуін қылмыс қатарына жатқызуға болмайды. Яғни, мұндай психологиялық сана-сезім, жалаң ой, қиял, қылмыстық құқық нормасынан тысқары болады, ол үшін қылмыстық жауаптылық жоқ. Сондықтан да сөз жүзінде жай айтылған, түсінде көрген, қияли пиғылдар қылмыс деп саналмайды. Өйткені, мұндай жалаң ойдан, қасақаналық

ниетпен қылмыстық заң қорғайтын объектіге ешқандай зиян келмейді және зиян келтірілу қаупі болуы да мүмкін емес. Сондықтан да қылмыстық ойдың болуы қылмыс істеу сатысына жатпайды. Өйткені, ондай ой, ниетнақты іс-әрекет арқылы сыртқа шықпай іште қалады, сондықтан да қылмыс сатысына жатпайды. Қылмыстық ой, ниетті табуды қорқыту арқылы ауыр қылмыс жасаумен шатастыруға болмайды. Қылмыстық заңда қорқыту арқылы жасалған бірнеше біткен қылмыстардың құрамы көрсетілген. Кез келген қылмыс белгілі бір кезеңдерден немесе сатылардан өтеді. Көп жағдайда адам қылмыс жасауға даындалып барып, өз ниетін іске асырады. Ниет жүзеге асса, толыққанды аяқталған қылмыс, жасаушыға қатыссыз себептермен жүзеге аспай қалса, не өзі бас тартса, аяқталмаған қылмыс болып табылады. Қылмыстық құқық теориясында бір бірінен әрекет сипаты мен аяқталу дәрежесіне қарай ажыратылатын қасақана қылмыстың үш сатысы көрсетіледі[3].

Қылмысқа дайындалу деп «тікелей ниетпен қылмыс құралдарын немесе бейімдеп жасау, қылмысқа қатысушыларды іздестіру, қылмыс жасауға сөз байласу не қылмыс жасау үшін өзге де қасақана жағдайлар жасау» объектіге жанасу жолдарын іздестіру танылады. Ол қылмысқа оқталу мен аяқталған қылмысқа қарағанда қауіптілік дәрежесі төмен. Қылмысқа дайындалушы бұл жағдайларды өз қолымен жасайды, бірақ еркіне байланысты емес мән-жайлар бойынша ақырына дейін жеткізілмейді. Егер де бұлай болмай қылмыстық өзгерістерді дайындалу сатысынан доғарса, қылмыстан өз еркімен бас тарту болар еді. Қылмыс жасауға оқталу. «Тікелей қылмыс жасауға тура бағытталған ниетпен жасалған іс-әрекет (әрекетсіздік), егер бұл орайда қылмыс адамға байланысты емес мән-жайлар бойынша ақырына дейін жеткізілмесе, қылмыс жасауға оқталу болып табылады». Аяқталған қылмыс. Егер адам әрекеттерінде қылмыстық кодекстің ерекше бөлімінде келтірілген баптың диспозициясындағы барлық объективті және субъективтік белгілердің бәрі болса, аяқталған қылмыс болып есептеледі. Кез келген қылмыс белгілі бір кезеңдерден немесе сатылардан өтеді. Көп жағдайда адам қылмыс жасауға дайындалып барып, өз ниетін іске асырады. Ниет жүзеге асса, толыққанды аяқталған қылмыс, жасаушыға қатыссыз себептермен жүзеге аспай қалса, не іс бас тартса, аяқталмаған қылмыс болып табылады. Қылмыстық құқық теориясы қылмысты істеу сатылары деп - қылмыстың дамуының арнайы кезеңдерін таниды. Олардың бір-бірінен айырмашылығы, белгілі бір қылмыстың объективтік жағын іске асыру кезеңдерінде және айыпкердің қасақаналықты іске асыру дәрежесінде болады, яғни қасақана қылмыстың дамуының арнайы кезеңдерінің қорытындысы - дайындалу; оқталу және іске асыру болып табылады. Қылмыстық заңда қылмысты істеу сатыларының көрініс табуы аяқталмаған қоғамға қауіпті әрекет (әрекетсіздікті) жасаған адамдарды жазаға тарту және қылмыстық жауаптылық мәселесін шешу болып табылады. Біріншіден, қылмыстық жауаптылықтың негізі, қылмыстық заңда көрсетілген қылмыстың құрамын, жасалған іс-әрекеттен табу болып табылса, ал қылмыс істеу сатыларын анықтау ол қылмыстық мінез-құлықты, қылмыстық еместен ажыратуға мүмкіндік береді. Екіншіден, сатыларды қалыптастыратын іс-әрекеттің өзі, қоғамға қауіптілік дәрежесінің әртүрлілігімен сипатталынады. Қылмыстың аяқталуына қай саты болмасын жақындаған сайын, соғұрлым жасалатын іс-әрекеттің қоғамға кауіптілік дәрежесі арта түседі, әрине бұл жағдай жаза тағайындағанда ескерілуі керек. «Қылмыс істеу сатылары» деген термин көп жағдайда екі мағынада колданылады:

1) Аяқталған қылмыс өткен кезеңдерді анықтау үшін;

2) Қылмыс жасаудың тоқтатылуына байланысты, жасалған қылмыстық әрекет үшін берілер жазаның ерекшелігін анықтауда әрекеттің қай кезеңде аяқталғанын білу үшін. Қылмыстық құқық теориясында қылмысты істеу сатылары туралы осы түсінік маңызды роль атқарады. Егер қылмыс аяқталса, онда алғашқыда істелінген адамның әрекеті және қылмыс жасауға оқталу әрекеті емес, қылмыстық зандарда, сол аяқталған қылмыстың өзі туралы ғана сөз болады. «Қылмыс істеу сатыларына» зандылық түсінігінде аяқталған

қылмысты әрекет пен қылмыс жасау барысында, не оған дайындық кезіндегі негізгі бір кезеңде тоқтаған қылмыстық әрекеттің айырмашылығын айтады». Қылмыстық құқық теориясында қылмысты істеу сатыларының атауы және санына байланысты әртүрлі позициялар орын алған болатын. 1997 жылғы Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі Жалпы бөлімнің осы институтына жаңа ережелер еңгізбегендіктен, бұл позицияларды жаңа Қылмыстық Кодекске де қолдануымызға болады. Айталық, бірқатар қылмыстық құқықтың жалпы бөлім оқулықтарының авторлары қылмысты істеу сатылары деп қылмыс құрамын орындауды және қылмыстық нәтиженің туындауын түсінеді. Қылмыс сатылары-қасақана қылмыстың дамуына байланысты анықталған кезеңдері, олар қылмысқа дайындалу, оқталу және қылмысты аяқтаумен жүзеге асады. Қылмыстық әрекеттерінің сатыларының қылмыстық құқықтық түсінігі қылмыстың дамуына байланысты сонымен бірге объективті процесін көрсетеді. Адам өзінің еркі мен тәртібін бағындыра отырып алдына белгілі мақсатты сезімді түрде белгілеп, осыны қабілеттік деп айтуға болады. Қасақана қылмыс жасамай тұрып кінәлі жететін нәтижесін көріп, елестетіп тұрады. Осыны қолданып белгілі тәсілдермен соны жүзеге асырғысы керек деп ойлайды. Қылмыстық ой тек қана ішкі психикалық процесс, бұл қасиет басқа адамға белгісіз болады. Ойлау, сезіну процесі қылмыс болып саналмайды, және саналуға мүмкін емес. Ойдың құрылуы қылмыстық сатысының дамуы деп санауға болмайды, өйткені нақты қылмыс жүзеге асқан жоқ. Қылмыстық құқықтың принциптерінің біреуі қылмыстық ойды, көзғарасты жазалау керек деп көрсетіледі. Осы негіздер бойынша қылмыстық жауапкершілікке ойдың анықталуы жатпайды (яғни түрімен, сөзбен көрсетілген ойлар.). Анықталған ойлар оны анықтап ойлаған нәрсемен салыстыруға болмайды. Адамның осындай тырысуы қоғамға қауіпті және құқыққа қайшы болып саналмайды. Ол қылмыстық қозғалуына сәйкес ешқандай кезеңдерге жатпайды, қылмыстық әрекет болып есептелмейді. Кейін қылмыстық сатысы болып саналуы мүмкін емес. Сонымен қатар қасақана ойдың құрылуы, анықталуы қылмыстық қылмыстық саты болып саналмайды. Осыған байланысты Ш. Монтекьенің әйгілі айтылуы бар: "Заңдар тек қана қылмыстық әрекеттерді жазалау керек". Ойдың анықталуын қылмыстық қауіп төндірумен шатастыруға болмайды. Бұл қауіпті аса ауыр қылмыс жасаймын деп, сот жұмысшыларына қауіп (ҚК 341 б) т.б. сияқты. Бұл жайлы қауіпті аяқталған қылмыс деп санауға болады. Олардың қоғамға қауіптілігі жәбірленушіге психика арқылы қауіп төндіру жатады. Ауыр қылмыстың жасалу сатысынан яғни субъект жәбірленушіге қорқытқан кезде қауіп бұған ешқандай қатынасы жоқ. Біздің ойымызша, дайындық пен оқталуды жоғарыдағыдай ажыратып көрсету тек сыртқы көрінісін ғана бере алады, ал қасақана қылмыс әрекетінде осы екі кезеңді нақты, толық бөлуге бұл пікір мүмкіндік бере алмайды. Мәселен, кейбір қылмыс құрамы формальді болып құрылған. Яғни, жасалған әрекеттің зардабы қылмыс құрамына жатпауы мүмкін. Ал екінші бір қылмыс құрамының құрылысы төмендегідей: материалды, яғни қылмыс аяқталуы үшін міндетті түрде заңда көрсетілген зардаптың туындауы қажет. Айталық, кісі өлтіру денсаулыққа зиян келтіру т.б. мысалдар келтіруге болады. Осыған байланысты, жасалған әрекеттің сыртқы белгісіне қарап (формальды) қылмыс құрамына жатқызу, қылмыс барысындағы әрекетті қай кезеңге жатқызу керегін әлі де болса шешпейді. Н.В. Лясс та өз көзқарасында А.Н. Трайниннің бағытын жақтайды. Бұл ғалымдардың пікірінің түп нұсқасы: қылмыс тек аяқталған қылмыс құрамынан тұрады, қылмысқа дайындық, оқталу қылмыс құрамын құрамайды. Бұл пікір, біздің Қылмыстық іс жүргізу заңдарына қайшы келеді. Қылмыс құрамының белгілері Қылмыстық Кодекстің Ерекше бөлімімен қатар, жалпы бөлімнің нормаларында да көрсетілген. Қылмысқа оқталу және қоғамға қауіпті дайындықта қылмыс құрамының белгілері бар, өйткені бұл екі кезең өз алдына, қоғамға қауіпті іс-әрекет, бұл екі кезеңге жауаптылық көздегенде, айыпкердің іс-әрекетінен қылмыс құрамының белгілерін бекіту керек. Сонымен қатар, қылмыстың нәтижесінің туу мүмкіндігі (оқталу) және қылмыстың нәтижесінің нақты тууы (аяқталған қылмыс) екеуінің мәнісі екі бөлек. Сондықтан да,

қылмыстық заң, соттарға оқталу және аяқталған қылмыс үшін бірдей жаза қолдануға мнғмкіндік бермегенімен, осы оқталу үшін жеңілірек жаза тағайындауға мүмкіндік береді. Қылмыстық тәртібінің жүзеге асу басталуының қылмысқа дайындалуы болады. Осы тек осы ғана ең басты сатысына жатқызуға болады. Ал бірінші сатысы бойынша жауапкершілікке дайындап іздеп тәсілдер құрап жатқан адамды тартуға болады. Дайындау әректтері қылмыстық зардабының атқарылуына жол береді. Яғни осы әрекеттер қылмыстың жүзеге асуына жағдай жасайды. Екінші сатысының қылмыстық заң бойынша оқталу деп санаймыз. Ол былай аталады: «Тікелей қылмыс жасауға тура бағытталған ниет пен жасаған іс-әрекеттер (әрекетсіздік), егер бұл орайда қылмыс адамға байланысты емес мән-жайлар бойынша ақырына дейін жеткізілмесе қылмыс жасауға оқталу болып табылады». Осы саты тікелей ниеттің орындайтын процесін көрсетеді. Осы егер де кінәліге «жақсы» болғанжағдайда аяқталса, онда ол қылмыстың аяқталуына жатады. Осы сатыда кінәлінің әрекетіне қылмыс құрамының барлық белгісі болады. Яғни жасаған әрекетінде заңмен көрсетілген объективті және субъективті жиынтығының толық кәрсетілуін айтамыз. Жаза дегеніміз соттың үкімі бойынша тағайындалатын мемлекеттің мәжбүрлеу шарасы. Жаза қылмыс жасауға кінәлі деп танылған адамға қолданылады және адамдарды құқықтары мен бостандықтарынан айыру немесе шектеу болып табылады[4].

Адамның қасақана, яғни саналы және мақсатқа сай қызметі өзінің даму барысында бірқатар сатылардан өтеді. Алдымен, адамда қылмыс жасау ниеті пайда болады. Ол алдына белгілі бір мақсат қояды, оған қол жеткізу үшін тәсілдерді, орнын, уақытын ойластырады, қылмыс себебін нақтылайды. Нақты шешім қабылдап болып, адам дайындық әрекеттерін бастайды, ал содан кейін ойлаған әрекетін тікелей орындауға кіріседі. Кейбір жағдайларда адам ойлаған ісін бірден орындауға кіріседі (мысалы, жасырын пәтерге кіріп бағалы заттарды алады). Мұндай әрекеттер аяқталған қылмысты құрайды: (мысалы, ұрлық). Басқа жағдайларда, адам қылмыс жасауға алдын ала дайындалады (мысалы, көшірме бедер арқылы кілт жасау, пәтер қожайындарының келу, кету мерзімдерін анықтау), немесе қылмыстың өзін жасауға кіріседі (мысалы, дайындалған кілттермен пәтер есігін ашады, бірақ сигнал беру жүйесініңқосылғанын білмейді). Бұл екі жағдайда да қылмыс аяқталмай қалады. Осы әрекеттердің барлығы қылмыс жасау сатылары деп аталады[5].

Қылмыс істеу сатылары қасақана қылмыстың дамуының белгілі бір сатылары. Заңда үш саты белгіленген: қылмысқа дайындалу; қылмыс жасауға оқталу; аяқталған қылмыс. Қылмысқа дайындалу — бұл адамның қылмыс жасау құралдары мен қаруларын іздеуі, дайындауы немесе ыңғайлары қылмыс жасаушыларды іздеуі, қылмыс жасауға не байласу немесе қылмыс жасауға қасақана басқа да қолайлы жағдайлар жасауы, егер қылмыс мұндай жағдайда адамның еркінен тыс мән-жайларға байланысты аяғына дейін жеткізілмесе. Қылмыс құралдарын сатып алу тәсілдері заңды болуы қаруды заңға сәйкес сатып алу, сыйлық ретінде алу, немесе заңсыз да болуы мүмкін: қаруды, мөрлерді, кілттерді және т.б. ұрлау. Дайындау — бұл шикізаттардан қылмыс жасау үшін қарулар мен құралдардың жартылай фабрикаттарын жасау. Бейімдеу — заттарды өңдеу, сол арқылы олар қылмыс жасау үшін жарамды болады (мысалы, кілттің түрін өзгерту). Бірге қылмыс жасаушыларды іздеу басқа адамдармен танысу немесе таныстықтарын жалғастыру, оларды нақты қылмыс жасауға итермелеу, әрқайсысының рөлін талқылау және т.б. тұрады. Іздеу тәсілдері ретінде уәделесу, қорқыту, бірге баюға уәде беру, бопсалау қолданылуы мүмкін. Қылмыс жасауға сөз байласу, қылмыстық жауапкершілік жасына толған екі немесе одан да көп адамдардың бірге қылмыс жасауға сөз байласуларын көздейді. Қылмыс жасау үшін басқа да шарт-жағдайлар жасау әр түрлі әрекеттерден көрінуі мүмкін. Мұндай әрекеттер ойға алған қылмыстың жоспарын жасаудан, пәтер иелерінін кету, келу уақытын аныктаудан, белгі беру жүйесінің бар жоқтығын білуден және т.б. сипатталады. Субъективтік жағынан қылмысқа дайындалу тек тікелей қасақаналықпен жасалады. Қылмысқа қылмыс нәтижесің тілемей дайындалуға

болмайды. Қылмысқа оқталу деп — адамның еркінен тыс мән жайларға байланысты, аяғына дейін жеткізілмеген жағдайда адамның қылмыс жасауға тікелей бағытталған қасақана әрекеті немесе әрекетсіздігі танылады. Қастандық қылмыс жасауға тікелей бағытталған әрекеттерден тұрады, ол адамның қылмыстық нақты құрамының объективтік жағын орындай бастағанын немесе орындап болғанын білдіреді. Адам өлтіруге қастандық жасағанда, мысалы, адам жәбірленушіге оқ атуға оқталады немесе атқанымен мүлт кетеді, ұрлық жасағанда құлыпты бұза бастайды. Көпшілік жағдайда қастандық әрекет жолымен жасалады (соққы беру, у беру, оқ ату және т.б.) Жеке жағдайларда қастандық әрекетсіздікпен де жасалуы мүмкін (мысалы, анасы жаңа туған баласын өлтіру үшін, оған емшек сүтін бермей қояды). Аяқталған қылмыс. Егер адам жасаған әрекетте қылмыс құрамының барлық белгілері болса, онда қылмыс аяқталған болып есептеледі. Кейбір қылмыстар белгілі бір қоғамға қауіпті жағдай туғызғында ғана аяқталған болып есептеледі. Яғни, бұл қылмыстың материалдық құрамы (мысалы, адам өлтіру өлім туындаған жағдайда аяқталған деп есептеледі. Егер өлім болмаса, онда адам өлтіруге қастандық жасау болып табылады). Ал басқа қылмыстар әрекетті жасаған сәттен бастап (әрекет немесе әрекетсіздік) қоғамға қауіпті салдардың туындағанынан немесе туындамағанынан тыс аяқталған болып есептеледі (мысалы, қарақшылықта шабуыл жасау фактісінің өзі, адам мүлікті алған, алмағандығына қарамастан, аяқталған қылмыс құрамын құрайды). Кейбір қылмыстар әрекетті жасау сәтінен бастап емес, дайындау немесе қастандық сатысында-ақ аяқталған болып есептеледі (мысалы, бандитизм банды шабуыл жасаған кезде емес, оны ұйымдастырған сәтте аяқталған болып есептеледі). Кез келген қылмыс белгілі бір кезеңдерден немесе сатылардан өтеді. Көп жағдайда адам қылмыс жасауға дайындалып барып, өз ниетін іске асырады. Ниет жүзеге асса, толыққанды аяқталған қылмыс, жасаушыға қатыссыз себептермен жүзеге аспай қалса, не өзі бас тартса, аяқталмаған қылмыс болып табылады. Қылмысқа дайындалу деп «тікелей ниетпен қылмыс құралдарын немесе бейімдеп жасау, қылмысқа қатысушыларды іздестіру, қылмыс жасауға сөз байласу не қылмыс жасау үшін өзге де қасақана жағдайлар жасау» объектіге жанасу жолдарын іздестіру танылады. Ол қылмысқа оқталу мен аяқталған қылмысқа қарағанда қауіптілік дәрежесі төмен. Қылмысқа дайындалушы бұл жағдайларды өз қолымен жасайды, бірақ еркіне байланысты емес мән-жайлар бойыншаақырына дейін жеткізілмейді. Егер де бұлай болмай қылмыстық өзгерістерді дайындалу сатысынан доғарса, қылмыстан өз еркімен бас тарту болар еді. Қылмыс жасауға оқталу. «Тікелей қылмыс жасауға тура бағытталған ниетпен жасалған іс-әрекет (әрекетсіздік), егер бұл орайда қылмыс адамға байланысты емес мән-жайлар бойынша ақырына дейін жеткізілмесе, қылмыс жасауға оқталу болып табылады». Аяқталған қылмыс. Егер адам әрекеттерінде қылмыстық кодекстің ерекше бөлімінде келтірілген баптың диспозициясындағы барлық объективті және субъективтік белгілердің бәрі болса, аяқталған қылмыс болып есептеледі. Қылмыс істеуден өз еркімен бас тарту (ағылш. voluntary refusal from crime, voluntary rejection from crime;) Қылмыстық қукық бойыншы — адамның қылмысты ақырына дейін жеткізу мүмкіндігін ұғынып, қылмыс қадайынды кәрекеттерін токтатуы не қылмыс істеугетікелей бағытталған іс- әрекетті (әрекетсіздікті) тоқтатуы. Аяталған қылмыс. Егер адам жасаған әрекетте қылмыс құрамының барлық белгілері болса, онда қылмыс аяталған болып есептеледі. Кейбір қылмыстар бегілі бір қоғамға қауіпті жағдай туғызғанда ғана аяқталған болып есептеледі. Яғни, бұл қылмыстың материалдық құрамы (мысалы, адам өлтіру өлім туындаған жағдайда аяқталған деп есептеледі. Егер өлім болмаса, онда адам өлтіруге қастандық жасау болып табылады).

Қорытынды Сонымен, бұл мақалада қортындылай келгенде, қылмыс істеу сатылары ал қылмыс істеуге оқталуға келетін болсақ, Қылмыстық Кодекстің 24 бабында кінәлінің істеген іс әрекетінде қылмыстық заңда көрсетілген қылмыстың барлық істеріне өз еркімен бас тарту болған іс - әрекет қылмыстық ауыр дене жарақатын алып, қылмыс

істеуге оқталғандық үшін жаза тағайындайды. Қылмыс істеу салалары – бұл адамның қылмысты қасақана жүзеге асыруының белгілі бір сатылары болып табылады.

ӘДЕБИЕТ

[1] Қазақстан Республикасының Конституциясы. Алматы. 1995. 30 тамыз. 4-8 б.
[2] Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі. 2017. – 65-68 б.
[3] Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. Алматы. 2017. – 42-44б.б.
[4] «Қазақстан Республикасының Прокуратура органдары туралы» ҚР 21 желтоқсандағы №2709 Заңы. 2015 жыл. 9 тамызындағы №346-11, 2012ж. 10 шілдедегі №483-2 заңдарымен енгізілген өзгерістер мен толықтырулар. 85-87 б.б.
[5] Ағыбаев Н. Қылмыстық құқық. Оқулық, Жалпы бөлімі, Алматы: Жеті жарғы. – 2001 112-117 б.

УДК 316.4.051

Күленбек А[1,a]
[1]М.Тынышбаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясы, Алматы қ., Қазақстан,
[a]kulenbek_a@mail.ru

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖҰМЫССЫЗДЫҚ ПРОБЛЕМАСЫ

Аңдатпа. Мақалада қазіргі Қазақстан қоғамындағы жұмыссыздық проблемасы әлеуметтану ғылымы тұрғысынан қарастырлған.

Түйінді сөз. Жұмыссыздық, дағдарыс, жұмыс орындарының қысқаруы.

Аннотация. В статье рассмотрена проблема безработицы в обществе нынешнего Казахстана как наука социологии.

Ключевые слова: безработица, кризис, сокращение рабочих мест

Abstract. In the article the problem of unemployment in the society of present Kazakhstan was considered as science of sociology.

Key words. An unemployment, a crisis, shortening of an workplace.

Жұмыссыздық әлемдегі орталық проблемалардың бірі болып табылады және де ол бір жүйеден екіншісіне өтетін елдерде кең байқалады. Мысалға, мұндай процес Қазақстанда жүріп жатыр. Ол өзімен бірге бірқатар жаңа проблемаларды алып келеді. Сонымен қатар, жұмыссыздық проблемасы адамдармен тығыз байланысты және соларға тікелей әсер етеді. Жұмысынан айрылу олардың табысының азаюына, өмір сүру деңгейінің төмендеуіне, сонымен қатар, психологиялық стреске алып келеді. Осы себепті көптеген саясат адамдары өзінің сайлау алды компанияларында жұмыс орындарын жасауға көп көңіл бөледі.

Тәуелсіз жас мемлекетіміздің аз ғана уақыт ішінде қол жеткізген жетістіктері, бағындырған белестері мақтан тұтарлықтай. Жеткен жетістіктерімізге Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлының 2012 жылғы Қазақстан халқына Жолдауынан мәлімет келтіріп өтуге болады:

- жаңа құрамдағы Парламент және жаңарған Үкімет өз жұмысына кірісті;
- 2011 жылмен салыстырғанда 2012 жылы ел экономикасы 7,5 пайызға өсті;
- ішкі жалпы өнім жан басына шаққанда 11 мың доллардан асты;
- бұрын сатылып кеткен активтердің бірқатар маңызды бөлігі мемлекет меншігіне қайтарылып алынды;
- барлық акциялардың пакеті Қазақстанға оралып, оларға өзіміз басшылық ететін нәтижеге де қол жеткіздік және т.б.

Мұның өзі еліміздің алға қарай біраз қадам жасағанын көрсетеді.

Жұмыссыздық зардабын бәсеңдететін факторлардың қатарына ғылыми-техникалық өрлеу, жаңа қосымша жұмыс күшін қажет ететін өндіріс саласындағы еңбек етуге қабілеті бар тұрғындарды жұмыспен қамтамасыз ету жатады. Жалпы, ғылыми-техникалық революция жағдайында жұмыспен қамтуды тұрақты түрде өсіру, негізінен, өндірістік емес салалардың дамуы арқылы жүзеге асырылады. Оның ұлғаюы, тұрғындардың әр түрлі қызмет түрлеріне деген шығынының тез өсуімен және халық шаруашылығының орташа көрсеткішіне қарағандағы жоғары еңбек ауқымдылығымен сипатталады.

Дүние жүзіндегі маңызды мәселелердің бірі — жұмыссыздық деңгейін төмендету және жұмыссыздарды жұмысқа тұрғызу. 2013 жылдың 2 тоқсанында жұмыссыздық деңгейі көрші Ресей мемлекетінде 5,3 % құраса, Еуроаймақта жоғарғы мөлшерде 12 % құрады. Ең қиын жағдай, Грек және Испан мемлекеттерінде жұмыссыздық деңгейі 2013 жылдың маусымына 26 пайыздан жоғары мөлшерді құрады, ең төменгі көрсеткіш 5 % мөлшерінде Австрия және Германия мемлекеттерінде тіркелген. Жапония мемлекетіндегі жұмыссыздық деңгейі 3,8 % төмендеген. АҚШ-та жұмыссыздық деңгейі 2012 жылғы 7,8 % 2013 жылдың маусымына 7,4 % төмендеген.

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің деректеріне сәйкес, кәсіпорынның жабылуы, штаттың қысқартылуы немесе келісімшарттың мерзімінің бітуі себептерімен 102,8 мың адам жұмыстан босатылған, ол барлық жұмыссыздар санына шаққанда 22,5 % құрайды. Аймақтар арасында бұл көрсеткіш Оңтүстік Қазақстан обылысында — 23,2 мың адам, немесе республика бойынша көрсеткішке шаққанда 23 %, Ақмола және Ақтөбе обылыстарында — 10,3, немесе 10 %, құрайды. Өз еріктерімен жұмыстан босатылғандар саны 108,7 мың адам, немесе барлық жұмыссыздар санына шаққанда 23 % көрсеткен. Бұл көрсеткіш Павлодар облысында 14,3 мың адам, немесе облыс бойынша жұмыссыздар санына шаққанда 13,2 %, Қостанай облысында — 13,0 мың, немесе 11,9 %, құраған.

Жұмыссыздықтың ұзақ мерзімге созылуы айтарлықтай кері әсерін тигізуде. Өйткені ұзақ мерзімде жұмыс таппаған жұмыссыздар жұмыс іздеуден бас тартады және олар жұмыс күші ретінде саналмайтын да болады. Макродеңгейдегі созылмалы жұмыссыздық билеп алған халықтың үлесі көп болса, соғұрлым оның орта және ұзақ мерзімдегі экономикаға тигізер залалы да артады.

Соңғы жылдары ұзақ мерзімді жұмыссыздық деңгейінің төмендеуі байқалады. Алайда ұзақ уақыт бойы жұмыс іздеп жүрген жұмыссыз адамдардың үлесі әлі де едәуір. Биылғы жылы 229,4 мыңнан аса адамның жұмысы болмады. Бұл олардың жалпы санының 37,3 % құрады. Бір және одан ұзақ уақыт бойы жұмыс іздеп жүрген жұмыссыздар ішінде әйелдер басымдық танытады, 67 %-ға ие. Ұзақ мерзімді жұмыссыздық ерлерде — 3,1 %-ке, әйелдерде 5,6 %-ке жетті.

Жұмыссыздық, соның ішінде жастар жұмыссыздығы, қай елдің болмасын өзекті, шешімін табуды қажет ететін мәселесі болып табылады. Бұл — біздің елде де орын алып отырған басты мәселе. Қазақстандағы жастар арасындағы жұмыссыздық елдегі жалпы жұмыссыздық деңгейі бойынша жоғары көрсеткішті болып отыр. Экономикалық дағдарыс кезеңінде жастар, көбінесе, халықтың осал тобына қосылады. Расында, экономикалық өсім құлдыраған кезде жастар дағдарыстың әсерін алғашқылардың бірі болып сезеді. Сонымен бірге экономикалық қиын кезеңдерде жалпы жұртшылыққа қарағанда, әсіресе жастардың жұмысқа орналасуы оңайға соқпайды. Жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі жалпы жұмыссыздық деңгейінің жартысына жуығын құрауда.

Ел Президенті Н.Назарбаев жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауында халықтың жұмыспен қамтылуы және жұмыссыздық мәселесін назардан тыс қалдырған емес. Елбасы биылғы Жолдауында да: «**Өзін-өзі жұмыспен қамтығандарды тіркеу үдерісін** мейлінше **жеңілдетіп**, оларға мемлекет алдындағы міндеттерін адал атқару тиімді болатындай жағдай туғызу қажет. Қазақстандықтардың **жаңа жұмыс орнын салыстырмалы түрде тезірек иеленуге**, соның ішінде еліміздің басқа да елді мекендерінен жұмыс табуға мүмкіндігі болуға тиіс», - деп атап көрсетті [1].

Бұл тек біздің елдегі ғана өзекті мәселе емес. Халықаралық еңбек ұйымы әлемдегі жастар арасындағы жұмыссыздық «дағдарыс деңгейіне» жетті дейді. Ұйымның баяндамасында әлемдегі жастардың 13 % жуығы жұмыссыз екені айтылған. Ал қазақстандықтар елдегі жұмыссыздық туралы әр түрлі пікірлерін айтты.

Женевада (Швейцария) орналасқан Халықаралық еңбек ұйымының мәліметі бойынша, әлемде 15 пен 24 жас аралығындағы азаматтардың 13 %, шамамен 75 млн адам, жұмыссыз қалған. Көптеген білікті жастар жарты жалақыға немесе қара жұмыс істеуге мәжбүр болып отыр. Ұйымның айтуынша, «әлемде 6 миллионнан астам азамат жұмыс табудан үмітін үзген». Халықаралық еңбек ұйымы әлем елдерінің үкіметтерін жұмыс орнын ашу мәселесін «ең басты мақсат» деп қарастыруға шақырды.

ӘДЕБИЕТ

[1] Н.Назарбаевтың 2018 жылғы Қазақстан халқына Жолдауы. http://www.akorda.kz

ӘОЖ 93/99

Н. Қызғара[1,a], А.Б. Сарбасова[1,b]
[1]М.Тынышбаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясы, Алматы қ., Қазақстан,
[a]aizhamal_09@mail.ru, [b]kyzgara@mail.ru

ЭКСПО-ҒА ҚАТЫСҚАН ТҰҢҒЫШ ҚАЗАҚ

Аңдатпа. Мақалада ЭКСПО-ға қатысқан тұңғыш қазақ Әміре Қашаубаев туралы жан-жақты қарастырылған.

Түйінді сөз: ЭКСПО, Этнография.

Аннотация. В статье рассматривается всесторонний обзор первого казахстанского участника ЭКСПО Амре Кашаубаева.

Ключевые слова: ЭКСПО, этнография.

Abstract. The article reviews the comprehensive review of the first Kazakhstan participant of the Expo Amre Kashaubaeva.

Key words: EXPO, Ethnography.

Халықаралық ЭКСПО көрмесіне қатысқан алғашқы қазақ – Әміре Қашаубаев екенін біреу білсе, біреу білмес. Қазақтың біртуар әншісі 1925 жылдың мамырында Францияның астанасы – Парижде өткен дүниежүзілік көрменің этнографиялық концертінде «Балқадиша», «Ағаш аяқ» , «Бесқарагер», «Дудар-ай», «Жалғыз арша», «Үш дос», «Смет», «Қараторғай» әндерін әуелетіп, күллі әлемді тамсандырған еді. Әйгілі француз жазушысы Ромен Роллан Әміренің құдіретті дауысын тыңдағаннан кейін: «Мен Шығыста әншіні неге бұлбұлға теңегенін енді түсіндім?» деп таңдай қаққан екен. Жақында отандық телеарналардан «Астана ЭКСПО-2017» ҰК» АҚ тапсырысымен Әміре Қашаубаевтың орындауындағы «Балқадиша» әнінен шағын бейнероликтер көрсетіле бастады. Онда сахна шеберлері Майра Мұхамедқызы, Айман Мұсақожаева мен еліміздің өнер жұлдыздары Әміренің әнін жаңаша шырқайды. Ғасырға жуық уақыт бұрын осы әнді Әміре Париж сахналарында әуелеткен еді. Асқақ үнімен аспанды тербетіп, ерекше дауысымен Европаны таңқалдырған Әміре кім? Әміре Қашаубаев 1888 жылы Семей өңірінде дүниеге келген атақты әнші, актер, әрі музыкант. 12 жасқа толғанда Исабек деген байдың ат айдаушысы болып, ол жас әншіні той-жиындарда ән салғызады. Әміре 1921-24 жылдары Семейде құрылған қазақ жастарының ағарту ұйымы «Ес-аймаққа» мүше болып, әншілік өнерін шыңдай түсті. 1924 жылы осы қалада ұйымдастырылған халық өнерпаздарының байқауына қатысып, бас бәйгеге ие болды. 1925 жыл. Осы жылдың 25 мамырында Франция астанасы Парижде дүниежүзілік этнографиялық көрме өтеді.

Халықтар достығын паш еткен өнер жәрмеңкесінде Әміре Қашаубаев кеңес делегациясы құрамында орыстың әйгілі әншілері Долива-Саботнаций мен Ковалева, өзбек өнер майталмандары: әнші Кари Якубов пен биші Тамара Ханум, Әзірбайжан ән өнерін әйгілеуші Шавкет Мамедовпен бірге өнер көрсетеді. Әміренің әніне тәнті болмаған жан қалмайды. Бұрын-соңды мұндай әсерлі әнді тыңдамаған Париж халқы таң тамаша қалады. Қазақ әуенінің қуатына, әншінің таңғы шықтай мөлдір дауысына сүйсінген Франция өнерсүйер қауымы байқаудың күміс жүлдесін Әміреге береді. Париж көгінде «Ағаш аяқ», «Балқадиша», «Қанапия», «Үш дос», «Жалғыз арша», «Қосбалапан» әндерді әуелеткен күміс көмей әншіге француз жазушысы, өнер сыншысы Ромен Роллан Әміренің әншілік қабілетінің басымдығын мойындап, жоғары бағасын береді. Ал шексіз құрметке бөленген музыканттың аты шартарапқа тарап, даңқ шыңына көтерілді. Делегация бүкіләлемдік көрмеден үлкен әсермен, шығармашылық шабытпен табысты оралды. «…Ән салса, ол өзін-өзі ұмытады, әннің әуеніне төңкеріледі, оның даусы көмейінен шықпайды, жүрегінен шығады. Ол әннің әр нақысын ұғады, әнді ғана сүйеді. Ол тәтті үнге, топқа бола жаралған адам. Ән салса рақаттанып, гүл-гүл жайнайды. Көзі де, аузы да, денесі де, қолы да бірге ән салады». Әнші жайлы жазушы Жүсіпбек Аймауытовтан асырып айту мүмкін емес. Ал Халық әртісі Жүсіпбек Елебеков әншінің дауысын 8 шақырым қашықтыққа дейін жетті деген дерек келтіреді. «Әдебиет және искусство» журналының 1949 жылғы 10-санында «Екі естелік» мақаласында замандас досы Қалибек Қуанышбаев: «Әміре ән салғанда, қандай күшпен, айқаймен бірнеше әндер айтқанда, түсі бұзылмас еді. Күшпен айтатын әндерді айтарда, барлық демін бір-ақ жиып алатын. Оң жақ алқымында мойнының қалтасы бар еді. Соған бар демді толтырып ап, үнемдеп шығарып көпке дейін дем алмайтын», – деп әнші даусының ғажаптығын, үнінің сұлулығын саралап, Әміренің әнді сүйіп айтатынын, халық көп болғанда делебесінің қозып, асқақ даусымен жер мен көктің арасын жаңғыртқанына тамсанады. Шындығында Әміренің даусы өте биік ноталарды қиналмай алатын әрі диапазоны өте кең аса сұлу үнді болған. Сәкен Сейфуллин «Казахстанская правда» газетіне: «Шырқаған әнімен әлемді таңдандырған, Анри Барбюс пен Ромен Роллан тәрізді көрнекті мәдениет қайраткерлерін шын көңілмен сүйсіндірген әнші Әміре дүниеден озды», – деп мақала жазған. Әмбебап көрме өткізілген тұста Мұстафа Шоқай Парижде жүрген екен. Кеңес одағынан келген делегация құрамынан қандасы Әміре Қашаубаевты көргенде қайран Алаш азаматы қуанғаннан жылап жіберіпті. Көрме аяқталғанша Әміреге қолғабыс жасап, Парижді аралатып, көмектескенге ұқсайды. Тіпті, естелік ретінде Әміреге жақсы костюм де сыйлаған. Басқа ешқандай да мақсаты жоқ осы бір кіршіксіз сыйластық кейін әншінің басына сор болып жабысатынын ол кезде екеуі де білген жоқ еді. Париждегі жүздесу жайлы әнші «Қазақ тілі» газетіне сұхбат береді. Осыны желеу еткен Біріккен бас саяси басқарма (ОГПУ) тыңшылары қазақ эмигранты Мұстафа Шоқаймен астыртын байланысы бар деп күдік келтіреді. Әншіні тергеуге алып, үздіксіз тексеру жүргізеді. Әншіге сахнаға шығуға, театрда рөлдерге бекітілуге шектеу қойылады. Шығармашылықтың шарасыздығына шырмалады. Қазақтың әншілік дәстүрін дүниежүзіне паш еткен әншінің сағын осылай сындырады. 1934 жылы 7 қарашада ән атасы Әміре Қашаубаев ауыр сырқаттан қайтыс болады. Әміре туралы көп айтыла бермейтін тағы бір әңгіме бар. Әншінің ескерткішін тұрғызуға жетпісінші жылдардың ішінде Дінмұхамед Қонаевтың өзі тәуекел етіп, 7 мың рубль бөлгізген екен. Осынша қаражатқа Т.Андрющенко деген мүсінші биіктігі 7 метр болатын еңселі ескерткіш тұрғызады. Бұған ел қатты қуанған. Ол уақытта әнші ресми ақталғанымен, әлі де болса қатыгез жүйенің тас құрсауы жіби қоймаған кез. Сол сұрқия саясаттың кесірі болса керек, ескерткіш ұшты-күйлі жоғалып кетеді. Бір тәубе дейтініміз, еліміз тәуелсіздігін алғаннан кейін ұлтының атын айдай әлемге алғаш танытқан Әміреге арнап Семей қаласының төріне ескерткіш орнатты. Әміренің орындауында фонографқа жазылып алынған «Жалғыз арша», «Үш дос», «Ағаш аяқ», «Смет», «Дударай», «Бес қарагер» әндерін 1974 жылы музыка зерттеушісі Жарқын Шәкәрімов тауып, олар техникалық өңдеуден кейін

күйтабаққа түсіріледі. Әміре Қашаубаев орындаған қазақтың классикалық әндері кейінгі әншілердің репертуарларында жалғасын тапты. Бұл ретте Жүсіпбек Елебеков, Манарбек Ержанов, Жәнібек Көрменов, Қайрат Байбосынов, Мәдениет Ешекеев, Бекболат Тілеуханов сияқты жезтаңдай әншілердің Әміре өнерін жалғастырушы лайықты ізбасарлар болғанын атап өтуге болады. Әміре Қашаубаев жөнінде жазылған бірнеше зерттеулер, көркем шығармалар жарыққа шықты. Әміренің Парижде шырқалған әндері Астанада өтетін ЭКСПО халықаралық көрмесінің Қазақстан павильонында асқақтаса қандай ғажап?! Өйткені қазақ баласының ЭКСПО көрмесінде бір ғасыр бұрын ән салғанын, қазақ ән өнерінің тарихы мен бүгінгі тыныс-тіршілігін жарқырата көрсетуге мүмкіндік туып отыр. Ал «ЭКСПО-2017» көрмесінің кешені Қазақстанның ғана емес, әлемнің әлеуметтік-қоғамдық дамуына қарқын береді. Сондай-ақ көрме Астананың брендіне айналуы да мүмкін. Ендеше, «ЭКСПО-2017» көрмесі Қазақстан үшін мақтаныш пен жетістіктің көрінісі болғай.

Франциядағы «ЭКСПО» көрмесіне арналған алғашқы концерт 1925 жылғы 20 шілде күні декоративтік өнер шарасының КСРО павильонында басталады. Кеңес әртістері Париж театрларында барлығы 11 концерт береді. Әміре барлығына да қатысып, «Бесқарагер», «Балқадиша», «Смет», «Дударай», «Ағаш аяқ», «Жалғыз арша», «Үш дос», «Қараторғай», «Қызыл бидай» әндерін орындайды. Бір айта кетерлігі, қияндағы Францияға қазақ топырағынан тек Әміре ғана барған. Сол тұста Парижде жүрген ұлт қайраткері Мұстафа Шоқай Кеңес елінен келген делегацияны көріп, айрықша қатты қуаныпты. Тіпті, Әмірені көріп, көңілі босап, көзіне жас алған көрінеді. М.Шоқайға Кеңес өкіметі жау болғанымен, халқы жау емес, ол әртістердің басы-қасында жүріп, көп қолғабыс тигізген. Парижді аралатып, қыдыртып жүріп, Әміреге ағалық ниетін танытып, су жаңа костюм кигізген. Мұстафа Шоқай әнші інісін Отанына шығарып салып тұрып, Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатовтарға хат жазып жібереді. Алайда, табиғатынан адал, өнер адамына тән аңғалдығы бар Әміре ол хатты жолда ұрлатып алады.

Елге келгеннен кейін оның Францияда ұлт қайраткері – Мұстафа Шоқаймен кездесуін, одан сый-сияпат алуын тоталитарлық билік теріске санап, тергеп-тексеріп әуреге салады.

Әміре туралы көп айтыла бермейтін тағы бір әңгіме бар. Әншінің ескерткішін тұрғызуға жетпісінші жылдардың ішінде Дінмұхамед Қонаевтың өзі тәуекел етіп, 7 мың рубль бөлгізген екен. Осынша қаражатқа Т.Андрющенко деген мүсінші биіктігі 7 метр болатын еңселі ескерткіш тұрғызады. Бұған ел қатты қуанған. Ол уақытта әнші ресми ақталғанымен, әлі де болса қатыгез жүйенің тас құрсауы жіби қоймаған кез. Сол сұрқия саясаттың кесірі болса керек, ескерткіш ұшты-күйлі жоғалып кетеді.

Бір тәубе дейтініміз, еліміз тәуелсіздігін алғаннан кейін ұлтының атын айдай әлемге алғаш танытқан Әміреге арнап Семей қаласының төріне ескерткіш орнатты.

Әміренің әншілік өнерін, бірегей талантын Ромен Роллан, Анатолий Луначарский, Әлкей Марғұлан, Сәбит Мұқанов, Мұхтар Әуезов сынды қаламы қарымды азаматтар жазып кеткен. Сахна шебері Қалибек Қуанышбаев ол жөнінде былай дейді: «Оң жақ алқымында мойнының қалтасы бар еді. Соған бар демді толтырып ап, үнемдеп шығарып, көпке дейін дем алмайтын». «Париж апталығы» газетінің 1925 жылғы 24-31 шілде аралығындағы сандарында «Ғажайып дауыс иесі Әміре Қашаубаев ұлт аспабы домбыраның сүйемелдеуімен өз елінің жан-жүйені балқытқан әндерін салып берді» деп ерекше таңдана жазған мақалалар басылған.

Әміре қайтыс болғанда күллі қазақ күңіреніп жоқтаған. Ол күні республикалық басылымдарға көптеген қазанамалар, көңіл айтулар шығады. Жазушы Сәкен Сейфуллин «Казахстанская правда» газетіне: «Шырқаған әнімен әлемді таңдандырған, Анри Барбюс пен Ромен Роллан тәрізді көрнекті мәдениет қайраткерлерін шын көңілмен сүйсіндірген әнші Әміре дүниеден озды» деп ah ұрады.

Әнші Әміренің дауысын 1974 жылы алғаш тапқан Жарқын Шәкерім құнды материалға қалай кезіккені туралы кеңірек әңгімелеген еді. Ол кісінің айтуы бойынша, сол жылдары Қырғызстанның бірінші хатшысы Т.Үсібәлиев деген кісі Д.Қонаевқа «Компартияның 50 жылдығы болғалы жатыр, соған орай Қырғызстанның Саяқбай Қаралаев, Естемес Тұрсынәлиев, Үрқаш Мәмбетәлиев, Туғанбай Әбдиев секілді манасшыларының және әйгілі қырғыз орындаушыларының күйтабағын шығаруға көмектессеңіздер» деген мазұнда хат жазып, өтініш жасайды. Ол кезде күйтабаққа жазу студиясы Орта Азия бойынша Алматы мен Ташкентте ғана болатын. Содан кейін Қазақ КСР Мәдениет министрлігінің тапсырмасымен Алматы күйтабаққа жазу студиясының директоры Сейілхан Құсайынов музыка зерттеушісі Жарқын Шәкерімді шақыртып, мән-жайды айтады. «Жұлқынған жас кезім, ә дегенше Қырғызстаннан бір-ақ шықтым. Бішкекте жарты жылдай жүріп, көлемді күйтабақ шығару үшін Қырғыз радиосынан біраз шығармаларды жазып алдық. Енді қалғанын Мәскеуден қоспақшымыз. Онда сапалы жазбалар өте көп. Орталық Мемлекеттік мұрағаттың фоно-фото құжаттар және дыбыс жазу бөлімінде сақталған қырғыз қорын ақтарып, манасшыларды іздеп жүрген едім. Қалың шаңның арасында жатқан қоңыр кітап қолыма түсіп, ондағы Әміренің есімі, ол орындаған әндердің тізімі, сондай-ақ фонографқа жазылған дауыс таспасының нөмірі көзіме оттай басылды. Қуанғанымнан көзімнен қалай жас шығып кеткенін де білмей қалыппын» деп ағынан жарылды Жарқын аға. Қызығы сол, қазақтың маңдайалды әншісінің мұрасы сонау Мәскеу мұрағатының қырғыз бөлімінде жатыр. Кейбір тұстары өшіп кеткен. Оны көпшіліктің тыңдауына лайықтаған қазақ музыкасының жанашырлары Қазақ КСР Мәдениет министрі Жексенбек Еркімбековтің тікелей тапсырмасымен Әміренің әндері жазылған күйтабақты шығарады.

Мұнымен қоса ғалым былтыр Мәдениет және ақпарат министрлігінің тапсырмасымен Мәскеу мен Санкт-Петербургке аттанып, екі айға жуық мұрағат қопарып, қазақ өнерпаздарының 200-ден астам дауысын алып келген еді. Олардың ішінде Жамбыл Жабаевтың өз орындауында отызыншы жылдары жазылған, бұрын-соңды ел естімеген бір толғауы, Кененнің, Қалқа Жапсарбаевтың, Қайып Айнабековтің, Маясар Жапақовтың үнтаспалары, басқа да жәдігерлер бар. Осы тізімнің ішінде Әміре Қашаубаевтың Париждегі өткен дүниежүзілік «ЭКСПО-1925» көрмесінде шырқаған әндері де бар. Бұл – қазақ мәдениеті үшін теңдесі жоқ, ұшан-теңіз байлық екені рас. Мәскеуден жеткен дыбыстық жәдігерлер негізінен 1930-1950 жылдарда жазылған. «Сорбонна университетінің екі ғалымы – доктор Шрамек пен профессор Перно қазақ әншісінің дауысын Парижде жүрген жерінде фонограф аппаратына жазып алған екен. Сол жазбалар университет мұрағатында болуы мүмкін», – дейді Жарқын Шәкерім.

ӘДЕБИЕТ

[1] Мақсат Әділхан**.** ЭКСПО-ға қатысқан тұңғыш қазақ.// Қостанай таңы , 2015/ – 4 б.

[2]Қуаныш Сейдоллаұлы. ЭКСПО-ға қатысқан ең алғашқы қазақ Әміре әнші. // Қазақ үні, 2014 – 3 б.

[3] Алмас Мұқашұлы. Парижде өткен ЭКСПО көрмесінде Еуропаны тамсандырған қазақ туралы бір үзік сыр/ - і, 2014. – 6 б.

УДК 32.019.52

Ә. Олжабай[1,a]
[1]М.Тынышбаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясы, Алматы қ., Қазақстан,
[a]olzhabay_a@mail.ru

ӘЛЕМДІК ТЕРРОРИЗМ ПРОБЛЕМАСЫ

Аңдатпа. Мақалада әлемдік терроризм проблемасының кейбір мәселелері және оның қоғамға тигізіп отырған зардаптары қарастырылады.

Түйінді сөздер. Терроризм, діни экстремизм, қорқыту, экстремистік ұйымдар.

Аннотация. В статье рассмотрены некоторые причины проблемы мирового терроризма и вред, который он наносит обществу.

Ключевые слова: терроризм, религиозный экстремизм, угроза, экстремистские организации.

Abstract. In the article some cause of the problem of world terrorism and the harm which it brings to society was considered.

Key words: Terrorism, religious extremism, a threat, extremist organizations.

Халықаралық терроризм - "мемлекет басшыларының, топ адамдардың, жалпы халықтың үрейін үшыру мақсатында адамдарға немесе жекеменшікке бағытталған бір мемлекет өкілдерінің екіншісіне қарсы акті жасау, ұйымдастыру, жүзеге асыруға жәрдемдесу, қаржыландыру немесе қолдау көрсетуі немесе оған жол беру әрекеттері (БҰҰ-ның адамзаттың қауіпсіздігі мен бейбітшілікке қарсы қылмыстар Кодексінің жобасындағы анықтамаға сәйкес). XXI ғ. басы Нью-Йорктегі, Вашингтондағы, Мәскеудегі, Мадридтегі, Лондондағы және басқа да терроризмнің барлық түрлерінің көрініс табуы лаңкестік феноменіне жаңаша көзқарасты талап етуде. Бұл оқиғалар адамзаттың жаңа тарихи кезеңге аяқ басқанының белгісі, осы орайда бүкіләлемдік қауымдастықтың өркениеті күштерінің лаңкестікке қарсы бітіспес соғыс жариялауымен сипатталады. "Халықаралық терроризм" ұғымы 1970-шы жылдардан кеңінен таралғанымен, 2001 жылғы 11 қыркүйектен кейін ғана жалпы мойындала бастады. Халықаралық террористік құрылымдар лаңкестік актілерді ғаламдық мақсаттарға жету үшін қолданады, алайда нақтылы талаптар да қоймайды. Халықаралық лаңкестік шаралары ғаламдық БАҚ- тың көңілін аударып, соның арқасында қоғамды дүрліктіреді. Әлемдік тарихтың негізгі қайшылығы дамыған және дамушы елдердің арасындағы даму алшақтығы болып отыр. Осылайша, әлемнің екі жігінің арасындағы алшақтық дамудың негізгі тежеуішіне айналды

Терроризм сөзінің төркіні латын тіліндегі terror «қорқу», «үрей»,- деген сөзден шығады. Ал терроризм «қорқыту», «үрей туғызу» деген мағынаны білдіреді. Бұл термин жалпы адамзат құқұқтарын таптайтын, онын елемейтін кез-келген топтарға айтылады. Террористер дегеніміз керісінше адамзатқа үрей туғызып, оларды қорқытуға зорлауға дайын жамағаттар. Өкінішке орай соңғы кезде бұл термин көбінесе ислам дінінің ішіндегі радикалды террористік топтарға айтылып жүр.

Ислам діні негізінде адам құқұқтарын өте жоғары бағалайтын дін. Исламның негізгі қағидасы Алла Тағала айтқандай –«дінде зорлық жоқ»(Бақара сүресі 256 аят), яғни адам өз еркімен қай дінді ұстанса да ерікті, ешкім оны басқа дінге күштеп кіргізуге құқығы жоқ, егер кімде кім оны күштеп зорлықпен құқығын таптап басқа дінге кіргізсе онда ол адам Алланың алдында күнәлі болып, Алланың сөзіне қарсы келген болады. Себебі адам басқа дінді өз еркімен толық қанағатымен қабылдау керек, ол қалай болады, ол дағуат яғни шақыру жолымен болады, басқа адамды дінге шақыру ол көркем мінез және діннің айқын дәлелдерін келтіру арқылы болады.

Ислам діні адамзат құқықтарын жоғары бағалайтын асыл дін. Бірақта соңғы кезі ислам әлемі мәдениетінін құлдырауына байланысты әр түрлі радикалды террористік топтар (Алкаида, талибан, игил, уаһабия немесе салафия, ихуан, хизбуттахрир, хабашит) шыға бастады және одан да басқа әл түрлі топтар бар.

Күн өткен сайын терроризм мен діни экстремизмнің қаупі жаһандық ауқымға жайылып бара жатқаны рас. Қазіргі кездегі әлемді алаңдатып отырған маңызды діни түйткілдердің бірі, тіпті ғаламдық мәселелердің қатарына жатқызуға да болатын құбылыс – діни экстремизм мен терроризм деп айтуға болады. Ол бастапқы идеялары бойынша дәстүрлі діндерге сүйеніп, олардың өңін айналдырып, бұрмаланған күйде танитын және өзінің сол позициясын ақиқат ретінде дәйектеуге тырысатын бүлікшіл пиғыл тек Қазақстанға емес, дүниежүзіне айтарлықтай қауіп төндіріп отыр. Соңғы жылдары әлемде террористік әрекеттердің жүздегені болып, оның салдарынан мыңдағаны қаза тауып, тағы мыңдағаны ауыр жарақаттар алуда. Террористік актілер тек шиеленіс аймақтарында ғана емес, сонымен қатар дамыған елдерде де орын алуда. Терроризмнің басқа жаһандық проблемалармен байланысы ашық түрде болуда. Сондай проблемалардың қатарында мемлекеттер аралық қатынастардың шиеленесуін, ұлтаралық және діндер арасындағы қатынастардың өткірленуін, халықаралық қылмыстың артуын, заңсыз есірткі айналымын және т.б. айтуға болады.

Терроризм заң шеңберінен тыс жолмен, қорқыныш ұялату үшін зорлық көрсету актілерін жасау арқылы қазіргі кезде территориялық және ұлтаралық қайшылықтарды шешу тәсіліне айналып барады. Халықаралық терроризмнің барлық түрі, ұстанған жалауы мен ұраны қандай болғанына қарамастан, бүгінгі күннің өте ауыр мәселенің бірі. Бүгінгі таңда халықаралық терроризм дінге залалын тигізуде. Дін атын жамылған қылмыскерлер дінге кір келтіруді көздейді. Зорлық-зомбылықтың барлық түрі діндердің ортақ нанымына қайшы келеді. Дүниежүзі бойынша террористік әрекеттің қарқынды дамуы, осы қылмыстар шеңберінің кеңеюіне әкеліп соқты. Біріккен Ұлттар Ұйымы органдарының есебінің бірінде болашақ ғасырда адамзатқа екі үлкен қатер төнетін болады делінген. Сол қатердің бірі – экологиялық апаттар болса, екіншісі – терроризм. Өздерінің қылмыстық мақсаттарын іске асыру үшін террористер барлық зұлымдық әрекеттерді жасауға дайын екені байқалуда. Қазақстан да Орталық Азия аймағының құрамдас бөлігі ретінде халықаралық лаңкестік және діни-экстремистік ұйымдардың назарында тұрғаны рас.

Бүгінде халықаралық террористік ұйымдар өзіндік жеткілікті материалды-қаржылық және адами ресурстарға ие, құрылымы тұрақты, әрі кең таралған жүйеге айналды. Заманауи қарулар мен технологияларды иемденген терроризм қазіргі жаһандану кезеңінде әлемнің кез келген аймағында тұрақтылықтың бұзылуына ықпал етуде. Қару-жарақ пен түрлі жарылғыш заттар қолдану, әрі адам ұрлап, кепілге алу арқылы жүйелі түрде зорлық-зомбылық көрсету әрекеттері экстремизм мен терроризмді жеке тұлға өміріне, қоғам мен мемлекет мүдделеріне қауіп төндіретін кең масштабты құбылыс екендігін айқындайды.

Қазіргі гүлденген Қазақстан – тұрақты экономикалық өсімі бар, қоғамдық келісім мен орнықты саяси жағдайы қалыптасқан көп ұлтты және көп конфессиялы ел болып табылады. Ертеңгі күнгі өзінің алдына қойған мақсатына жету үшін дүние жүзіндегі дамушы мемлекеттер қатарына қосылуға нық қадам басуда. Қазақстан Республикасы қоғам ретінде өзіне тән саяси-әлеуметтік, экономикалық және рухани жүйелерден тұрады. Әлемдегі діни ахуалдың күрделі сипатқа ие болғаны соңғы уақыттағы зерттеулерден белгілі болып отыр. Бұл үдеріс өз алдына Қазақстанға да әсер етіп отырғаны мәлім. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары адамдардың ойы мен санасында әлеуметтік-экономикалық мәселелер бірінші орынға шығып, рухани құндылықтардың кешеуілдегені орын алды. Қоғамда пайда болған осы рухани бостықтың орнын басқа елдерден келген әр түрлі діни идеялар толтыруға тырысып белсенді әрекет етті. Соның салдарынан Қазақстан

азаматтарының арасында кереғар ағымдардың шырмауығына түсіп, радикалданып, экстремистік көзқарасқа шалдыққандар болды.

Бүгінде Қазақстан Республикасы әлемдік деңгейде жүргізіліп отырған экстремизм және терроризмге қарсы күресте өз деңгейінде белсенді түрде қатысып келеді. Оның айғағы ретінде, қазіргі таңда бес жылға жоспарланған «Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2013-2017 жылдарға арналған бағдарлама» жасалып, қазір іс жүзінде орындалуда. Сондай-ақ, 2015 жылғы Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының салтанатты 70-ші сессиясында сөйлеген сөздерінде жалпы әлемдік қоғамдастыққа ортақ мәселелерді көтерді, келелі ұсыныстарды ортаға салды.

Аталмыш сессияда Елбасы осы ғасырда адамзаттың ең басты міндеті әлемді соғыс қатерінен арылтатын және оның себептерін жоятын стратегия – Жаһандық Стартегиялық бастама – 2045 жоспарын әзірлеуді ұсынды. Оның басты мәні – адамзаттың дамуы үшін жалпыға ортақ жауапкершілікті орнықтыру болып табылады. Елбасының ұсынысымен Ұйымның қолдау көрсетуімен халықаралық терроризм мен экстремизмге қарсы тұра алатын бірыңғай әлемдік желі құру мәселесін көтерді. Елбасының ұсыныстарының барлығы әлемдік маңызға ие, өткір әрі өзекті мәселелер екендігін танымал саясаткерлер мен сарапшылар атап өтуде.

Қазақстанда барлық халықаралық террористік ұйымдардың қызметіне тыйым салынған. Қазіргі таңда Қазақстан ТМД Терроризмге қарсы күрес орталығы, Шанхай Ынтымақтастық ұйымы Терроризмге қарсы аймақтық құрылымы сияқты ұйымдардың мүшесі, терроризм мен экстремизмге қарсы күрес желісінде халықаралық ынтымақтастықты белсенді түрде дамытқан және әлі де дамытуын жалғастыруда.

2001 жылдың 11 қыркүйегіндегі лаңкестік актілері (кейде жай ғана 9/11 деп аталады) — АҚШ-та орын алған төрт өзара келісілген жанкешті лаңкестік шабуылдардың тізбегі. Бұл шабуылдардың жауапкершілігін «әл-Қағида» лаңкестік ұйымы өз мойнына алды.

11 қыркүйектің таңында «әл-Қағидаға» қатысы бар он тоғыз лаңкес төрт топқа бөлініп төрт рейстік жолаушылар ұшағын басып алды. Әрбір топ бастапқы ұшу дайындығынан өткен кем дегенде бір адамнан құралды.

Басқыншылар бұл лайнерлердің екеуін Нью-Йоркте, Манхэттеннің оңтүстік бөлігінде орналасқан Дүниежүзілік сауда орталығының мұнараларына бағыттады. AmericanAirlines 11 рейсі Дүниежүзілік сауда орталығының 1-ші мұнарасына соқтығысты (солтүстік), ал UnitedAirlines 175 рейсі 2-ші мұнарасына (оңтүстік) соғысты.

Соның нәтижесінде бұл екі мұнара қасындағы ғимараттарға үлкен нұқсан келтіріп, құлады. Үшінші ұшақ (AmericanAirlines 77 рейсі) Вашингтон маңында орналасқан Пентагон ғимаратына бағытталды. Төртінші авиалайнердің (UnitedAirlines 93 рейсі) экипажы мен жолаушылары ұшақ басқаруын лаңкестерден тартып алуға әрекеттенді; ұшақ Пенсильвания штатындағы Шенксвилл қаласының маңындағы далада құлады.

19 лаңкестен басқа, шабуылдар нәтижесінде 2977 адам қаза тапты, тағы 24 адам із-түссіз жоғалып кетті. Қаза тапқандардың көбісі азаматтық тұлғалар болған.

Осы қанды оқиғада көз жұмған 3 мыңға жуық адамның 2753-і Дүниежүзілік сауда орталығында қаза болған. Олардың 343-і өрт сөндіруші, 60-ы полицей екен. Қаза тапқандардың арасында 70 елдің азаматы бар

Қайғылы оқиғаның ресми версиясы бірқатар журналистер, ғалымдар мен куәгерлердің тарапынан сынға ұшырады. Тәуелсіз тергеулер өткізіліп, олардың кейбірінің желісі бойынша деректі фильмдер түсірілді.

2011 жылы Қазақстанның жеті бірдей ірі қаласында лаңкестік әрекеттер жасалды. Алғашқы теракт мамырдың 17-сі күні болды. Ақтөбенің 25 жастағы тұрғыны Рахымжан Мақатов Ұлттық қауіпсіздік комитетінің (ҰҚК) Ақтөбе облыстық департаменті ғимаратында өзін өзі жарып жіберді. Жанкешті мерт болып, үш адам жараланды.

5 маусым. Ақтөбеде терроризм актісі. 25 адам қаза тапты (4 азаматтық, 3 әскери, 18 террорист)

18 шілде. Алматыдағы террорлық акт. Алмалы АІІБ ғимаратына шабуыл жасалды. Қылмыскер полиция қызметкерін жарақаттады және оның қаруымен жоғалып кетті. Операция барысында қаруды ұстау үшін үш полиция қызметкері мен бір азамат өлтірілді, ал екеуі құқық қорғау органдарының қызметкерлері қайтыс болды. Сегіз адам жарақат алды. Террорист және оның болжамды серіктесі ұсталды.

Қорыта келгенде, терроризм - бұл бүкіл адамзатты толғандырып отырған жаһандық проблема. Барлық адамзат XXI ғасырда осы проблеманың алдында қауқарсыз екендігін түсініп отыр. Терроризм қоғамға үлкен трагедия алып келеді, одан сансыз адамдар зардап шегуде. Қазақстан қоғамында ұлттық қауіпсіздікті нығайту, терроризм діни экстремизмнің алдын алу проблемасы өзекті болып қала береді. Ол туралы Ел Президенті Н.Назарбаев өзінің биылғы Қазақстан халқына жолдауында атап көрсетті: «**Қоғамдық тәртіпті сақтау** және қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында көшелерде және адам көп жиналатын қоғамдық орындарда бейнебақылау жүргізетін, азаматтарды анықтайтын және жол қозғалысын қадағалайтын **интеллектуалды жүйелерді** белсенді түрде енгізу керек». [1] Сонымен қатар. бұл мәселе ғылымда жан жақты зерттеуді қажет етеді.

ӘДЕБИЕТ

[1] Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. – 2018 жылғы 10 қаңтар http://www.akorda.kz

УДК 355.01

К.Т. Анасова[1,a], Е.Д. Чакенов[1,b]
[1]Казахская академия транспорта и коммуникаций им. М. Тынышпаева, г. Алматы, Казахстан
[a]anasova_76@mail.ru, [b]e_chakenov@mail.ru

ОБРАЗОВАНИЕ КАК ФАКТОР НАЦИОНАЛЬНОЙ БЕЗОПАСНОСТИ

Аннотация. В статье образование рассматривается как один из важных факторов национальной безопасности.

Ключевые слова: национальная безопасность, образование, человеческий капитал, наука.

Аңдатпа. Мақалада білім беру, ұлттық қауіпсіздіктің маңызды факторларының бірі ретінде қарастырылып, жан-жақты объективті бағасын беруге талпыныс жасалынады.

Түйінді сөз: ұлттық қауіпсіздік, білім беру, адам капиталы, ғылым, білім.

Abstract. In the article, education is regarded as one of the important factors of national security.

Key words: national security, education, human capital, science.

Сознательная образовательная деятельность есть целенаправленная деятельность человека, суть и формы которой определяются его убеждениями. Образовательная политика как целое складывается из отдельных решений, принятых учителем (воспитателем, директором, иным работником образования) в изменчивых и сугубо уникальных ситуациях конкретного взаимодействия. [1,4]

Казахстан согласно ПРОН по развитию и человеческому капиталу, после развала СССР, отмечался аналитиками высоким уровнем образования населения, но со временем стал вопрос о необходимости модернизации образования в новых экономических реалиях и выхода на позиции передовых стран (2030, 2050 и т.д.). Реформа началась и продолжается уже в течение 25 лет, сменилась плеяда реформаторов образования

(министров МОН). Результат то, что мы имеем или хотели иметь. Для ППС результат оказался не тем, что ожидали от него (во всяком случае для общественности), и дискуссии об образовании не прекращаются, а еще более усилились. Вопросы как были, так и остались. Сколько лет учиться: 10, 11, 12; в вузе 4 или 5 + магистратура, докторантура и т.д. Какие дисциплины необходимы, сколько часов на них, какова цель вообще образования, каким должен быть специалист. Какова задача школы, вуза в конечном итоге?

Возникает вечный вопрос вопрос - что делать? Ответ нашли очень быстро, посмотрев по сторонам и, взгляд упал на запад. Тем самым, прагматизм как идеология либерального запада дошла до нашего образования под лозунгом о необходимости подготовки кадров для потребностей развивающегося бизнеса. Учитывая характер нашего бизнеса, очень жаль, что люди, выработавшие эти критерии, относятся к системе образования, а не к системе торговли, на рынок бы их! Нанесли удар по системе инженерного образования и в конечном итоге, нет ни среднего, ни профессионального и нет полноценного высшего образования. А то, что получили - рассрочка на получение диплома на 4-5 и т.д. лет, к этому времени и студенты повзрослели. Если продать диплом молодежи, уже этого возраста, то это никак не отразилось бы на предпринимательстве или на нашем бизнесе.

Последние инженерные кадры прошлой советской системы образования подошли или вошли в пенсионный возраст, поэтому и образовался вакуум в специалистах – инженеров, а новые кадры-бакалавры оказались никому не нужные с низким уровнем специальной подготовки.

Одной из главных причин падения вузовского образования является плачевное состояние среднего образования в стране. Ни один вуз не может дать хорошее образование тому студенту, кто не получил его в школе. Мы уверены, что не все понимают или не хотят понять, что за этим кроется чей-то злой умысел. Наша элита не желает дать образование так называемым «кухаркиным детям», лишить конкурентов для своих милых чад, на это наталкивает система создаваемой структуры управления на высшем уровне. Это одна сторона.

К этому можно добавить предложенный МОН программы гуманитарной части подготовки специалистов – свести в один узел дисциплины: право, социология и политологию, как один предмет – «экономика должна быть экономной». В связи с этим можно предложить еще несколько новаций, свести физику, математику, механику, сопромат и близкие к ним техпредметы в один предмет – «сопромуть». Экономия времени и средств. Возникает вопрос нужны ли Казахстану вузы? Элита дает образование своим чадам за рубежом или в частных школах, а плебеям достаточно и то , что есть. Оставить несколько вузов для пристижа, а остальным дать статус колледжей.

Вибрацияланатын үлгі әдісімен жұқа магнитті SiO_2/NiFe(d)/Ta және SiO_2/NiFe(d)/Ru пленкалардың магниттік қасиетін түсіндіретін гистерезис тұзағы 5-7 суреттерде келтірілген. 5 суретте NiFe жұқа магнитті пленканың қалыңдығы 4нм.

5 сурет –SiO_2 / NiFe (d=4нм)Ta және SiO_2 / NiFe / Ru үшін гистерезис тұзағы.

6 суретте NiFe магнитті жұқа пленканың қалыңдығы 7 нм



6 - сурет. SiO_2 / NiFe (d=7нм)Ta және SiO_2 / NiFe / Ru үшін гистерезис тұзағы

7 – суретте. NiFe магнитті жұқа пленканың қалыңдығы 10 нм.

7 - сурет. SiO_2 / NiFe (d=10нм)Ta және SiO_2 / NiFe / Ru үшін гистерезис тұзағы

Бұл суреттерден SiO_2/NiFe/Ta және SiO_2/NiFe/Ru жұқа магнитті пленкалардың қорғаушы қабаты Ru болғандағы гистерезис тұзақтарының коэрцитивті күші қорғаушы қабат Ta болғандағыға қарағанда аз екендігі көрінеді. Сондықтан, магнитті оперативті жады ретінде жұқа магнитті пленкалардың бетіне Ta қорғаушы қабатына қарағанда Ru қабатын қолдану тиімді.

ӘДЕБИЕТ

[1] Панфилов С., Нанесение тонких пленок в вакууме. //Технологии в электронной промышленности – 2007. – № 3. – С. 255–289.

[2] Nikitov S.A., Nikulin J.V., Dzumaliev A.S., Kozhevnikov A.V. Ferromagnetic Resonance Characterization of the Nanoislands Films Magnetics // Abstract of international conference INTERMAG. – 2006. – С. 255

[3] Казаков В.Г. Тонкие магнитные пленки // Соросовскйй образовательный журнал. – 1997. – №1. – С. 107–114.

[4] Иванов А.А., Лобов И.В., Воробьёв Ю.Д. Некоторые механизмы закрепления доменных границ в тонких магнитных плёнках // ФММ. – 1994. – Т. 58, №1. – С. 11–20.

[5] Lu H. M., Zheng W. T. and Q. Jiang //Saturation magnetization of ferromagnetic and ferromagnetic nanocrystals at room temperature / J. Phys. D: Appl. Phys. –2007. – № 40. – P. 320.

[6] Shadeke B., Kezilebeke S., Ali M., Gunnella R. Magnetic properties of ultrathin Ni_8Fe_{19} films with Ta and Ru capping layers // Condensed Matter.25 – 2013. – №476003. – P.6.

[7] Омаров С.С., Бейсен С., Нысанбаева С.К., Бегимов Т, Бедельбаева Г.Е. Магнитная вязкость в тонких пленках наноматериалов // Сборник тезисов Международного научного симпозиума «Новые концепции в физике конденсированного состояния». – Алматы, 2014. – С. 78–79.

ӘОЖ 517.9

Ж.М. Сарыбаева[1,a], С. Тұрсынбаева[1,b], С. Оспанова[1,c]
[1]М. Тынышбаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясы, Алматы қ., Қазақстан
[a]2402366@mail.ru, [b]tursynbaeva024@gmail.com, [c]ospanova@mail.ru

СЫЗЫҚТЫ КОЭФФИЦИЕНТТЕРІ ТҰРАҚТЫ БІРТЕКТІ ЕМЕС ДИФФЕРЕНЦИАЛДЫҚ ТЕҢДЕУЛЕРДІ ТҰРАҚТЫНЫ ВАРИАЦИЯЛАУ ӘДІСІМЕН ШЕШУ

Андатпа. Сызықты коэффиценттері тұрақты біртекті емес дифференциалдық теңдеулерді шешудің басқа да әдістері белгілі. Бұл жұмыста сызықты коэффиценттері тұрақты біртекті емес дифференциалдық теңдеулерді шешудің вариациялау әдісі қолданылады.

Түйінді сөздер: дифференциалдық теңдеу, біртекті, біртекті емес, сызықты дифференциалдық теңдеу, вариациалау әдісі.

Аннотация. Есть другие способы решения линейных неоднородных дифференциальных уравнений с постоянными коэффицентами. В этой работе чтобы решить линейные неоднородные дифференциальные уравнения с постоянными коэффициентами.

Ключевые слова: дифференциальное уравнение, однородная, неоднородная, линейное дифференциальное уравнение, вариационный метод.

Abstract. There are other ways of solving linear inhomogeneous differential equations with constant coefficients. In this paper, to solve linear nonhomogeneous differential equations with constant coefficients.

Key words: differential equation, homogeneous, inhomogeneous, linear differential equation, variational method.

Ізделінетін функция мен оның туындылары бойынша сызықты болатын $n-$ретті дифференциалдық теңдеу

$$a_0(t)y^{(n)} + a_1(t)y^{(n-1)} + ... + a_{n-1}(t)y' + a_n(t)y = \varphi(t) \quad (1)$$

$n-$ретті сызықты дифференциалдық теңдеу деп аталады.

Егер оң жағы $\varphi(t) = 0$ болса, онда теңдеу сызықты біртекті деп аталады, ал егер 0-ге тең болмаса, онда теңдеу теңдеу сызықты біртекті емес теңдеу деп аталады.

Егер $t-$ның өзгеру интервалында $a_0(t) \neq 0$ болса, онда теңдеудің екі жағын да $a_0(t)-$ға бөліп келесі теңдеуді аламыз

$$y^{(n)} + p_1(t)y^{(n-1)} + ... + p_{n-1}(t)y' + p_n(t)y = f(t) \quad (2)$$

Сызықты дифференциалды операторды пайдаланып сызықты біртекті емес теңдеуді қысқаша келесідей жазамыз

$$L[y]=f(t),$$

мұндағы $L[y]\equiv y^{(n)}+p_1(t)y^{(n-1)}+...+p_{n-1}(t)y'+p_n(t)y$

Егер (a,b) интервалында (2)-ші теңдеудің барлық $p_i(t)$ коэффициенттері және $f(t)$ оң жағы үзіліссіз және келесі шарттарды қанағаттандырса

$$y(t_0)=y_0;\ y'(t_0)=y_0';\ ...;\ y^{(n-1)}(t_0)=y_0{}^{(n-1)};\ y^{(n)}(t_0)=y_0{}^{(n)},$$

онда оның жалғыз шешімі бар.

Шынында да,

$$y^{(n)}=-p_1(t)y^{(n-1)}-p_2(t)y^{(n-2)}-...-p_n(t)y+f(t) \tag{3}$$

теңдеудің оң жағы бастапқы мәндерінің аймағында, шешімнің бар болу және жалғыздығы туралы теореманың шартын қанағаттандырады.

1. Оң жағы барлық аргументтері бойынша үзіліссіз.

2. $a\le t\le b$ кесіндісінде туындылары $-p_{n-k}(t)$ үзіліссіз коэффициенттеріне тең болғандықтан, $y^k\ (k=0,1,...,n-1)$ бойынша шектелген дербес туындылары бар.

Біртекті теңдеудің шешімі бір айнымалыдан емес, екі айнымалыдан тәуелді деп есептеуге болады, негізгі айнымалы $t-$дан және s параметрінен $t=s$ болғанда, шешім

$$\tilde{y}(s)=0;\quad \tilde{y}'(s)=0;\quad \tilde{y}''(s)=0;...;\tilde{y}^{(n-1)}(s)=1, \tag{4}$$

мұндағы $s\in(a,b)$ шартын қанағаттандырады. Басқаша айтқанда $L[y]=0$ теңдеуінің дербес шешімін

$$\tilde{y}=K(t,s) \tag{5}$$

деп белгілеуге болады, мұндағы $K(t,s)$ функциясы $R:\ a\le t\le b,\ a\le s\le b$ квадратында анықталған және үзіліссіз және t бойынша $n-$ші ретті үзіліссіз дербес туындылары бар. $s\in(a,b)$ параметрінің кез-келген мәнін алсақта, (5) функция біртекті теңдеуді қанағаттандырады.

1. Біртекті теңдеудің фундаментальды шешімдер жүйесін табу

$u_1(t), u_2(t),..., u_n(t)$

2. $u_i(t)$ сызықты шешімдер комбинация арқылы, біртекті теңдеудің $\tilde{y}(t)$ жалпы шешімін жазу

$$\tilde{y}(t)=c_1u_1(t)+c_2u_2(t)+...+c_nu_n(t) \tag{6}$$

3. $\tilde{y}(t)$ біртекті теңдеудің шешімі $\tilde{y}(s)=0;\quad \tilde{y}'(s)=0;\quad \tilde{y}''(s)=0;...;\tilde{y}^{(n-1)}(s)=1,$

бастапқы шарттарды қанағаттандыратын $c_1,c_2,...,c_n$ табу. $c_1,c_2,...,c_n$ n белгісізі бар n сызықты теңдеулер жүйесін аламыз.

$$\begin{cases} c_1u_1(s)+c_2u_2(s)+...+c_nu_n(s)=0 \\ c_1u_1'(s)+c_2u_2'(s)+...+c_nu_n'(s)=0 \\ ..... \\ c_1u_1^{(n-1)}(s)+c_2u_2^{(n-1)}(s)+...+c_nu_n^{(n-1)}(s)=1 \end{cases} \tag{7}$$

4. Табылған тұрақтылардың мәнін (6) теңдеуге апарып қоямыз.

Біртекті теңдеудің табылған $\tilde{y}(t)$ дербес шешімі $K(t,s)$ Коши функциясы

$$K(t,s)=c_1(s)u_1(t)+c_2(s)u_2(t)+...+c_n(s)u_n(t)$$

Коши функциясын құру үшін әрқашан $c_1,c_2,...,c_n$ – ге қатысты $\tilde{y}(t)=c_1u_1(t)+c_2u_2(t)+...+c_nu_n(t)$ сызықты алгебралық теңдеулер жүйесін шешу керек. Сызықты алгебралық теңдеулер жүйесі үшін Крамер ережесін еске түсіріп, Коши функциясын келесі формуламен беруге болады:

$$K(t,s)=\frac{1}{W(s)}\begin{vmatrix} u_1(s) & u_2(s) & ... & u_n(s) \\ u_1'(s) & u_2'(s) & ... & u_n'(s) \\ ..... & & & \\ u_1^{(n-1)}(s) & u_2^{(n-1)}(s) & ... & u_n^{(n-1)}(s) \\ u_1(t) & u_2(t) & ... & u_n(t) \end{vmatrix} \qquad (8)$$

мұндағы $W(s)$ $t=s$ нүктесінде алынған фундаментальды шешімдер жүйесінің вронскианы.

$$W(t)=\begin{vmatrix} u_1(t) & u_2(t) & ... & u_n(t) \\ u_1'(t) & u_2'(t) & ... & u_n'(t) \\ ..... & & & \\ u_1^{(n-1)}(t) & u_2^{(n-1)}(t) & ... & u_n^{(n-1)}(t) \end{vmatrix}$$

$W(s)$ (7) жүйенің анықтауышы.

Егер енді (8) анықтауышын соңғы жолдың $u_i(t)$ элементтері бойынша жіктеп, $W(s)$ – ке мүшелеп бөлсек, онда Коши функциясының барлық қасиеттерін қанағаттандыратын және сонымен беттесетін функция аламыз.

Коши функциясын тұрғызудың екінші жолы жазуды біршама, азайтып мақсатқа тезірек әкеледі.

Мысал. $y''+4y'+4y=3e^{-2x}$, $y(0)=y'(0)=0$ теңдеуінің $y(x)$ жалпы шешімін тап.

$\lambda^2+4\lambda+4=(\lambda+2)^2=0,\qquad \lambda=-2$

$\tilde{y}(x)=c_1e^{-2x}+c_2xe^{-2x}$

$$W(s)=\begin{vmatrix} e^{-2s} & se^{-2s} \\ -2e^{-2s} & e^{-2s}(1-2s) \end{vmatrix}=$$

$$=e^{-2s}\cdot e^{-2s}(1-2s)+2se^{-2s}\cdot e^{-2s}=e^{-4s}$$

$$K(t,s)=e^{4s}\begin{vmatrix} e^{-2s} & se^{-2s} \\ e^{-2s} & xe^{-2s} \end{vmatrix}=$$

$$=e^{4s}\left(xe^{-2x}\cdot e^{-2s}-se^{-2s}\cdot e^{-2s}\right)=e^{2s}\cdot e^{-2x}(x-s)$$

$$y(x)=\int_0^x e^{2s}\cdot e^{-2x}(x-s)\cdot 3e^{-2s}ds = 3e^{-2x}\int_0^x (x-s)ds =$$

$$= 3e^{-2x}\left(xs-\frac{s^2}{2}\right)\Big|_0^x = 3e^{-2x}\left(x^2-\frac{1}{2}x^2\right) =$$

$$=\frac{3}{2}x^2e^{-2x}$$

ӘДЕБИЕТ

[1] Эльсгольц Л.Э. Дифференциальные уравнения и вариационное исчисление Оқулық. – М., Наука, 2000.

[2] Степанов В.В. Курс дифференциальных уравнений. – М., 1950.

[3] Понтрягин Л.С. Обыкновенные дифференциальные уравнения. – М.: Наука, 1974. – 332 с.

[4] Пискунов Н.С. Дифференциальное и интегральное уравнения. Т.2 – М., Наука, 2001.

[5] Бугров Я.С., Никольский С.М. Дифференциальные уравнения, кратные интегралы, ряды. М., Наука, 2002.

[6] Матвеев Н.М. Методы интегрирования обыкновенных дифференциальных уравнений. Минск, 2002.

[7] Сауранбаев Н.Т., Мусабаев Г.Г., Сарыбаев Ш.Ш. Орысша-қазақша сөздік// Дайк-пресс – 2005.

УДК 517

Б.С. Уаисов[1,a], А.К. Жанмуратов[1,b]

[1]М. Тынышбаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясы, Алматы қ., Қазақстан

[a]zhanmuratov@gmail.com, [b]b.uaisov@kazatk.kz

ДИФФЕРЕНЦИАЛДЫҚ ТЕҢДЕУДІ ДӘРЕЖЕЛІК ҚАТАР КӨМЕГІМЕН ШЕШУ

Андатпа. Ғылыми жұмыста дифференциалдық теңдеуді дәрежелік қатар көмегімен шешу әдістері қарастырылады. Дифференциалдық теңдеуді қатарлар теориясы арқылы шешудің 2 әдісі қарастырылған. Мысал есептер арқылы 2 әдіс те толықтай көрсетіледі.

Түйінді сөздер: дифференциалдық теңдеулер. Дәрежелік қатарлар. Тэйлор және Маклорен формулалары.

Аннотация. В данном докладе рассмотрены решения дифференциальных уравнений с помощью степенных рядов. Выявлены 2 метода решения дифференциальных уравнений с помощью рядов. Подробно рассматриваются каждый из двух методов на основе примерных задач.

Ключевые слова: дифференциальные уравнения, степенные ряды, формулы Тэйлора и Маклорена.

Abstract. This report discusses about solving differential equations with power series. 2 methods of solving differential equations with series have been identified. Each of the 2 methods is shown in details.

Key words: differential equations. Power series. Formula of Taylor and Mcloren.

n-дәрежелі сызықтық дифференциалдық теңдеуді қарастырайық.

$$y^n + f1(x)y^{n-1} + \cdots + f_{n-1}(x)y' + f_n(x)y = F(x)$$

(n-дәрижелі туындының коэффициенті 1-ге тең болсын)

Енді дәлелдеуінсіз мына түрдегі теореманы қарастырайық.

Теорема. Егер (1) түріндегі диф.теңдеудің коэффиценттері және оң жағы (х-а) айырымының дәрежесі бойынша х=а нүктесінің қайсы бір аймағында жинақталатын болса, онда мына түрдегі алғашқы шарттарды қанағаттандыратын

$$y(a) = y_0, y`(a) = y_1, \dots, y^{n-1}(a) = y_{n-1}$$

теңдеудің шешімі дифференциалдық теңдеудің оң жағына және кем дегенде қатардың коэффиценттері үшін жинақталу интервалдарының кішісіне жинақталатын (х-а) айырымының дәрежесі бойынша дәрежелік қатарға жіктеледі.

Негізінен дифференциалдық теңдеулерді дәрежелік қатар түрінде шешудегі шешімін екі тәсілмен алуға болады:

1)Коэффиценттерді салыстыру арқылы
2)Тізбектеп дифференциалдау арқылы

Бірінші тәсілді қарастырайық: Алдымен теңдеуді дәрежелік қатар түрінде жазамыз:

$y = a_0 + a_1(x-a) + a_2(x-a)^2 + \cdots + a_n(x-a)^2 + \dots$

Бұдан кейін алғашқы шарттар арқылы коэффиценттердің оң жағында (х-а) дәрежесі бойынша дәрежелік қатарға жіктелуін жазады және қатарға амалдар қолданады.

Осындай жолмен алынған теңдеуден коэффиценттерді анықтаймыз. Мысал үшін: Алғашқы шарттарды y(0)=1,y`(0)=0 қанағаттандыратын дифференциалдық теңдеудің

y''-xy = 0 шешімін тап.

Ізделініп отырған шешімді қатар түрінде жазамыз

$$y = a_0 + a_1(x) + a_2(x)^2 + \cdots$$

Алғашқы шарттардан a_0, a_1 анықтаймыз.

$y(0) = 1 = a_0, a_0 = 1$

$y`(0) = 0 = a_1, a_1 = 0$

Бұдан кейін теңдеуге қоямыз

$y = 1 + a_2(x)^2 + a_3(x)^3 + \cdots$

$y'' = 2a_2 + 2 * 3a_3(x) + 3 * 4a_4(x)^2 + \cdots$

$2a_2 + 2 * 3a_3(x) + 3 * 4a_4(x)^2 + \cdots - (x + a_2x^3 + a_3x^4 + \cdots) = 0$

$2a_2 + x(6a_3 - a_0) + x^2(12a_4 - a_1) + x^3(20a_5 - a_2) + x^4(30a_6 - a_3) + \cdots = 0$

бұдан, коэффиценттерді салыстыру арқылы табамыз:

$2a_2 = 0, a_2 = 0$

$2*3a_3 = 1, a_3 = \frac{1}{2*3}$

$3*4a_4 = 0, a_4 = 0$

$4*5a_5 = a_2, a_5 = 0$

$5*6a_6 = a_3, a_6 = \frac{1}{2*3*5*6}$

Сонымен, $y = 1 + \frac{x^3}{2*3} + \frac{x^4}{2*3*5*6} + \cdots$

Алынған қатар, жоғарыдағы теорема бойынша, х-тің барлық мәнінде жинақталады.

Тізбектеп дифференциалдау тәсілімен дифференциалдық теңдеуді шешу үшін ізделініп отырған шешімді Тэйлор формуласына жіктейміз.

Мысал үшін тағыда сол қарастырған теңдеуді алайық.

Алғашқы шарттарды y(0)=1,y'(0)=0 қанағаттандыратын дифференциалдық теңдеудің

y"-xy = 0 (2) шешімін тап.

Теңдеудің шешімін мына түрде жазайық:

$$y = y(0) + \frac{y`(0)}{1!}x + \frac{y``(0)}{2!}x^2 + \frac{y```(0)}{3!}x^3 + \cdots$$

Шарт бойынша y(0)=1, y`(0)=0

Дифференциалдық теңдеудегі x=0 қылсақ, онда y``(0)=0

(2) теңдеуді тізбектеп дифференциалдап және мәнін қойсақ, онда

$$y''' = y + xy', y'''(0) = 1$$

$$y^{IV} = 2y' + xy'', y^{IV}(0) = 0$$

$$y^{V} = 3y'' + xy''', y^{V}(0) = 0$$

$$y^{VI} = 4y''' + xy^{IV}, y^{VI}(0) = 4$$

Соңында, y өрнегіне табылған туынды мәндерін қойсақ, онда $y = 1 + \frac{x^3}{2*3} + \frac{x^4}{2*3*5*6} + \cdots$

Қортынды. Математика пәнінде дифференциалдық теңдеулер бұрыннан белгілі әдістер арқылы аналитикалық дәлме-дәл шешілмейтін кездер жиі кездеседі. Бұндай кезде қатарлар теориясы көмекке келеді. Дифференциалдық теңдеулерді дәрежелік қатар түрінде шешудегі шешімін екі тәсілмен алуға болады:

Коэффициенттерді салыстыру арқылы

Тізбектеп дифференциалдау арқылы

ЛИТЕРАТУРА

[1] Бугров Я.С., Никольский С.М. Дифференциальные уравнения. Краткие интегралы. Ряды. Функции комплексного переменного. М.: Наука, 1989.

[2] Жевняк Р.М., Карпук А.А. Высшая Математика.Мн.: ВышэйшаяШкола. Часть 2,3

[3] Краснов М.Л. Обыкновенные дифференцильные уравнения. М.:Выш.шк1983

[4] А.П.Рябушко и другие. Индивидуальные задания по высшей математике. Минск, Выш.шк. – 2002, ч.2,3

[5] Данко П.Е., Попов А.Г. и др.Высшая математика в упражнениях и задачах М.: Выш.шк., 1986-ч.2

ӘОЖ 517.9

А. Е. Юсупова[1,a], Ә. Д. Күзенбаева[2,b]

[1]М. Тынышбаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясы, Алматы қ., Қазақстан

[a]ayakozuss@mail.ru, [b]Asem.kuzenbaeva.22.12@gmail.com

ЖОҒАРЫ РЕТТІ СЫЗЫҚТЫҚ ДИФФЕРЕНЦИАЛДЫҚ ТЕҢДЕУ

Андатпа. Математиканың, механиканың, электрониканың және басқа техникалық ғылымдардың көптеген есептері сызықтық дифференциалдық теңдеулер түріне келтіріледі.

Түйінді сөздер: дифференциалдық теңдеу, біртекті, біртекті емес, сызықты дифференциалдық теңдеу, вариациалау әдісі.

Аннотация. Многие проблемы математики, механики, электроники и других технических наук приводятся к линейным дифференциальным уравнениям.

Ключевые слова: дифференциальное уравнение, однородная, неоднородная, линейное дифференциальное уравнение, вариационный метод.

Abstract. Many problems of mathematics, mechanics, electronics and other technical sciences are reduced to linear differential equations.

Key words: differential equation, homogeneous, inhomogeneous, linear differential equation, variational method.

Сызықтық дифференциалдық теңдеуді қарастырайық:

$$b_0(x)y^{(n)} + b_1(x)y^{(n-1)} + \ldots + b_n(x)y = g(x) \qquad (1)$$

мұндағы $b_0(x) \neq 0;\ b_1(x), \ldots, b_n(x), g(x) -$ х-тәуелді берілген функциялар. (1) түрде берілген теңдеу $n -$ ретті сызықты дифференциалдық теңдеу деп атайды.

Бұл теңдеу іздеп отырған функция у-пен оның барлық туындыларының бірінші дәрежелерінен құралған. $b_0(x), b_1(x), \ldots, b_n(x)$ функцияларын (1) теңдеуінің коэфициенттері, ал $g(x)$ функциясы оның – бос мүшесі деп аталады [1].

Егер бос мүше $g(x) \equiv 0$ болса, онда (1) теңдеуі біртектес сызықтық дифференциалдық теңдеу деп аталады, ал егер $g(x) \neq 0$ болса, онда (1) теңдеуі біртектес емес теңдеу деп аталады[4].

(1) теңдеуінің барлық мүшелерін $b_0(x) \neq 0 -$ ге бөліп, төмендегідей белгілеу енгізейік:

$$\frac{b_1(x)}{b_0(x)} = a_1(x), \ldots, \frac{b_n(x)}{b_0(x)} = a_n(x), \ \frac{g(x)}{b_0(x)} = f(x),$$

сонда (1) теңдеуі төмендегідей түрге келеді:

$$y^{(n)} + a_1(x)y^{(n-1)} + a_2(x)y^{(n-2)} + \ldots + a_n(x)y = f(x) \qquad (2)$$

Әрі қарай (2) теңдеуінің сызықтық дифференциалдық теңдеуін қарастырамыз. (2) теңдеуінің коэффициенттері мен бос мүшесі үзіліссіз функциялар болады ((a; b) аралығында). Мұндай жағдайда дифференциалдық теңдеуінің шешімінің бар болу және жалғыз туралы теоремасы.

Екінші ретті біртектес сызықтық дифференциалдық теңдеу

Төмендегі екінші ретті біртектес сызықтық дифференциалдық теңдеуді қарастырайық:

$$y'' + a_1(x)y' + a_2(x)y = 0. \qquad (3)$$

Бұл теңдеудің кейбір қасиеттерін келтірейік [1].

Теорема 2. егер $y = y_1(x)$ және $y = y_2(x)$ функциялары (3) теңдеуінің дербес шешімдері болса, онда

$$y = c_1y_1(x) + c_2y_2(x) \qquad (4)$$

теңдеуі де (3) теңдеудің шешімі болады, мұндағы c_1 және c_2 тұрақтылар[2].

Бұл сұраққа жауап беру үшін функциялардың сызықты тәуелділігі және сызықты тәуелсіздігі деген ұғымға енгіземіз. $y_1 = y_1(x)$ және $y_2 = y_2(x)$ функциялары $(a; b)$ интервалында сызықты тәуелсіз деп аталады, егер келесі теңдік орындалса

$$\alpha_1 y_1 + \alpha_2 y_2 = 0, \quad (5)$$

Бұл теңдік $\alpha_1 = \alpha_2 = 0$ болған жағдайда ғана орындалады, мұндағы $\alpha_1, \alpha_2 \in R$.

Егер α_1 және α_2- нің ең болмағанда біреуі нөлге тең болмаса, онда (5) теңдігі орындалады, демек y_1 және y_2 функциялары (a;b) интервалында **сызықты тәуелді** болады.

Функциялар жүйесінің сызықты тәуелділігін зерттейтін құралды Вронский анықтауышы немесе Вронскиан деп аталады.

$y_1 = y_1(x)$ және $y_2 = y_2(x)$ дифференциалданатын функциялары үшін вронскиян төмендегідей түрде болады:

$$\mathrm{W(x)} = \begin{vmatrix} y_1 & y_2 \\ y_1' & y_2' \end{vmatrix}.$$

Теорема 6. Егер дифференциалданатын $y_1(x)$ және $y_2(x)$ функциялары $(a; b)$ интервалында (3) теңдеудің сызықты тәуелді болса, онда ол интервалда Вронскиан анықтауышы нөльге тең болады [1].

Теорема 4. Егер дифференциалданатын $y_1(x)$ және $y_2(x)$ функциялары $(a; b)$ интервалында (3) теңдеудің сызықты тәуелсіз шешулері болса, онда ол интервалда Вронскиян анықтауышы нөльге тең болмайды. $(a; b)$ интервалындағы біртектес сызықты дифференциалдық теңдеудің кез-келген дербес $y_1(x)$ және $y_2(x)$ шешімдерінің жиынтығы сол теңдеудің фундаментальдық шешімдер жүйесі болады[4]

$$y = \alpha_1 y_1(x) + \alpha_2 y_2(x).$$

Теорема 5. (екінші ретті біртектес сызықты дифференциалдық теңдеуінің жалпы шешімін табудың құрлымы). Егер (3) теңдеудің $y_1 = y_1(x)$ және $y_2 = y_2(x)$ дербес шешімдері (a; b) интервалында фундаментальдық жүйе құрса, онда ол теңдеудің жалпы шешімі төмендегі функция болады

$$y = c_1 y_1 + c_2 y_2, \quad (6)$$

мұнда c_1, c_2 – кез-келген тұрақты сандар.

Бұл жүйенің анықтауышы

$$\begin{vmatrix} y_1(x_0) & y_2(x_0) \\ y_1'(x_0) & y_2'(x_0) \end{vmatrix} = W(x_0)$$

$x = x_0$ болғанда $W(x)$ вронскиан анықтауышының мәнін тең. $x_0 \in (a; b)$ және $(a; b)$ интервалында $y_1(x)$ және $y_2(x)$ шешімдері фундаментальдық жүйе шешімдерін құрайды. 4 теоремасы бойынша $W(x) \neq 0$. Сондықтан теңдеулер жүйесінің бір ғана шешімі болады:

$$c_1 = c_1^0 = \frac{1}{W(x_0)} \cdot \begin{vmatrix} y_0 & y_2(x_0) \\ y_0' & y_2'(x_0) \end{vmatrix},$$
$$c_2 = c_2^0 = \frac{1}{W(x_0)} \cdot \begin{vmatrix} y_1(x_0) & y_0 \\ y_1'(x_0) & y_0' \end{vmatrix}. \quad (7)$$

$y = c_1^0 y_1(x) + c_2^0 y_2(x)$ шешімі (3) теңдеуінің дербес шешімі болады, (7) бастапқы шарттарын қанағаттандырады[2].

n-ретті біртектес сызықтық дифференциалдық теңдеулер

Осыған дейінгі алынған қорытындылар төменде келтірілген n-ретті біртектес сызықтық дифференциалдық теңдеуді:

$$y^{(n)} + a_1(x) \cdot y^{(n-1)} + a_2(x) \cdot y^{(n-2)} + \cdots + + a_n(x) \cdot y = 0. \quad (8)$$

1. Егер $y_1 = y_1(x), y_2 = y_2(x), \ldots, y_n = y_n(x)$ функциялары (8) теңдеуінің дербес шешімдері болса, онда оның шешімі $y = c_1 y_1 + c_2 y_2 + \cdots + c_n y_n$ функциясы болады.

2. $y_1, y_2, \ldots, y_n$ функциялары $(a; b)$ интервалында сызықты тәуелсіз деп аталады, егер $\alpha_1 y_1 + \alpha_2 y_2 + \ldots + \alpha_n y_n = 0$ теңдігі $\alpha_i -$дің $(i = 1, 2, \ldots, n)$ барлық мәндері $\alpha_i = 0$ болғанда ғана орындалады, керісінше жағдайда (яғни $\alpha_i -$дің ең болмағанда біреуі нөлге тең емес болса) $y_1, y_2, \ldots, y_n$ функциялары – сызықты тәуелді болады[3].

3. Вронскиан анықтауышы келесі түрде болады:

$$W(x) = \begin{vmatrix} y_1 & y_2 & \cdots & y_n \\ y_1' & y_2' & \cdots & y_n' \\ y_1'' & y_2'' & \cdots & y_n'' \\ \vdots & \vdots & \ddots & \vdots \\ y_1^{(n-1)} & y_2^{(n-1)} & \cdots & y_n^{(n-1)} \end{vmatrix}$$

4. $(a; b)$ интервалында $y_1, y_2, \ldots, y_n$ дербес шешімдері (8) теңдеуінің фундаментальдық шешімдер жүйесін құрайды, егер осы аралықтың ешқандай нүктесінде Вронскиан анықтауышы нөлге тең болмаса, яғни $W(x) \neq 0$ барлық $x \in (a; b)$ үшін[2].

5. (7) СБДТ-нің жалпы шешімі $y = c_1 y_1 + c_2 y_2 + \cdots + c_n y_n$ болады, мұнда $c_i -$кез-келгентұрақтылар. $y_i -$(8) теңдеуінің фундаментальдық жүйесін құрайтын дербес шешімдері.

ӘДЕБИЕТ

[1] Мырзалыұлы Ж. Дифференциалдық теңдеулер. – Алматы.: «Қазақ университеті», 2006. – 22 б.

[2] Мұхтаров М. Дифференциалдық теңдеулер бойынша дәрістер. – Павлодар.: Кереку, 2010. – 394 б.

[3] Самойленко А.Н. и другие. Дифференциальные уравнения: примеры и задачи. –М.: Высшая школа, 1989. –383с.

[4] Понтрягин Л.С. Обыкновенные дифференциальные уравнения. – М.: Наука, 1974. - 332с.

УДК 65D25

Г.С. Джарылгамысова[1,a], А.А. Тойгулова[2,b]
[1]АО "НЦПК" "Өрлеу" "ИПК ПР по Алматинской области",
[2]Средняя школа №26, Алматинская область, Талгарский район, с.Еркин
[a]gauhar_zh81@mail.ru, [b]toigulova.a81@mail.ru

ГРАФИЧЕСКОЕ ПОЯСНЕНИЕ ТЕОРЕМЫ ПИФАГОРА ДЛЯ РЕШЕНИЯ ЗАДАЧ ПО ПЛАНИМЕТРИИ С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ ПРОГРАММНОГО ОБЕСПЕЧЕНИЯ «GEOGEBRA»

Аннотация. В данной статье описывается использование интерактивной геометрической среды на уроках математики, что является оказанием методической помощи учителям математики. Овладение опытом использования методов работы и обучения с помощью интерактивной геометрической среды может стать основой рационального сочетания теоретических знаний и их практического применения для решения конкретных проблем изучения программы математики.

Ключевые слова: geogebra, программное обеспечение, теорема Пифагора, планиметрия.

Андатпа. Бұл мақалада математика сабақтарында интерактивті геометриялық ортаны пайдалану, яғни математика пәні мұғалімдеріне әдістемелік көмек көрсету қарастырылған. Интерактивті геометриялық орта көмегімен жұмыс және оқу әдістерін қолдану тәжірибесін меңгеру теориялық білімнің ұтымды үйлесуі мен математика бағдарламаларын зерттеудің нақты мәселелерін шешу үшін практикалық қолдану үшін негіз бола алады.

Түйінді сөздер: geogebra, бағдарламалық қамтамасыз ету, Пифагор теоремасы, планиметрия.

Abstract. This article describes the use of an interactive geometric environment in the lessons of mathematics, which is the provision of methodological assistance to teachers of mathematics. Mastering the experience of using methods of work and learning with the help of an interactive geometric environment can become the basis for a rational combination of the oretical knowledge and their practical application for solving specific problems of studying the mathematics program.

Key words: geogebra, software, Pythagoras theorem, planimetry.

GeoGebra - свободно распространяемая динамическая геометрическая среда. Программа написана Маркусом Хохенвартером на языке Java (работает на большом числе операционных систем). Переведена на 39 языков и в настоящее время активно разрабатывается. Полностью поддерживает русский язык.

Geogebra предназначена, прежде всего, для решения задач школьного курса геометрии: в ней можно создавать всевозможные конструкции из точек, векторов, отрезков, прямых, строить графики элементарных функций, которые также возможно динамически изменять варьированием некоторого параметра, входящего в уравнение, а также строить перпендикулярные и параллельные заданной прямой линии, серединные перпендикуляры, биссектрисы углов, касательные, определять длины отрезков, площади многоугольников и т. д. Кроме того, координаты точек могут быть введены вручную на панели объектов, а уравнения кривых, касательные − в строке ввода при помощи соответствующих команд.

Очень удобно показывать и доказывать теорему Пифагора с помощью программы GeoGebra.

В данной статье я научу, как легко объяснить суть теоремы Пифагора с помощью программы GeoGebra. Для начала откроем нашу программу.



Рисунок 1 – Интерфейс окна GeoGebra

В рабочей области полотна удалим наши оси абсциссу и ординату, а также сетку

В дополнительной панели инструментов выберем ***«Оси» и «Сетка»*** и уберем нашу ось и сетку из рабочей области полотна.



Рисунок 2 – Дополнительная панель



Рисунок 3 - Теорема Пифагора

Теорема Пифагора устанавливает соотношение между сторонами прямоугольного треугольника, и гласит, что сумма площадей квадратов, опирающейся на катеты, равна площади квадрата построенного на гипотенузе.

Для начала создадим наш прямоугольный треугольник для этого во вкладке инструменты выберем прямую, проходящую через две точки , и выберем эти точки A и B. Построим нашу прямую.



Рисунок 4 – Использование инструмента «Прямая», проходящую через две точки



Рисунок 5 – Выбор инструмента «Перпендикулярная прямая»

Теперь нужно создать прямую, которая будет перпендикулярна данной прямой. Во вкладке ***«Перпендикулярная прямая»*** мы выбираем точку, через которую она будет проходить, и прямую, относительно которой она будет перпендикулярна.

Как вы видите, мы получили перпендикулярную прямую, проходящую через точку B.



Рисунок 6 – Использование инструмента «Перпендикулярная прямая»

Теперь на прямой, проходящей через точку B, нам нужно указать дополнительную точку C . Как вы видите ABC и являются нашими вершинами нашего прямоугольного треугольника.



Рисунок 7 – Использование инструмента «Точка»

Теперь уберем все ненужные детали, кроме наших вершин нашего прямоугольного треугольника, это – прямая ***f*** и ***g***.

Все объекты	**Оставить нужные объекты**
	

Таблица 1 – Выбираем нужные объекты



Рисунок 8 – Выбор инструмента «Правильный многоугольник»

Теперь создадим квадраты, опирающиеся на катеты и один квадрат, построенный на гипотенузе. Для этого нам нужно использовать специальный инструмент ***«Правильный многоугольник»***

.

Для правильного многоугольника нам нужно выбрать катет, на который он будет опираться, то есть квадрат будет опираться на катет BA. Выбираем вершины B и A, так как мы создаем квадрат опирающийся на катет, то у квадрата 4 вершины, поэтому оставляем количество равным четырем.



Рисунок 9 – Использование инструмента «Правильный многоугольник»

Как вы видите, мы получили квадрат ADEB, который опирается на катет BA.



Рисунок 10 – Результат использования инструмента «Правильный многоугольник»

Идентично мы создаем квадрат, опирающийся на катет CB и на гипотенузу AC, также с помощью инструмента ***«Правильный многоугольник»*** .



Рисунок 11 – Использование инструмента «Правильный многоугольник» для доказательства теоремы Пифагора

Как вы видите:

Длина катетов и гипотенузы	Площадь квадрата	Теорема Пигагора
BA = 3,62	BA^2=13,1	$BA^2 + CB^2 = AC^2$ 13,1+6,55=19,65
CB =2,56	CB^2 =6,55	
AC =4,43	AC^2 =19,65	

Таблица 2 – Используя данные расчеты программы доказательства теоремы Пифагора

Как вы видите, значение квадрата, опирающегося на катет BA, равен 13,1. Площадь квадрата, опирающегося на катет CB, у нас равен 6,55. А площадь самого большого квадрата, опирающегося на гипотенузу AC, равен 19,65.

То есть для теоремы Пифагора сумма площадей квадратов, опирающихся на катеты равна площади квадрата, построенного на гипотенузе, то есть 13,1+6,55=19,65. То есть самый больший квадрат, опирающийся на гипотенузу, равен сумме квадратов, опирающихся на два катета.

Таким образом вы можете объяснить и доказать суть теоремы Пифагора с помощью программы GeoGebra, а именно с помощью инструмента ***«Правильный многоугольник»*** .

ЛИТЕРАТУРА

[1] Официальный сайт программы GeoGebra: http://www.geogebra.org/cms/

[2] Ролики на YouTube посвященные GeoGebra: https://www.youtube.com/watch?v=yONlvZZMNFI&index=11&list=PLMgKLy7UjW_ukd9t0JrkV2xU9OkuBDEJo

СЕКЦИЯ № 15

ФИЗИЧЕСКАЯ КУЛЬТУРА И СПОРТ

УДК 796-05.071.5

Ш.А. Алдабергенова[1,a], Ж.Б. Спанов[1,b], М.К. Тлеукабулов[1,c]
[1]Казахская академия транспорта и коммуникаций имени М. Тынышпаева, г. Алматы, Казахстан
[a]sh.aldabergenova@kazatk.kz, [b]zh.spanov@kazatk.kz

ПРОБЛЕМЫ СПОРТА В НОВЫХ СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКИХ УСЛОВИЯХ

Аннотация. В настоящей статье освещены проблемы современного спорта в новых социально-экономических условиях, а также предложены пути дальнейшего усовершенствования спортивной отрасли и законодательного обеспечения.

Ключевые слова: физическое, физическая культура, спортивное мероприятие, система управления.

Аңдатпа. Бұл қазіргі заманғы әлеуметтік-экономикалық жағдайлардағы қазіргі заманғы спорттық мәселелерді, сондай-ақ спорттық-сауықтыру және заңдық қамтамасыз етуді басқаруды ұсынатын жолдармен таныстырылды.

Түйінді сөздер: физикалық, дене шынықтыру, спорттық іс-шара, басқару жүйесі.

Abstract. This article highlights the problems of modern sports in the new socio-economic conditions, as well as offers ways to further improve the sports industry and legislative support. This article highlights the problems of modern sports in the new socio-economic conditions, as well as offers ways to further improve the sports industry and legislative support.

Key words: physical, physical culture, sport event, control system.

Актуальность. В развитии общества нового тысячелетия неизмеримо повысились требования к человеку. Определяющим для успешной его адаптации и жизнедеятельности в современных социально-экономических условиях является состояние здоровья. А поскольку одним из показателей здоровья человека является уровень его физического развития, которое, как известно, в большей мере зависит от физической и двигательной активности, то совершенно очевидно, что значение физической культуры и спорта возрастает и на современном этапе развития общества приобретает особую остроту.

Жизнедеятельность человека носила экстремальный характер, особенно в переходные периоды развития общества.

В связи с этим, одной из главных задач общества становится подготовка высококвалифицированных специалистов по физической культуре и спорту. Между тем, из года в год их профессиональная деятельность все более усложняется, что приводит к возникновению ряда проблем. Особую актуальность получает профессиональная адаптация специалистов по физической культуре и спорту, являющаяся важнейшей характеристикой их деятельности. Вместе с тем, в современной научной литературе данная проблема изучена мало, не нашла достаточной разработанности, отсутствуют концептуальные методические рекомендации, все это и определяет необходимость ее постановки на сегодняшний день.

Адаптация специалистов по физической культуре и спорту сегодня должна быть возведена в ранг актуальных научных проблем современного общества, прежде всего, благодаря своей практической значимости, так как аспекты ее решения могут быть спроецированы на адаптацию специалистов других отраслей и общества в целом.

Анализ состояния. В последние годы в нашей стране наблюдается устойчивый рост общественного интереса к физической культуре и спорту, что связано, в значительной степени, с проведением в 2011 году 7-х Зимних Азиатских игр и в 2017 году 28-й зимней Всемирной Универсиады. Это обусловило активизацию деятельности государственных органов и повлекло «спортивный бум» во всех его сферах: как в организаторской, так и в соревновательной.

Вопросы, связанные с развитием спорта, находятся в последующие годы под непосредственным контролем государственных органов, придающим проблеме большое значение.

Говоря о современном спорте, нельзя не обратить особое внимание на такую отрасль права, как спортивное призвание:

- обеспечивать надлежащее регулирование в данной области;

- регламентировать вопросы предоставления физкультурно-оздоровительных услуг, проведения спортивных мероприятий, совершенствование отраслевой стандартизации и введение саморегулирования в спортивной сфере. [3]

Государственное финансирование спорта как любительского, так и профессионального является одной из важнейших задач государства. Дополнительно необходимо отметить, что, если государство само не финансирует развитие олимпийского (любительского) спорта, то спорт перестает развиваться и тогда очень трудно говорить о каких-либо достижениях и результатах.

В настоящее время, когда принципиально изменилась парадигма общественной жизни, а императивом, стимулирующим адаптационные процессы, как у общества, так и у отдельного индивида, являются рынок, демократические процессы, возникает острая необходимость не только в исследовании деятельности человека в экстремальных условиях, но и в подготовке к ним. [4]

Важными факторами в развитии спорта всегда были территориальные и природные факторы. Последний, особенно четко проявляется в разделении между летними и зимними видами спорта. Но в современных условиях именно это постепенно нивелируется. Все чаще подчеркивается главный олимпийский принцип, провозглашенный еще Пьером де Кубертеном: «Главное не победа, а участие». Примером этому может служить, в частности то, что в последние два десятилетия делегации, представляющие Южную Америку и Африку, следуют принципу П. де Кубертена.

Еще одним значимым фактором, влияющим на спорт, является политический фактор. Данный аспект постоянно присутствует как в любительском, так и в профессиональном спорте.

Современный спорт тесно связан с таким явлением, как коммерциализация.

Это касается и профессионального, и любительского спорта, обладающего несколько иной спецификой по сравнению с профессиональным. Наиболее сильная коммерциализация наблюдается в зрелищных видах спорта: теннис, футбол, бокс, и в видах борьбы.

Прибыльность деятельности клубов, конечно, необходима для оправдания существования всей громоздкой инфраструктуры. Эта прибыль может быть получена от продажи билетов, различной атрибутики и спортивной экипировки с символикой клуба, спонсорских отчислений, призовых денежных вознаграждений за победы в соревнованиях.

Но существует и другая сторона этого явления – связь с криминальным и подпольным бизнесом. Речь идет, в первую очередь о ставках на спортивных тотализаторах и так называемых «договорных матчах», которые тесно связаны со ставками на тотализаторе. Нельзя не сказать также о средствах, оседающих у спортивных агентов от продаж игроков за рубеж или командам внутри страны.

К основным проблемным вопросам современного спорта также применение спортсменами допинга, трансферы игроков и связанные с ними недостатки правового характера, а также дискриминационные санкции различного вида. [5]

Выводы. Обосновывая выдвинутые предложения, подчеркнем, что в настоящее время нет острой необходимости полностью корректировать спортивную систему Казахстана. Тем не менее, заимствование рациональных идей, присутствующих в различных мировых спортивных системах, получивших международное признание, допустимо.

Однако, в первую очередь, разумеется, необходимо учитывать традиции и особенности развития спорта в нашей стране и не допускать слепого подражания спортивному устройству других государств.

Считаем, что спортсменов должны объединять и национальные, и международные профсоюзные спортивные организации, то есть профсоюзы игроков, в том числе и в индивидуальных видах спорта. Должны существовать также саморегулирующиеся спортивные организации, статус которых необходимо закрепить законодательно. [6]

Анализ литературных источников свидетельствуют о кризисном состоянии сферы физической культуры и спорта. Противоречия, существующие между требованиями и условиями деятельности специалистов по физической культуре и спорту, обусловливают необходимость поиска эффективных путей профессиональной адаптации в современных социально-экономических условиях.

Успешность совершенствования системы физкультурно-педагогического образования обусловлена переходом на университетскую систему подготовки кадров и зависит от качества профессионального отбора, качества учебного процесса, опирающегося на фундаментализацию, гуманизацию и гуманитаризацию образования, от совершенствования переподготовки и повышения квалификации специалистов по физической культуре и спорту.

Необходимо ввести практику обеспечения трудоустройства студентов – выпускников спортивных специальностей. Реализация данного предложения позволит:

• обеспечить желающих выпускников работой по соответствующей специальности;

• обеспечить сферу физической культуры и спорта необходимыми кадрами, что, в свою очередь, создаст условия для нормального функционирования сферы.

В целом плюсы данного варианта очевидны: преемственность в обучении, научно-методическая помощь специалистам по физической культуре и спорту со стороны вуза и т.д.

ЛИТЕРАТУРА

[1] Дудина, Е.А. Эволюционный подход в системе оценки адаптивных возможностей организма человека. Теория и практика физической культуры, 1999. – № 5.

[2] Бабушкин Г.Д. Актуальные проблемы профессионального становления и воспитания специалистов по физической культуре и спорту. – 1991.

[3] Колобаев Д.В. Проблемы современного спорта. Обозреватель – Observer, 2009. – № 9.

[4] Калмыков С.В. Индивидуальная деятельность человека в экстремальных условиях в контексте дихотомии «Восток-Запад». Восток-Запад: Проблемы физической культуры и спорта: Сб.науч.тр., Улан-Удэ, 1998.

[5] Колобаев Д.В.. Проблемы современного спорта. Обозреватель - Observer, 2009. – № 9.

[6] Доскараев Д.Б.. Ранг актуальных научных проблем современного спортивного общества. Алматы, 2012.

ӘОЖ: 796/799.378

Б.С. Бекмұханбетов[1,a], Ж. Жұпархан[1,b], Ә.Ж. Ақмалиев[1,c]
[1]М. Тынышбаев атындағы Қазақ Көлік және коммуникациялар академиясы, Алматы қ., Қазақстан
[a]zhambyl1575@mail.ru, [b]akmaliev1976@mail.ru

СТУДЕНТТЕРДІҢ РУХАНИ ТӘРБИЕСІНЕ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРДЫҢ ӘКЕЛЕР МАҢЫЗЫ

Аңдатпа. Мақалада қазақтың ұлттық ойындарының заманауи кезеңдегі маңызы, әлеуметтік экономикалық жағдайлардағы қосар үлесі және денсаулыққа әкелер пайдасы жайлы сөз қозғалған. Дене шынықтыру үдерісінде ұлттық ойындарды енгізу мәселелері білім беру саласындағы өзекті мәселелердің бірі болуда. Онымен қоса, ұлттық ойындардың тәрбиелік мән-маңызын барша оқырман мен педагогика саласында еңбек етіп келе жатқан мамандарға жеткізу мақсат-міндеттері қойылған.

Түйінді сөздер: дене шынықтыру, оқу үдерісі, ұлттық ойындар, тәрбиелік мән-маңызы.

Аннотация. В статье освещается значение в современном мире казахских национальных игр, их вклад в социально-экономические условия страны в данный период и оздоровительное значение для населения. Проблема введения в учебный процесс казахских национальных игр остаётся одной из важных проблем. Помимо этого, ставятся цели и задачи доведения до всех читателей и специалистов, работающих в сфере образования о воспитательном значении национальных игр.

Ключевые слова: физическая культура, учебный процесс, национальные игры, воспитательное значение.

Abstract. The article highlights the importance in the modern world of Kazakh national games, their contribution to the socio-economic conditions of the country in this period and the health value for the population. The problems of introducing Kazakh national games into the educational process remain one of the important problems. In addition, the aims and objectives of communicating to all readers and specialists working in the field of education about the educational significance of national games are set.

Key words: physical culture, educational process, national games, educational significance.

Қай заманның болмасын, өзіне тән экономикалық-саяси, әлеуметтік, идеологиялық және тағы басқа ерекшеліктері бар. Сол сияқты, бүгінгі күннің ұрпақ тәрбиесіне деген талабы мен ерекшеліктері бар. Халқымыздың терең де мағыналы сөзі «Тауына қарап аңы, заманына қарап заңы» - деп, тауып айтқандай, бүгінгі таңда егеменді ел болып, өз шаңырағын көтеріп тауып, тіккелі бері ана тілін, салт-дәстүрін жалғастыруда, жаңартуда. Жаңарған ел жаңа көзқарастағы ұрпақ тәрбиелеуді талап етуде. Мәселен, осы жөнінде Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан 2030» стратегиялық даму бағдарламасында «Қазақстан Республикасының азаматтарының денсаулығы, білімі, әл-ауқаты, барлық қазақстандықтардың өмір сүру жағдайлары, мүмкіндіктерін ұдайы жақсарту» - деп, атап көрсетілді [1].

Сондай-ақ, дене тәрбиесі мен спорттың маңызын, оның ішінде ұлттық спорт және қозғалмалы қимыл ойындарын үйретуді арттыру – еліміздегі сауықтыру жұмыстарының әдістерін жетілдіруді ұсынады. Сондай мүмкіндіктердің бірі – баланы жастайынан қазақтың ұлттық қозғалмалы ойындарын ойнауға жаттықтыратын тиімді әдіс-тәсілдерді пайдалану мақсатына қарай дене тәрбиесін жан-жақты дамыту көзделген. Яғни, рухани бай, адамзаттық ары таза, ой еңбегіне бай, еңбегі сай, сегіз қырлы, бір сырлы азаматтерды тәрбиелеу талап етілуде.

Қазіргі жағдайда және уақытта жан-жақты үйлесімді дамыған ұрпақ тәрбиелеудің негізі – мектеп қабырғасында дене тәрбиесі сабақтарын жетілдіруден және оның маңызын халықтық тәрбиемен ұштастырудан қаланады. Дене шынықтыру жаттығуларының қажеттілігі және оны жұртшылыққа тарату Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы мемлекеттерімен, егеменді еліміздің елді мекендерінде дене тәрбиесі мен спортты ендірудегі маңызды мәселе күйінде қалып отыр. Халықтық педагогиканың мол тағылымдарын, салт-дәстүрін, тәлім-тәрбие жұмыстарының түп қазығына айналдыру – ендігі жерде біздің негізгі мақсатымыз. Сонымен бірге, жас ұрпақтың дене тәрбиесі сабақтарының мол әсерлерін көбейтіп, республикамыздың ұлттық және тұрғылықты жер жағдайы ерекшеліктерін ескере отырып, дене тәрбиесі сабақтарының жаттығуларын сол бағытқа қарай ұрпақ тәрбиелейді [2].

Тәрбиенің, соның ішіндегі ұлттық қимыл ойындарын үйрету мақсаты жайлы түсінік.

Адамзат дамуының қай кезеңі болмасын, тәрбиенің тиімділігін жетілдіру ісі жүзеге асырылып келді. Бұл істі жүзеге асыру процесі әрбір қоғамдағы мемлекет қажеттілігіне бағындырады. Өйткені, мемлекет қажеттілігінің орындалуы оның экономикалық күш-қуаты мен саясатына тәуелді екені белгілі. Олай болса, тиімділіктің ең басты шарты мемлекет мүмкінділігінен туындайтын қажеттілікке сай тәрбиенің нақты мақсатын анықтау болып табылады.

Жалпы адамзаттық тұрғыдан қарағанда, тәрбие мақсаты - әрбір тұлғаны жан-жақты және жарасымды етіп тәрбиелеу. Адам жер бетіндегі тірі организмнің жоғарғы сатысы, қоғамдық-тарихи іс-әрекеттері мен мәдениет субъектісі, басқаша айтқанда іс-әрекеті мен қарым-қатынас иесі [3].

Адам іс-әрекеті, сезім мен ойлау ерекшеліктері оның өмір сүріп отырған қоғамдық-тарихи жағдайларына тәуелді болады. Қоғам дамуының белгілі сатысында педагогикалық, философиялық ой-пікірлер болып қалыптаса бастады.

Біздің елімізде жүз онға жуық ұлттар мен ұлыс өкілдері өмір сүруде. Олардың әрқайсысының өз этногенезі, өз салттары мен дәстүрлері, өз мәдениеттері бар. Барлығы да қоғамымыздың тең құқылы мүшелері болып табылады. Осы ұлттардың дамуының тарихи жолдарын оқып үйрену – біздің ғалымдарымыздың адамгершілік міндеті. Бұл жұмыс барлық аспектілерді, дене тәрбиесі туралы ғылымның барлық салаларында жүргізіледі.

Қазақ халқы материалдық құралдарға қоса, мәдени қазыналарға да бай халықтардың бірі. Сондай қомақты дүниелер қатарына үй ойындары да жатады. Бүгінгі замандастарымыздың болашақ ұрпақтарына білім беріп, оларды оқытып-үйретіп, өздерінің кім екендіктеріне барлау жасауына ата-бабаларының психологиялық болмысымен ойлау жүйелеріне зер салуларына көздеген мақсаттарына саралап, жете білулеріне дәстүрлер жалғасын өрістетіп, өткен мен бүгінді байланыстыра білулеріне, сөйтіп, мәңгүрттік аталуға тосқауыл қоюларына ұлттық ойындар септігін тигізеді.

Ұлттық қимыл және спорт ойындары халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайларына үйлесімді жасалғандай әсер береді. Олай дейтініміз, ойындардың көпшілігі сол көшпелі тұрмысқа лайықталып, арнайы материалдық дайындықсыз ойнала беретіндігінде ғана емес, сонымен бірге халықтың психологиялық ерекшеліктеріне де байланыстырғанда. Ойын барысында бала өзінің назарын қимылды орындау әзірлігіне емес, мақсатқа жетуге аударады. Ол ойын шартына бейімделіп, ептілік көрсетіп, сол арқылы қимылды жетілдіріп, мақсатты әрекет етеді. Балалар ойын арқылы шынығып, өзінің бойындағы табиғи дарынын шыңдай түседі [4].

Ойынға халық ерекше мән берген. Сондықтан, халық оған тек ойын-сауық көтеретін орын деп қана қарап қоймаған. Ең бастысы, ел қорғауға қабілетті, болашақ қайраткер, өзінің осы қабілеттерін шаршы топтың алдында, баршаға тең еркін бәсекеде жеңіп алуға тиіс болатын, сондай-ақ, талапты жастың өнеріне, жасы үлкен, танымал ұстаздан үйреніп жаттығатынын, аянбай тер төгетінін байқаймыз.

Ұлттық қимыл қозғалыс ойындары мен спорт түрлері осылайша атадан балаға, үлкеннен кішіге мұра болып жалғаса береді. Халықтың дәстүрлі шаруашылық салалары мәдени өнер тіршілігінің жиынтық бейнесі де, көрінісі де болған. Тарихының киелілігіне қарамастан, ойыны үнемі жаңа, ескірмейтін нәрселерден тұрады. Өйткені, күн сайын дүниеге келіп жататын сәбилердің жаны қозған сезімдерін ала алмайтындары денеге қуат, жанға саулық беріп, рухани азық болатын да – осы қимыл қозғалыс ойындары.

Тұтастай алғанда, қимыл қозғалыс ойындары, оның ішінде, әр алуан халықтардың ұлттық ойындары болашақ дене тәрбиесі мұғалімдерін даярлаудағы кәсіби даярлықтың негізгі бөліктерінің бірі болатынын атап айтқан жөн. Саламандық-практикалық жұмыс мынаған көз жеткізеді:ұлттық қозғалыс қимыл ойындарын өткізу әдістерін жеткілікті дәрежеде меңгеру үшін, болашақ мұғалімдер белгілі бір білімдер, біліктер мен дағдылар бөлімінің көлемін алған дұрыс. Бұл үшін студенттерді ойындардың мазмұнымен және ережелерімен ғана емес, сондай-ақ ойындарды өткізуді ұйымдастырумен және олардың әдістемесімен де танысқаны жөн [5].

Осы оқу пәнін табысты ұйымдастыруда және оны өткізуде дұрыс түсіндірудің, егер сабақ барысы мұны қажет етсе, онда мұғалімнің өзінің осы ойындарға қатысуының маңызды роль атқаратынын тәжірибе көрсетіп тұр. Мұғалімнің жалпы ойнаушылар ішінен көмекшілерді таңдап алуға тиіс екені де елеулі болып табылады. Егер мұғалім қандай да бір белгілі бір ұлттық қимыл ойынының ережелерін түсіндірген кезде оқушыларға оның тарихын әңгімелеп бере білсе және білімдердің тиісті деңгейі болса, онда дене қимылы даярлығымен бірге білім беру міндеттері де шешілетін болады. Ал, мұның оқу процесін байытатындығы сөзсіз. Аталған барлық әдістемелік тәсілдер болашақ мұғалімдерді кәсіптік даярлау процесінде ескеріліп отырады.

Қалыптасу үстіндегі байқау кезеңінде мыналар негізгі болып табылады:

«Ұлттық қимыл ойындары, оларды оқыту әдістемесі» деген атпен әзірленген оқу бағдарламасы қазақтың ұлттық ойындарын пайдалана отырып, сабақтарды ұйымдастыруға және өткізуге даярлық негіздерін қалыптастырудың негізгі жүйесі;

Саламандық-практикалық жұмыс стажы бар дене мәдениетінен болашақ мұғалімдері мен мұғалімдердің ізделіп отырған даярлығын қалыптастырудың салыстырмалы талдау нәтижелері [6].

Барлық тәжірибелік-байқау жұмысы өзара байланысты үш кезеңде жүргізілді. Оның үстіне, әрбір кезең нақты міндеттерді шешті. Мұның өзі зерттелетін контингенттің ізделіп отырған даярлығын қалыптастырудың теориялық негізделген жағдайларын сақтауға мүмкіндік береді.

Алынған нәтижелерді талдау ұлттық қимыл ойындарын пайдалана отырып, ұйымдастырылатын және өткізілетін қазіргі заманғы сабақтар талаптарына сай келмейтініне көз жеткізілді.

Бұл міндеттерді шешудегі алғашқы әрекеттер мыналар болып саналады. Қозғалыс қимыл ойындары бойынша қолданылып жүрген оқу бағдарламаларына түзету жасағаннан кейін зерттеліп отырған контингентте ұлттық қозғалыс қимыл ойындарын пайдалана отырып, сабақтарды ұйымдастыру мен өткізуге даярлық негіздерінің оң нәтижелерін алу мүмкіндігі көзделді. Ол сабақтармен практикалық тапсырмалардың жекелеген теориялық тақырыптарын өңдеуге келіп саяды. Мұның мәнісі ұлттық қимыл ойындарының жалпы проблемалары бойынша дәрістік материалды толықтырудан тұрады, ал саламандық-практикалық сабақтарда жекелеген ұлттық қимыл ойындары пайдаланылады [7].

Алынған нәтижелерді талдау, қолданылып жүрген оқу бағдарламаларында түзету жасағаннан кейін, қазақтың ұлттық қимыл қозғалыс ойындарын ұлғайту жағына пайдалана отырып, сабақтарды ұйымдастыру мен өткізуге даярлық деңгейін өзгертуге елеусіз бағыт байқалатынына ұйғарым жасауға мүмкіндік береді. Бұл жағымды алға басуларды келесі жағдайлармен байланыстыруға мүмкіндік берді: дәрістердің жалпы қабылданған тақырыптары ұлттық қозғалыс қимыл ойындары туралы тиісті проблемалық

мәселелермен өзара байланыста оқылды. Сонымен бірге, даярлықтың деңгейі өте төмен зерттеліп отырған топ өзгеріссіз қалды – 78,2 пайызды құрады. Даярлықтың орта және жоғары деңгейіне жатқызуға болатын студенттер арасындағы оң алға басуды байқаудың сәті түспеді.

ӘДЕБИЕТ

[1] Сейсенбеков Е.К. Дене шынықтыру және спорт теориясы мен әдістемесі. Оқулық. Астана.: ЕҰУ баспасы. 2011. – 431 б.

[2] Есмағанбетов З. Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі. Оқу құралы. Қарағанды. 1995. – Б. 59-76.

[3] Е.К. Сейсенбеков, С.А. Шыршықбаев, Г.Б. Тоқсанбаева. Ұлттық қимыл ойындарының әлеуметтік және педагогикалық мәні // Ғылыми-саламандық конференция материалдары. Астана. ЕҰУ. 2011. – Б. 132-139

[4] Е.К. Сейсенбеков. Қазақтың ұлттық ойындары мен дене тәрбиесі / Қазақстан мектебі. 2011. –№ 3. – Б. 60-63.

[5] Yer. Seisenbekov. General characteristics of the research methods of the educational process in physical culture in educational institutions / American Journal of Scientific and Educational Research, 2014. – No.1. – (4) (January-June). – P. 299-303.

[6] Yer. Seisenbekov, A. Tastanov, G. Abdikarimova. National Games as part of Variation and means of educating young people in the learning process of educational institutions / Australian Journal of Scientific Research, 2014. – No.2.(6) Vol. III. – P. 895-900.

[7] Yer. Seisenbekov. The role and importance of Kazakh national games in moral, patriotic and physical education of the rising generation / Scientific Review of Physical Culture. University of Rzeszów. or by e-mail: srpc@univ.rzeszow.pl 2014 – P. 63-67.

ӘОЖ 796:06:379.145

С.А. Абилдабеков[1,a]

[1]М.Тынышбаев атындағы Қазақтың көлік және коммуникация академиясы, Алматы қ., Қазақстан

[a]Sabit_1967@mail.ru

СТУДЕНТ ЖАСТАРДЫҢ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ ҮРДІСІНДЕ ЖАРЫС ӘДІСІН ҚОЛДАНУ

Аңдатпа. Бүгінде студент жастардың салауатты өмір салтын қалыптастыруда және студенттердің дене тәрбиесіне бағытталған зерттеулер жеткілікті. Көптеген авторлар, студенттердің дене дайындықтары мен дене сапаларының дамуы және денсаулық деңгейін жоғарылату мақсатында, дене тәрбиесі үрдісіне өзгерістер енгізу қажеттілігін қарастыруда. Бұл мақалада студент жастардың дене тәрбиесі үрдісіне жарыс әдісін ұйымдастырудың заманауи жағдайы қарастырылады.

Түйінді сөздер: студенттер, дене тәрбиесі, жарыстық әдісі, қозғалыс белсенділігі.

Аннотация. Сегодня значительное число исследований посвящено проблемам физического воспитания студентов и формирования здорового образа жизни современной молодежи. Болшинство авторов сходится во мнении о необходимости внесения структурных изменений в процесс физического воспитания студентов с целью повышения уровня их здоровья и физической подготовленности и развития физических качеств. В статье рассматриваются соревновательный метод организации процесса физического воспитания студентов в современных условиях.

Ключевые слова: студенты, физическое воспитание, соревновательный метод, двигательная активность.

Abstract. Today the considerable number of researches is devoted to problems of physical training of students and formations of healthy lifestyle of modern youth. Most of authors agrees in opinion on need of entering of structural changes into process of physical training of students for the purpose of increase in level of their health and physical fitness and

development of physical qualities. In article rassmatrivtsya competitive method of the organization of process of physical training of students in modern conditions.

Key words: students, physical education, competitive method, physical activity.

Көкейкестілігі. Дене мәдениеті – жалпы мәдениеттің бір бөлігі ретінде, ол адамның оқудағы, өндірістегі, күнделікті өмірдегі тұрмысын айқындайды, сонымен қатар әлеуметтік-экономикалық, тәрбиелілік, сауықтыру міндеттерін шешуге ықпал етеді [1].

Денсаулықты сақтау және халықтың өмір ұзақтығы мәселелері барлық уақытта мемлекеттік қоғам мамандарының көзқарасында болған. Бұл мәселенің шешімі қазіргі таңда ерекше аяқ алуда, неге дегенде соңғы жылдары қалыптасқан әлеуметтік – экономикалық жағдай Қазақстан Республикасының барлық топтарындағы халықтың денсаулық көрсеткіштерінің төмендеуін айқындайды.

Осыған байланысты студент жастардың дене дамуы, дайындығы және денсаулықты сақтау мәселесі түбегейлі осы жағдайды шешуді қажет етіп отыр. Педагогтар мен дәрігерлердің мәліметтері бойынша өз жас ерекшеліктеріне байланысты студент жастардың көпшілігі дене дамуы, дене дайындығы, функционалды мүмкіндіктері жағынан мөлшерлік көрсеткіштерге сәйкес емес, төмен екендігі айқындалып отыр.

Осыған орай, соңғы жылдары студент жастардың дене дайындықтарын жетілдіру мәселесін мемлекет тарапынан қадағалап отырғаны белгілі. Бәрімізге айқын, адам баласында біреудің айтқанымен жасалатын қажеттілік қалыптаспаған, оның соған тура қарама-қарсы қажеттілігі айқындалады. Осыған орай, дене дайындығын әрі қарай жетілдіруде, көптеген оқу орындарындағы оқу сабақтарында командалық әдістерді қолдану мүмкін емес. Дене тәрбиесі бойынша сабақтардың біркелкі болуы айналысушылардың қызығушылығын жоғалтады. Машықтану үрдісінде эмоционалды жағдайлардың күйін жоғарылату қажеттілігі туындайды [2].

Біздің көзқарасымыз бойынша машықтанудың негізі жарыс әдісі болып табылады. Адамның қозғалыс белсенділігіне жататын базалық түсініктердің бірі-сайыс болып табылады. Сайыс адам қызметінің негізгі бір элементі ретінде, өз еңбегінің көрсеткіштерін «жоғары-төмен» салыстыру мақсатында, миллион жылдар бұрын да олардың әрі қарай дамуына әсер еткені айқындалып отыр. Сайыстың тарихи тамыры тереңге кеткені рас, адамның жабайы табиғатпен сайысқа түсуі. Сайыстың дамуы және оның жоғарғы түрінің бірі-жарыс, оны тек адам қызметінің әртүрлі саласындағы жеке жарыстық әрекетінің дамуы емес (саясатта, экономикада, ғылымда және т,б), адам қызметінің жалпы дамуы деуге болады [3].

Заманауи даму кезеңінде дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесінде, жарыс әдісін айқындайтын мәнін ашатын үлкен білім көлемі жиналған.

Жарыс әдісінің негізін сайыстың әлеуметтік-ұйымдастыру үрдісі құрайды. Кейбір ғалымдардың пікірлерінше, кез келген дене жаттығулары жарыстық әрекет болуы мүмкін делінген. Машықтанудың түрлі формаларын қолдану ерекшеліктерінің сипаттамасы, ол дене жаттығуларын жарыс жағдайында орындау және айналысушылардың қарсыластығының көрінісі болып табылады.

Дайындық құралы ретінде қызметтің ерекшелігі мынада, айналысушының айрықша эмоционалды күйде болуы. Сабақ үрдісінде, студент жастардың топ аралық жарыстарын ұйымдастыру, сол себепті қол динамометриясы, бір орында тұрып ұзындыққа секіру, кермеге тартылу, еденде қолды бүгіп жазу жаттығуларының көрсеткіштерінің жоғарылауы айқын дәлел.

Жарыс әдісінің негізінде сайысты ұйымдастыру үрдісі ерекше орын алады, бұл арада айналысушы тек қарсыласымен ғана емес өз-өзімен сайысқа түседі, себебі ол өзінің алғашқы көрсеткіштерін жоғарылату мақсатында [4].

Дене шынықтыру сабағында студент жастарды қызықтыру үшін біз дене тәрбиесінің жарыс әдісін таңдап алдық.

Дене шынықтырудың құндылықтарын қалыптастыру эмоционалды факторлардың бірі, дене шынықтыру – спорттық сабақтардың жылдам тиімділігін қамтамасыз ету болып табылады [5].

Зерттеудің әдісі мен ұйымдастырылуы. Студенттердің дене дайындықтарын анықтау үшін мынадай көрсеткіштер өлшеніп алынды:

1. Жалпы төзімділік – жеңілатлетикалық кросс- 3000м (ұлдар), 2000м (қыздар) және Купер сынамасы (12 мин жүгіру, ұлдар, қыздар).
2. Күш қабілетін тексеру: ұлдар – кермеде тартылу және гимнастикалық «брусьяда» тірелу, швед қабырғасында ілініп аяқты бүгіп жазу. Қыздар – кермеде жатып тартылу, орындықтың үстінде қолды тіреп бүгіп жазу, еденде шалқадан жатып денені көтеріп түсіру.
3. Шапшаңдық – 100 м жүгіру, кермеде уақытқа тартылу(5 рет,сек).
4. Үйлесімділік – қайықтап жүгіру (челнок 3*10м), гимнастикалық бөренеде тепе-теңдікті сақтау. Үйлесімділік жаттығуларындағы тепе-теңдікті сақтау 5-ұпаймен бағаланады.

Эксперимент 2016 жылы қыркүйек – 2017 жылы мамыр айлары арасында М.Тынышбаев атындағы Қазақтың көлік және коммуникациялар академиясының спорттық базаларында жүргізілді. Оған қатысқан студенттер саны – 130 (66-ұл, ,64 қыз), сыналушылардың орташа жастары 18-19 ды құрады.

Біз қарастырған барлық жаттығулар мөлшерлік бақылау ретінде қолданылды, ал аптасына бір сабағымыз жарыс жүйесінде жүргізілді.

Дене тәрбиесіндегі мадақтау-бұл жеке тұлғаның психикасына тиімді әсер ету әдістерінің бірі. Оның негізгі атқаратын рөлі: іске ынталандыру, студенттердің жүріс-тұрыстары мен өзін-өзі тәрбиелеу, алдынғы қатарлы тәжірибелерді қалыптастыруға бағдарлау, дене шынықтыру мен спортқа деген көзқарастарды белсенді етіп қалыптастыру [6].

Осы жүргізілген эксперимент бойынша алынған нәтижелер (1-кестеде) көрсетілген.

1 - кесте Жарыс әдісі арқылы айналысқан студенттердің бақылау жаттығулары көрсеткіштерінің нәтижелері.

Сынамалар	қыркүйек		мамыр		t	p
	M1	±m	M2	±m		
студенттер (ұлдар)						
кермеге тартылу	12,9	0,75	16	0,65	3,13	<0,01
еденге қолды тіреп бүгіп, созу	14	0,58	18	0,70	4,44	<0,001
іш бұлшық етін сынау	3,42	0,53	5,95	0,49	3,46	<0,01
100 м жүгіру(с)	13,35	0,13	12,9	0,12	2,5	<0,05
30 м жүгіру(с)	4,72	0,06	4,33	0,04	5,57	<0,001
5 рет кермеде тартылу (сек)	7,14	0,22	6,26	0,25	2,66	<0,05
3000м жүгіру (мин)	13,43	0,08	12,52	0,9	4,25	<0,001
купер сынамасы (12мин жүгіру)	2596	21,35	27,30	25,38	4,04	<0,001
қайықтап жүгіру 3*10(с)	7,83	0,06	7,43	0,05	5,00	<0,001
тепе-теңдік сақтау (1-5 б)	2,92	0,12	3,61	0,13	4,05	<0,001
студенттер (қыздар)						
кермеге тартылу	15,6	0,62	20,6	0,72	5,2	<0,001
еденге қолды тіреп бүгіп, созу	13,6	0,32	16,2	0,34	5,2	<0,001

іш бұлшық етін сынау	44,6	1,92	52,6	2,09	2,82	<0,05
100 м жүгіру (с)	18,58	0,26	17,88	0,29	1,79	>0,05
30 м жүгіру (с)	5,59	0,06	5,27	0,05	4,0	<0,001
5 рет кермеде тартылу (сек)	5,43	0,07	5,12	0,06	3,44	<0,01
2000м жүгіру (мин)	12,28	0,08	12,01	0,07	2,54	<0,05
купер сынамасы (12мин жүгіру)	1877	26,9	20,18	26,5	3,74	<0,001
қайықтап жүгіру 3*10(с)	8,65	0,04	8,29	0,05	6,0	<0,001
тепе-теңдік сақтау (1-5 б)	2,73	0,12	4,13	0,12	7,00	<0,001

Нәтижені талқылау. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей дене шынықтыру сабағында жарыс әдісін қолдану жұмыс қабілеттерін жоғарылатып ынталандырады. Дене дайындықтарының өсуі жылдық кезеңде жүзеге асады. Ұлдардың бақылау мөлшерлерінің көрсеткіш нәтижесі нақты деңгейде көрсетті. Ал қыздардың көрсеткіш нәтижелері де оңтайлы динамика көрсетті, олардың да өзгерістері жоғары нақтылықты айқындады. Зерттеу нәтижесінде жарыс әдісі ұлдар мен қыздардың дене дайындығына әртүрлі әсер ететіні айқындалады.

Өзгерістер, $p<0,05$ ұлдарда 20% жағдайда белгіленді, қыздарда да 20%; $p<0,01$ ұлдарда 20%, қыздарда 10% жағдайда, $p<0,001$ ұлдарда 60% жағдайда белгіленді, қыздарда да 60%; нақты емес өзгерістер ($p>0,05$) ұлдарда кездескен жоқ, ал қыздарда10% жағдайда белгіленді.

Қорытынды. Жарыс әдістері айналысушы жеңіске жету мақсатында барынша әрекеттер жасап, экстремалды жағдайлар туғызады. Студенттер өздерінің дене дайындық мүмкіндіктерін жетілдіруде, осы жарыс нәтижелері оларды ынталандырушы фактор және жеке тұлғаны тәрбиелеудің тиімді әдістері болып табылады. Жарыс әдістерін оқу-машықтану сабақтары үрдісіне енгізу, бізге жедел машықтанудың тиімді нәтижесін береді.

ӘДЕБИЕТ

[1] Бальсевич В.К. Интелектуальный вектор физической культуры человека: (к проблеме развития физического знания) // Теория и практика физической культуры. -1991.- №7. - С. 37-41.

[2] Бальсевич В.К. Физическая культура: молодежь и современность / В.К. Бальсевич, Л.И.Лубышева// Теория и практика физической культуры. –1995. – №5. – С. 21.

[3] Вопросы физического воспитания студентов / С-Петербургский государственный университет. - СПб. :Изд-во СПб ГУ, 2001. – 32.

[4] Зайцев Г.К. Потребностно-мотивационная сфера физического воспитания студентов // Теория и практика физической культуры. –1993. – №7. – С. 21.

[5] Телеугалиев Ю.Г., Абилдабеков С.А. Методологические основы обучения двигательным действиям в свете задач физического образования в гимнастике. Журнал «Теория и методика физической культуры» КазАСТ. Алматы. – 2007.

[6] Бальсевич, В.К. Основные положения концепции интенсивного инновационного преобразования национальной системы физкультурно-спортивного воспитания детей, подростков и молодежи / В.К. Бальсевич // Теория и практика физической культуры. – 2002. – № 3. – С. 3-5.

ӘОЖ: 796/799.378

Ә. Сламхан[1,a], Е.К. Сейсенбеков[1,b], Ұ.Ө. Естемесов[1,c]
[1]М. Тынышбаев атындағы Қазақ Көлік және коммуникациялар академиясы, Алматы қ., Қазақстан
[a]Adik210999@mail.ru, [b]Yerlan_fks@mail.ru, [c]ulan85kz@mail.ru

САБАҚТАН ТЫС УАҚЫТТАРДА ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ-СПОРТТЫҚ ЖҰМЫСТАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ҒЫЛЫМИ НЕГІЗДЕРІ

Аңдатпа. Мақалада білім алушылардың сабақтан тыс уақыттарда дене шынықтыру және спорт түрлерімен айналысу үшін орындалатын біршама мақсат-міндеттер мысал ретінде көрсетілген. Мақаланың маңызын арттыруда кеңестік ғалымдардың еңбектерінің қосқан үлесі жайлы айтылған. Дене шынықтыру саласындағы мамандар үшін әдістемелік нұсқау ретінде қолдануға болады.

Түйінді сөздер: дене шынықтыру, оқу үдерісі, сабақтан тыс дене шынықтыру-спорттық іс-шаралар, тәрбиелік мән-маңызы.

Аннотация. В статье приведены примеры о целях и задачах для обучающихся на занятиях физической культурой и спортом во внеурочное время. Даны сведения о вкладе трудов советских ученых для повышения значимости статьи. Рекомендуется как методическое пособие для специалистов, работающих в сфере физической культуры и спорта.

Ключевые слова: физическая культура, учебный процесс, внеучебные физкультурно-спортивные мероприятия, воспитательное значение.

Abstract. The article gives examples of goals and objectives for students in physical education and sports outside the school hours. The contribution of the works of Soviet scientists to the importance of the article is given. It is recommended as a methodical manual for specialists working in the field of physical culture and sports.

Key words: Physical culture, educational process, extra-curricular physical culture and sports activities, educational significance.

Қандай да болмасын, тәрбиенің ең алғашқы іздену және оны қолдану көздері білім беру салаларынан басталады. Себебі, жас ұрпақты басынан тәрбие беруден басталса, кез келген мемлекеттің даму стратегиясы солай қарай өрбімек. Сондықтан да, білім беру саласындағы қандай да болмасын ғалымдары дұрыс тәрбие мен білім берудің жолдары мен әдістерін қарастырады. Соның ішінде – дене шынықтыру, дене тәрбиесі және спорт салаларындағы ғалымдар да бұған өздерінің үлестерін қосуда. Оның ең нәтижелі, әрі сапалы жолы – мектептегі дене тәрбиесі мен спорт жұмыстарын одан ары жетілдіру әдістемесі. Көптеген ғалымдар дене тәрбиесінің, соның ішінде дене шынықтыру мен спорттың дамуын тек жалпы білім беру мекемелерінде іске асатынына нық сенімді. Дене тәрбиесінің дене қуаты қасиеттері көп, әрі десе, мектепте өтетін спорт түрлерінің өзі балалардың физикалық қасиеттерін дамытуға көп күш салады. Мысал ретінде: дене шынықтыру пәнінен баланың білімін тексеру үшін, оған басқа пәндердегідей сұрап, ой-сана мен ми жұмысын қажет ететін тапсырмаларды орындамайды. Онда тек дене қасиеттерін (күштілік, жылдамдық, төзімділік, икемділік,ептілік, вестибулярлық аппараттың жаттықтыруы) дамытады, соған байланысты, бағасы қойылады [1].

Дене мәдениеті мен дене тәрбиесі, спорт саласында ғылым да өркендеді, әсіресе, И.П. Павлов еңбектерін теория мен сараманға кіргізу болды. Ғалымдар бұл салада көп еңбек сіңдірді. 40-шы жылдардың аяғында, 50-ші жылдардың басында соғыстан кейінгі зардаптарды жою, халық шаруашылығын және мәдениетті қайта қалпына келтіру жұмыстары барлық сала секілді, дене тәрбиесі саласына да өз қиындығын әкелді. Елде ғылыми кадрлар, зерттеу жүргізетін құрал-жабдықтар, оларды жүргізетін қаражат

мәселесі, бұқаралық дене шынықтыру және спорттық жұмыстардың ілімі, әдістемесі, техникасы мен тактикасы жөнінде ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу жетпеді. Елдегі сол кезде билік басында болған Коммунистік партияның қаулысынан кейін ғана ғылыми-зерттеу жұмыстарына біршама көңіл аударыла бастады [2].

Барлық ғылыми-зерттеу іс-қызметтерін одан әрі жақсарту мақсатында үлкен жұмыстар атқарылды. Әсіресе, КСРО ғылымдар академиясының және КСРО медициналық ғылымдар академиясының академик И.П. Павловтың физиологиялық еңбектерін зерттеу мәселелеріне арналған ғылыми сессия үлкен серпіліс әкелді. Аталмыш сессияның пікір алысу, жарыссөздерінде ұлы ғалымның дене тәрбиесінің жүйесіне енгізілген ғылыми жұмыстарында спорттың ілімі мен сараманына әкелер септігі жайлы сөз қозғалды. Пікір алысулар өткір, қызықты, кейбір авторлардың ғылыми еңбектері мен жұмыс-тарының кемшілігі көрсетілген сыни жағдайда өтті. Шынын айту керек, ол кезде барлық жердегі сияқты, ғылым саласында да қудалаушылық, репрессия сарыны әлі басылмаған еді. Соның әсерінен, кейбір ғалымдардың еңбектеріне сол кездегі «социалистік» көзқараспен қараған «коммунисшіл-белсенді», өз жұмыстарын білмесе де, қара күйе жағуға дайын кейбір топас ғалымдардың айтақтауымен «капиталистік өмірді көксеушілер, құйтырқылар», деген айыптаулар тағылды. Аты әлемге белгілі ғалымдар Н.А. Бернштейн, Ю.Е. Зеликсон, А.Д. Новиков, И.М. Саркизов-Серазини, Д.А. Крадман және т.б. ғылыми еңбектері әділетсіз құдалауға ұшырады. Оларға батыс ғылымы алдында қол қусырушылық, космосаясат, кейбір «білгіш» отандық ғалымдардың еңбектерін бағаламау секілді, айыптаулар тағылды. Бұндай жағдай ғылымның дамуына өз кесірін қатты тигізді. Тек 1956 ж. өткен СОКП XX съезіндегі Сталиннің жеке басына табынушылықты қатты сынға алғаннан кейін ғана, ғылым аясында шығармашылық жағдай жақсара бастады. Соның ішінде дене тәрбиесі және спорт саласында да көптеген ғалымдардың жақсы аттары қайта аталынды [3].

Соғыстан кейінгі жылдары елде кеңестік дене тәрбиесі жүйесінің ғылыми негіздерін құрайтын ғылыми мақалалар, еңбектер, жұмыстар саны көбейді. Профессор А.Н. Крестовниковтың «Дене қимылы жаттығуларының физиологиясы туралы очерктер» (1950 ж.), «Спорт физиологиясы туралы очерктер» (1955 ж.) еңбектері жарық көрді. Н.В. Зимкиннің «Күш, жылдамдық және төзімділіктің физиологиялық сипаттамасы» (1956 ж.) ғылыми еңбегі үлкен қызығушылық туғызды. Н.Н. Яковлевтің «Спорт биохимиясы туралы очерктер» атты монографиясында спортпен айналысу кезінде адам ағзасында болып жатқан биохимиялық процестері зерттелді. Сонымен қатар, спорт түрлері бойынша оқыту және жаттықтыру мәселелері де көтеріліп жатты. К.В. Градополовтың «Бокс» (1950 ж.), «Жеңіл атлетика» (1951 ж.), бұл еңбекті Д.А. Семенов, Г.В. Васильев, Н.Г. Озолин 1952 ж. редакциялады. Бұған қоса, П.Т. Кащуроның «Спорттық ойындар» (1953 ж.), А.Т. Брыкиннің «Гимнастика» (1950 ж.) еңбектері жарық көрді. Бұған қоса, Мәскеу (1959 ж.) және Ленинград (1960 ж.) дене шынықтыру институттарының ғылыми ұжымдары шығарған дене тәрбиесінің ілімі (алғашқысы 1953 ж. шыққан) оқулықтарын айтуға болады. И.М. Саркизов-Серазинидің емдік дене шынықтыру және спорттық уқалау, М.Ф. Иваницкийдің динамикалық және пластикалық анатомиясы, П.А. Рудик және А.Ц. Пунидің спорт психологиясы, С.П. Летуновтың спорттық медицинаға арналған оқулықтары дене тәрбиесінің кеңестік жүйесінің ғылыми негіздерін айтарлықтай байытты. 1951-1955 жылдары П.Ф. Лесгафттың бес томдық педагогикалық шығармалары, В.В. Гориневскийдің (1951 ж.) таңдаулы еңбектері ғылыми қоғам үшін маңызды оқиға болды. Күндізгі және сырттай аспирантурада ғылыми-педгогикалық кадрлардың дайындық аясы едәуір көбейді, қорғалған диссертациялық жұмыстардың саны өсті [4].

Алға қойылған сауықтыру міндеттерін жоспарлау және анықтау үшін, оның шешетін жолдарын қарастыру мүмкіндігін тапқан жөн. Оның бірінші жолы – жеке білім беру міндеттерін сабақтарға бөліп тастау арқылы ағзаға әсер ететін амалдар мен әдістерді

шешу. Екінші жолы – сабаққа арнайы және жалпы дене қимылы дайындығы жаттығулар кешенін істеп қою [5].

Дене мәдениетінен сабақтан тыс жұмыстары деп, өзімен бірге дене қимылы жаттығуларын сабақтан тыс уақыттарда ұйымдастыруын айтамыз. Оның маңызы көп екенін білім алушылардың сабақтан кейін қосымша қимыл жаттығуларын орындауы кезінде байқауға болады. Әсіресе, денсаулықтарына пайдалы әртүрлі ойындар, жаттығулар жасау – дене шынықтыру оқытушысының алдына қойылған міндеттерін орындауға көп көмегін тигізеді. Міндеттеріне:

а) Дене қимылы жаттығуларымен жүйелі түрде айналысуға неғұрлым көп білім алушыларды тарту, баулу; ә) «Дене шынықтыру» пәні бойынша оқу материалын сапалы түрде меңгеруге және үлгерімді жоғарылатуға мүмкіндіктерді көбейту; б) күнделікті іс-қимыл барысында сауықтыру мақсатында дене тәрбиесі амалдарын өздігінше қолдануға ептілік пен дағдыларды қалыптастыру, ақыл-ой шаршауын ескерту, жеке басының дене қимылы жетілдірілуі және бос уақытын тиімді, денсаулығына пайдалы етіп өткізу [6].

Бұған қоса: ұлттық және Елбасылық деңгейдегі қимыл жаттығуларын саналы да сапалы орындауға күш салу;

- спорттық мамандықтардың бірін таңдау, оны жетілдіріп, үлкен жетістіктерге жету, өз жас мүмкіншіліктеріне орай, спорттық классификация талаптарын орындау;

- таңдаулы, үздік спортшыларды анықтау және оларды оқу орны аралық жарыстарға дайындау, оқу орны командасы үшін жарыстарға қатысуды дайындау т.б.;

- спорттық ойындар түрлерінен қоғамдық нұсқаушы, төреші, жаттықтырушы жүктемелерін атқаруға барлық мүмкіндіктерді сарқа пайдалану т.б. жатады.

Дене шынықтырудан сабақтан тыс жұмыстарының ерекше белгілері: дене шынықтыру сабақтарынан өзінің бірыңғай бағыттарымен ерекшелінеді:

Ол оқу орнындағы сабақ сияқты міндетті емес, ерікті түрде жүзеге асырылады, оның мазмұны мен түрін оқу орнының бар нақты шарттарына байланысты, ал білім алушылар ол сабақ немесе айналысу үйірмесі түрін таңдауға ерікті.

Жүктеме айналысушылардың кең қоғамдық белсенділігіне байланысты қойылады. Оны оқу орны әкімшілігі тарапынан бақылауға алынады.

Сабақтан тыс жұмыстардың педагогикалық жетекшілігі сабақтан тыс жұмыстар үдерісінде, көбінесе шығармашылық бастамаларды қарқындату мақсатымен әртүрлі сабақтан тыс жұмыстарын өткізу жолдарын үйретеді.

Жұмыс істеу жолдары. Оның екі түрі бар:

Топтық сабақтар қатаң тәртіптегі уақыт кестесімен өткізіледі, мысалы: спорт үйірмесі – баскетбол: сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері сағат 15^{00}ден–17^{00}ге дейін. Онда аз ғана болса да, бірқалыпты және біртекті білім алушылардың құрамы болады. Одан да басқа – жалпы дене қимылының дайындығы, спорт, Елбасы сынамаларын тапсыратын топтар үйірмелері жатады.

Бұқаралық-жаппай дене мәдениеті іс-шаралары: мұнда да барлық өткізілетін іс-шаралар сабақтан тыс уақытта өткізіледі – балалар саны шектелмейді, өткізілу уақыты белгілі бір мерекелерге, айтулы күндерге т.б. арналған. Мысалы: «Көңілді старттар», «Үміткерлер старттары», «Спартиандық ойындар», Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, Жеңіс күніне т.б. арналған әскери-патриоттық ойындар, туристтік саяхаттар, дене шынықтыру, спорттық мерекелері т.б. Мұнда бірнеше білім алушыдан бастап, бүкіл оқу орнының ұжымы қатысатындай етіп өткізіле береді.

Ал, үйірмелердің түрлерін жеке сипаттасақ, олардың да өз алдына қойылған міндеттері мен өз ерекшеліктері, бөлек орындалу, жұмыс істеу жолдары бар. Бірақ, бұлардың барлығының орындалуы, алдына қойылған мақсат-міндеттері бірдей, ол – балалардың денсаулықтарын нығайту, жетілдіру [7].

Бұқаралық-жаппай дене мәдениеті іс-шараларын жоспарлау – ол үшін өткізілетін орындарды, қолда бар құрал-жабдықтарды т.б. тиімді пайдалана алу қажет. Келе жатқан

оқу жылында қандай тарихи даталар, мерекелер т.б. бар, соларды ескере отырып жоспар жасағанда, оқу орнының дене шынықтыру ұжымымен келісіп істескен дұрыс. Себебі, дене мәдениетінен іс-шаралар ұжымның басқа да жоспарлаған-жоспарламаған іс-шараларына кесірін жасамауы керек. Ол үшін оқу орнының дене шынықтыру оқытушылары, сол оқу орнында өзінің спорт түрлері бойынша спорттық топтарын жүргізетін спорттық мектептердің жаттықтырушылары оқу орнындағы спорт әдістемелік үйірмесінің жетекшісімен келісе отырып, бір жылда өтілетін спорттық іс-шаралардың шамалас түпнұсқасын оқу жылының алғашқы өткізілетін педагогикалық кеңесінде қаратқызулары қажет. Оқу орнының педагогикалық кеңесінде басқа да пәндердің өткізілетін іс-шаралар кестесін жасай отырып, бір мәмілеге келіп барып түпкілікті бір жылдық іс-шаралар жоспарын құрайды [8]. Сонан соң барып:

1) өткізілетін іс-шаралар аты;

2) олардың өткізілу уақыты мен орны;

3) қатысушылар құрамы, қатысатын сыныптар немесе ұжым мүшелері;

4) іс-шараларды өткізуге жауаптылар;

5) орындалуы туралы белгілер - бөлімдерінен тұратын кесте жасалынады.

Қандай да болмасын спорттық іс-шараларды өткізу белгісі болып, нақты құжаты ретінде – жарыстарды өткізу қатынас қағаздары болып табылады. Онда - өткізілгелі тұрған жарыстардың мақсаттары, міндеттері, түрлері, мәні, мазмұны, өткізілетін орны мен уақыттары, қатысушылар саны, жетекшілігі, төрешілік ерекшеліктері, марапаттау т.б. қарастырылып, нақтыланады. Оқу орнындағы дене шынықтыру оқытушылары үшін сабақтан тыс жұмыстары қызықты да міндетті, әрі пайдалы жұмыс екенін ескерте келіп, бұл жұмыстарды шыдамдының ішіндегі шыдамдысы, күш-еркі мол, спортқа және балаларға берілген педагог қана істей алады деп, қорытындылауға болады.

ӘДЕБИЕТ

[1] Теория и методика физического воспитания. Под ред. Л.М.Матвеева. – М. ФиС, 1991. – С. 290.

[2] Есмағанбетов З. Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі. Оқу құралы. Қарағанды. 1995. – Б. 59-76.

[3] Теория и методика физического воспитания. Под ред. Б.А. Ашмарина. – М. ФиС, 1990. – С. 236.

[4] Сейсенбеков Е.К. Дене шынықтыру және спорт теориясы мен әдістемесі. Оқулық. Астана.: ЕҰУ баспасы. 2011. – 431 б.

[5] Yer. Seisenbekov. General characteristics of the research methods of the educational process in physical culture in educational institutions / American Journal of Scientific and Educational Research, 2014. – No.1. – (4) (January-June). – P. 299-303.

[6] Yer. Seisenbekov, A. Tastanov, G. Abdikarimova. National Games as part of Variation and means of educating young people in the learning process of educational institutions / Australian Journal of Scientific Research, 2014, No.2.(6) Vol. III. – P. 895-900.

[7] Yer. Seisenbekov. The role and importance of Kazakh national games in moral, patriotic and physical education of the rising generation / Scientific Review of Physical Culture. University of Rzeszów. or by e-mail: srpc@univ.rzeszow.pl 2014, – P. 63-67.

[8] Е.К. Сейсенбеков, Е.Л. Сержанская, А.О. Бейсекеев. Сравнительный анализ оценивания контрольных нормативов по физической культуре в учреждениях образования РК и Болгарии / «ЕҰУ хабаршы», Астана, 2015. – № 1 (104). – II бөлім. – Б. 216-221.

ӘОЖ 796/799.378

Е.К. Сейсенбеков[1,a], Ә.Ж. Тастанов[1,b], Марко Джоксимович[2,c]
[1]М. Тынышпаев атындағы Қазақ Көлік және коммуникациялар академиясы, Алматы қ., Қазақстан,
[2]Шығыс Сараево университеті, Шығыс Сараево қ., Босния және Герцеговина
[a]Yerlan_fks@mail.ru, [b]tastanov_70@mail.ru, [c]nicifor007@outlook.com

ОҚУ ҮДЕРІСІНДЕ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІН ЖОСПАРЛАУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа. Мақалада Қазақстан Республикасы мен Сербия құрамындағы Босния және Герцеговина елінің дене шынықтыру сабақтары барысында білім алушылардың оқу үдерісін жоспарлау үшін орындалатын жұмыстар мен іс-шаралар кешені жайлы мәселелер көтерілген. Аталмыш пәннен оқу бағдарламасы бойынша оқу жоспарын жасақтау арқылы екі елдің өскелең ұрпақтарының дене қасиеттерін дамыту және жетілдіру түйткілдері ашып көрсетілген. Сабақтар кезінде бағалау жүйесі оқу үдерісінің маңызын одан әрмен аша түседі. Соның арқасында дене шынықтыру нормативтерін қабылдау талаптарының орындалу және сақталу қағидалығы өз дәрежесін анықтай көрсетеді.

Түйінді сөздер: дене шынықтыру, оқу үдерісі, нормативтік талаптар мен түрлері, дене қасиеттерін дамыту.

Аннотация. В статье поднимаются проблемы планирования и выполняемый цикл мероприятий в учебном процессе по физической культуре среди учащихся образовательных учреждений Республики Казахстан и Республики Босния и Герцеговина в составе Сербии. При составлении учебных планов физической культуры по учебной программе освещены и указаны проблемы развития и совершенствования двигательных качеств подрастающего поколения двух стран. Система оценивания во время занятий еще более подробно освещает значимость учебного процесса. Вследствие этого, еще более указывается его степень и принципы выполнения требований приема нормативов по физической культуре.

Ключевые слова: физическая культура, учебный процесс, виды нормативов и его требования, развитие двигательных качеств.

Abstract. The article raises the problems of planning and the cycle of activities carried out in the educational process for physical education among students of educational institutions of the Republic of Kazakhstan and the Republic of Bosnia and Herzegovina as part of Serbia. In drawing up the curriculum of physical education, the curriculum outlines and outlines the problems of developing and improving the motor qualities of the younger generation of the two countries. The system of evaluation during the sessions further details the significance of the educational process. As a consequence, its degree and principles of fulfilling the requirements for the acceptance of standards for physical culture are even more indicated.

Key words: physical culture, educational process, types of standards and its requirements, development of motor qualities.

Қай мемлекет болмасын, өз елінің стратегиясы, қорғаныс күштері, экономикалық тәуелсіздігі ең алғашқы орындарда тұрады. Сондықтан, ол мемлекет үшін сондай дәрежеге жету үшін, Қорғаныс Күштерінің мықты болуында, оған қоса, экономикалық тұрғыда жақсы дамыған болып, халқының өсіп-өнуі жетілген, барлық тұрмыстық жағдайы мүмкіндігінше алдыңғы қатарлы өркениетті болса, ондай мемлекетті ешқандай жау алмас. Ол – тарихи дәлелденген аксиома. Ал енді, сондай мемлекеттің қатарына ену үшін, халқының денсаулығының мықты болуы – ең бірінші кезекте болуы керек. Ол үшін сол мемлекеттің тәрбие, денсаулық, дене шынықтыру және спорт саласында істеп келе жатқан ғалымдарына үлкен жүктеме болады. Себебі, денсаулықты одан ары жақсарту шаралары,

еңбек өнімділігін арттыру мақсаттарында орындалатын небір дене шынықтыру және спорт іс-шаралары осы алға қойылған мақсат-міндеттерді көздейді. Аталмыш мәселе әлемдегі барлық елдер секілді, Қазақстан Республикасының да, Босния және Герцеговина елінің де білім беру саласындағы өзекті мәселелерін көтереді [1].

Оқу-білімділік сараптаманың көңілдегідей болуы бақылаудың өз уақытысында болуына, жүйелілігіне, шарттылығына байланысты. Бағаның объективті болуы үшін оқу материалын сапалы және санды көрсеткіштерін, белгілі бір уақытта жұмыс нәтижесінің толықтығын тексереді [2].

Білім алушылардың біліми-меңгерушілік қасиеттерінің ағымдағы және қорытынды бақылау нәтижесін баға арқылы білуге болады. Онда берілген кешендік оқу міндеттерін орындауда қойылған бағалар сынып журналында тіркеледі. Үлгірімдік бағалар дене тәрбиесі бойынша жалпы педагогикалық қағидаларда негізделеді, бірақ өзіндік ерекшеліктері бар. Ол дене қимылы дамуын қадағалау. Баға қою барысында оқытушы балалардың киім киісіне ғана қарай емес, сонымен қатар орындаған дене қимылы жаттығуларын да есепке алған жөн. Тек дене қимылы дайындығы жоғары білім алушылармен емес, әлжуаз, нашар, дене қимылы төмен білім алушылармен де жұмыс істеуі, оқытуы, үйретуі керек. Бағаны қойғанда объективті болу керек. Себебі, жаттығулар кешені дене қимылы дайындығы жоғары оқушылар үшін оңай болғанымен, әлжуаз білім алушылар үшін қиындықтар тудырары сөзсіз. Сондықтан, берілген жаттығуларды орындауы үшін, кетер күш,ептілік бәріне бірдей ортақ болу керек [3].

Екі ел де бұрынғы социалистік жүйесінде болғандықтан, баға қою жүйесі бірдей, десе де болады: **5** – жаттығу дұрыс, сапалы орындалды. **4** – жаттығуды орындау кезінде бір-екі ғана болмашы қателері бар. **3** – жаттығу негізінде орындалды, бірақ орындалу барысында техникалық жағынан және жаттығудың мәні өзгеріп, қате болып кетті. **2** – жаттығу мүлдем қате орындалды, болмаса оны орындауға керекті дене қуаты қасиеттерінің бірі мүлдем жетпеді. **1 –** жаттығу орындалған жоқ. Жаттығуды орындауда ағымдағы бағалар оның орындалу техникасына өзінің үлесін қосу керек. Ал жаттығулар кешені міндетті түрде жас, жыныс ерекшеліктеріне байланысты болуы керек.

Алдын-ала бақылауда баға қойылмайды, оны үйрету кезінде істелінген қателер түзетілуі тиіс және қатені түзету жолдары айтылады, үйге тапсырма беріледі, қосымша сабақтарда қайталанады, спорттық үйірме немесе сыныптан тыс жұмыстарда жетілдіреді. Алдын-ала бақылаудың білім алушылар көңіл-күйіне, ынталарына әкелер маңызы мол.

Ағымдағы бақылауда орындалудың сапалылығы сынып журналына түседі. Алдын-ала үйретілген жаттығулардың есебі ретінде, баға қойылатын білім алушылар саны әртүрлі болуы мүмкін. Әр оқытушы бағаны әртүрлі қояды. Кейбірі сабақта ағымдағы жаттығуларды орындау есебінен бір сабақ бойы тек бақылау жаттығуларын қабылдайды, ал кейбірі аты-жөні бойынша кезектеп тоқсан бойы әрқайсысына жаттығуды орындау мүмкіндіктеріне қарап кем дегенде 4-5 баға қояды. Мысалы, бір тоқсан бойы бағаларды қою үшін, білім алушылардың дене қуаты қасиеттерінің бірі – жылдамдықты алалық: бірінші баға – 60 немесе 100 метр жүгіру бойынша қойылады. Екінші баға төзімділік бойынша – 2000 немесе 3000 метр жүгіру бойынша. Ал үшінші баға күштілікті тексереді, ол дегеніміз – ұл балалар белдемеде тартылуды тапсырса, қыз балалар – матыда арқамен жатып, қолды шүйдеде ұстап, денесін көтеріп-түсіреді: былайша айтқанда пресс дейді. Төртінші жаттығуептілік пен икемділікті дамытуды, сол қасиеттер бойынша тапсыруды міндеттейді. Ол үшін акробатика, гимнастика жаттығуларын (алға-артқа аунау, аяқты тік көтеріп, баспен тұру, рондатт, шпагат т.б.) орындайды [4].

Дене тәрбиесінің сабақтары туралы жалпы ережелерге бағына отырып, білім беру мекемелеріндегі дене шынықтыру сабағы оқу күн тәртібіндегі дене шынықтыру сабақтарының орны мен педагогикалық міндеттерді шешуге, оқу бағдарламасының мазмұнына, білім алушылардың жас ерекшеліктеріне, мүмкіндіктеріне байланысты.

Бұның барлығы оқу орнындағы сабақ беру әдістемесінің бірқатар талаптарын орындауға арналған. Сабақты өткізудегі талаптар:

1. Әр сабақ тақырыптық жоспарлаудағы орнын, алдын-ала жоспарланып отырған сауықтандыру, білім беру және тәрбиелік міндеттерін шеше білу керек. Сабақ міндеттерін анықтай отырып, сабаққа берілген уақытты жөнді жұмсай алу, тақырыпта қойылған міндеттер мен талаптарды орындауға, оқу этапына, білім алушылардың тәрбиелік, білімділік, дене қимылы дайындығының, материалдық-техникалық жабдығына баса назар аудару қажет. Қойылған талап-міндеттер нақты, жас ерекшеліктері мен жыныстарына байланысты болу керек және де талаптарды орындағаннан кейін оның нәтижесін талдай білу керек [5].

2. Оқу материалының көлемі – оқу бағдарламасына, қойылған міндеттердің түріне, оның көлеміне, ол көлемінің бір текті болуына сәйкес болуы керек. Бағдарламадан тыс материал қосымша ретінде, міндетті емес, жекелей ретінде әншейін өзі үшін жетілдіре беруге арналған, оны бағдарламаға қосу міндетті емес. Оқытушы дарынды балалармен осылай бағдарламадан тыс жұмыс істей беруіне болады.

3. Әр сабақ өзінің бағыттамасына қарай педагогикалық міндеттермен, оқу материалының мазмұнымен, көлеміне, алдыңғы, кейінгі сабақтардың жүктеме көлемімен байланысты болуы керек.

4. Қолданылып отырған оқу мен тәрбие әдістері сабақ міндеттерімен сәйкес болуы керек.

5. Білім алушылардың жан-жақты дамуына ықпал ететін барлық элементтердің мазмұнының өзара байланыстылығының сабақ үдерісінде қамтамасыз етіп беру.

6. Сабақ барысы бойынша кезекті күш түсіруге дайындық және қол бос еместікті қамтамасыз ету. Ол үшін жаттығуларды орындаудан үзіліс кезінде бос тұрмас үшін әртүрлі іс-қимылдарды келесі жаттығулардың дайындығына дайындалып тұру.

7. Әр сабақ сайын білім алушылардың іс-қимылын бақылап тұру. Ол үшін істелінген жаттығуларды талдау жасап, бағалау, көңіл-күйді аулау.

8. Өз бетінше қойылған іс-қимыл жаттығуларды, білімділік қимылдарды игере алмайтын білім алушыларға керекті көмек көрсету. Кейбір білім алушылар жаттығуды қамтамасыз ете алмайды, өздігінше істей алмайды. Соларды үйрену үшін, ақыл-ойлық, білімділік іс-әрекеттерді, жаттығулар кешенін үйрету.

9. Белгіленген ережелерге байланысты тәртібінің тура болуы, оқу тапсырмасын орындауы – ол үшін уақытылы хабарлап, ескертіп тұруды қамтамасыз ету.

10. Сабақ міндеттеріне, дайындық деңгейіне, оларды орындау шарттарына байланысты үй тапсырмасын орындау жүйесін дайындау [6].

Сабаққа дайындық – педагогикалық міндеттер кешенін толыққанды орындау сабаққа жақсы дайындалудан басталады. Ол 2 этапқа бөлінеді: 1-ші этаптың мақсатының мазмұны мен сабақ құрылымы – тоқсандық жоспардағы оқу-тәрбие, сауықтандыру міндеттерін анықтау, оқу тапсырмасы жүйесінің және жаттығулардың уақытын анықтау, әдіс таңдау т.б. 2-ші этапқа – сабаққа керекті құрал-жабдықтарды дайындау, өтілетін жаттығуларды пысықтау, өткізілетін орнын дайындау т.б. Оқытушы өзінің дайындығына: арнайы әдістемелік әдебиеттерді жинақтау, пысықтау, сабақ конспектісін жазып, дайындап қою, өзінің іс-қимыл, сөйлеу дағдыларын тексеріп алу, үсті-басының сырт көрінісіне мән беру т.б. [7].

Білім алушылардың дайындығына – басты міндеттермен алдын-ала танысу, сабақтың ерекшеліктерімен, бағыттамасымен түсіндіру, сабақта керекті құрал-жабдықтармен танысып, дайындау т.б.

Барлық ұйымдастыру-әдістемелік түрі сабақ өткізудің екі топқа өткізеді. Бірінші топқа – фронтальдік, топтық, жекеше түрлері жатады. Екінші топқа оқушылардың жаттығуларды бір-бірлеп орындауы – айналма, кезекшілік, ауыспалы болып жатады.

Сабақты ұйымдастыруды қамтамасыз етуге жататындар: санитарлық-гигиеналық жағдай тұғызу, сабақтың материалдық-техникалық қамтамасыздығы, білім алушыларды алаңда орналастыру, оқу ісінің ұйымдастыру-әдістемелік түрлері, оқытушыға көмекші білім алушыларды түзеу, ұйымдастыру. Бұндай жағдайда сабақта ауру, жарамайтын, бірақ сабаққа қатысатын білім алушылардан көмекшілерді оқытушы құрап алады. Олар сабақ өткізуші оқытушыға көмектеседі. Салыстырмалы түрде, жоғарыда аталған Босния және Герцеговина елінде де дене шынықтыру пәнінен оқу жоспары мен оқу бағдарламасы шамалас жасақталған [8].

ӘДЕБИЕТ

[1] Pavlovic Ratko, Idrizovic Kemal, Kinov Stefan, Joksimovic Marko. The differences of kinematic parameters long jump between finalists world championship in athletices (Berlin, 2009 – DEAGU, 2011), Slovak Journal of Sport Science, 1 (2), – P. 64-81.

[2] Сейсенбеков Е.К. Спорт теориясы мен әдістемесі. Оқулық. Астана.: Нұрлы әлем баспасы. 2013. – Б. 331.

[3] Pavlovic Ratko, Idrzovic Kemal, Dragutinovic Stanislav, Bjelica Bojan, Joksimovic Marko. Skeletal muscles: physiological-bioelectric and energy features, contraction intensity and strenght, European Journal of Physical Education ans Sport Science, 3 (2), – P.1-18.

[4] Сейсенбеков Е.К. Дене шынықтыру және спорт теориясы мен әдістемесі. Оқулық. Астана.: ЕҰУ баспасы. 2011. – Б. 431.

[5] Yer. Seisenbekov. General characteristics of the research methods of the educational process in physical culture in educational institutions / American Journal of Scientific and Educational Research, 2014, No.1. (4)(January-June). – P. 299-303.

[6] Yer. Seisenbekov, A. Tastanov, G. Abdikarimova. National Games as part of Variation and means of educating young people in the learning process of educational institutions / Australian Journal of Scientific Research, 2014, No.2.(6) Vol. III. – P. 895-900.

[7] Yer. Seisenbekov. The role and importance of Kazakh national games in moral, patriotic and physical education of the rising generation / Scientific Review of Physical Culture. University of Rzeszów. or by e-mail: srpc@univ.rzeszow.pl 2014, – P. 63-67.

[8] Bjelica Bojan, Joksimović Marko, Seisenbekov Yerlan, D'Onofrio Rosario, Perovic Tijana. The effects of pilates programs on motor skills and morphological characteristics of women, Ita. J. Sports Reh. Po. (2018) 5, 2. – P. 1063-1074

Подписано в печать 15.06.2018 г. Формат 210х297 $^{1}/_{8}$
Объем 559 стр. Заказ № 2338. Тираж 100 экз.
Бумага офсетная 80 г.
Отпечатано в Редакционно-издательском центре
КазАТК им. М. Тынышпаева.
Адрес: г. Алматы, пр. Райымбека, 165. Тел. +7 (727) 233-08-37